

ЕРМЕК ҚОНАРБАЕВ

түек



ЕРМЕК ҚОНАРБАЕВ

ТИЕН

Әңгімелер жинағы

Дарын
ко әйлеккүй
алып қылған
б.к. 84.



«ЖАЛЫН» БАСПАСЫ АЛМАТА — 1980

Қаз 2

К 35

Қонарбаев Ермек.

К 35 Тиек: Әңгімелер жинағы.— Алматы: Жалын,
1980.— 192 бет.

Жас жазушы Ермек Қонарбаевтың 1969 жылы «Тұяғ! от», 1977 жылы «Жол басы» атты әңгіме жинақтары жарық көрді. Назарларыныңра үсүнүліп отырган автордың үшінші кітабы да тұтастай алғанда шағын әңгімелерден тұрады. Ол ауыл адамдарының бүгінгі жақсы тұрмысы мен жарқын келбеттің өрнектесуге деген иғі талпыныссымас қуантады.

Қаз 2

К 70303—11
408(05)—80 111—80 — 4702230200

© «Жалын» баспасы — 1980

Төрт жыл бұрын түлеп үшқан мектебіме мұғалімдік дипломмен оралған кезім. Күш-куат мол, білім де жетерлік. Қандай тапсырмаға жексе де жылпылдаң тұрамын. Алғашқы айлардың қызығы мен қуанышы әлі басылыш болмаған шақ. Өртше қаулаған қалпың, лаулап жана бергің келеді. Тіпті кейде ол-пұл қағазбен түртініп үйде отырып қалсам, дүниеде осындағы тыныштық сөт болатынына таң қалғандайсың.

— Аға, өзің қандай тамаша билейсің, біздің балаларға да үйретсөнші,— дегені фой.

Осы сөз түрткі болды — директорға өзім ұсыныс жасап, би үйрмесі ұйымдастырылатынын жарияладым. Белгіленген уақытта мектептің көн залы жоғарғы класс жеткіншектеріне толып кетті. Мен бір сиқырлы дүниеге бастап аппаратындай ішіп-жеп, көздерін менен алмайды.

Әп-сэтте қыздарды бір қатар тізіп қойдым да, оларға қарама-қарсы ер балаларды орналастырудым. Өзім залдың дәл ортасында салбыраған үлкен шоғыр люстрапың астына келіп тұрып, кіріспе сөзімді бастадым.

— Би құдіреті вальсте,— деген алғашқы сөзден кейіннәк би атты ғаламаттың қыры мен сырын біраз жыреттім.

Мұнан соң биге шақыру тәртібін көрсөттім:

— Эрине билесен де билейсін, билемесен де билейсін деп білектен шап беріп, дырылдата жөнелмейсін,— деп бір құлдіріп алдым.

Осы кезде:

— Мұғалім, тезірек биге кірісейік те, өйтпесе интернатта отбой бол қалады,— деді біреу.

Сыңғыраған дауды шыққан жаққа қарасам, онынды класта оқитын Мәнсия екен. Тайсалмай қарайды. Екі көзі жайнаған шоқтай. Қынама бел, ұзын етекті, дөлбөгей, гүлді көйлек киген скен. Мектепте күнделікті киетін формалы қоңыр көйлекпен келген басқа қыздардың ортасында мынау келіс ерекші.

«Отбой бол қаладының» әсері ме, әлде Мәнсиянің шапшаң тілегі ме, әйтеуір вальс үйренуді лезде бастап кеттік. Мұндай жақалыққа, би атты әсемдікке ынтызар бала көңіл құдіретті күш емес не, ә дегеннен-ақ бидің өзіндік тәртібі, жүйесі бар жүрістерінс құлшына кірісті. Біріне-бірі көрсетеді, бірін-бірі түзестеді. Кей жерлерін менен келіп анықтайды.

Топ баланың ішінен маган Мәнсиянің аяқ алысы, икемі өзгешелеу көріне берді. Жәй жүргендеге де аяқты би-дегідей қалқыта басады екен. Әлде гүлді көйлегімен көлбендереп көзге түссе берсе ме, әйтеуір менің көзім де соны тауып ала береді.

Вальстің аттамдары мен дөңгеленісіне бір шама жаттығып болды-ау деген кездес, сінді музыкамен билейтіні-мізді хабарладым. «Міне, аяқты былай алу керек»,— деп Мәнсияні ортага шақырдым да, ұзын залды бойлай дөңгеленіп кеттік. Сүйрік саусақтарын қайқытып, алақанын қымсынбастан-ақ менің алақаныма сәндең жатқызы, тартыншактамай, депесін өркін, кісіге жақын үстайды.

— Өзің үйреніп қалыпсың гой,— дедім.

— Биыл жаз қалада туыстарыма барғанда, паркте көргенім бар,— дейді ол жынып.

Осылай залды бір айналып, сінді ерікті балалардың өзіне бердім. Музыка шалқып, залды кернеп тұр. Екеу-екеу тенселген бишілерге қарап тұрып, студенттік шақ еске түседі. Албырт көңіл қалау еткен қызбен алғаш танысқан кеш... Ол анадай жерде сұлық қана отырды. Қымсына басып мен бардым. Биге шақырдым. Екі бетіне қан ойнап шыға келді де, маған жалт қарады. Сөйтіп таныстық басталды. Сол жолы би жеңгетайлық жасап, дәнекер болып еді-ау... «Би білмесем, бұл дүниес қызығынан макрұм қалғап екенмін-ау»— деп ойлап сідім сонда...

— Мұғалім, балалар тағы бір көрсетіп жіберсе дейді...

Әлгі бір елестен селт етіп залға қарасам, қарсы алдында екі беті алаулап Мәнсия тұр. Сіріңкені жағып жіберсе, тұтанып кетердей. Ләм деместен билей жөнелдік.

— Сізбен билеген сондай жеңіл. Әдемі ыргаласыз,— дейді ол.

— Жаттықкан соң бәрің де солай билейтін боласындар,— деймін мен.

— Біздің балалар доғал. Аяғымды жаныштап бітті,— деп Мәнсия майыса күледі.

Күлгендеге көзі тіпті от шаша жайнап кетеді екен.

Билеп журміз. Залды бір дөңгелеп өтіп, екінші айналымға кетіп қалыптыз. Балалар өзара күбір-күбір, екеу-ара, үшеуара сөзге кірісken. Қөздерімен бізді нұсқайды. «Біздің аяқ алысмызды аңдал би ыргағын іштей жаттап тұргандары ғой,— деп ойлаймын. Балалардың көз қараптары өзгеше үғымды аңғартып тұр-ау дейді көлденен бір түйсүк. Эйтсе де оған мән беруге ықылас жоқ. Би әуені мен балғын Мәнсиянің әдемі де нәзік қозгалыстары тәнті етіп алған.

Қанша дегенмен, муның да шегі бар. Қелесі кезек тағы балалардың өзіне берілді. Шеткерірек барып, қарап тұрмын. Байқаймын, өзімен кластас бір баламен билеп жүр-

ген Мәнсиянің серіктесімен жөні келетін емес. Әрі аттап, бері аттап, тоқтай қалады да, ол жағыз өзі шыр көбелек айналып, би тактыларын көрсетеді. Сөйтеді де, әлгі балапың аш белінен үстай алып, биге икемдеп, қайта сүйрей жөнеледі. Бірақ Мәнсиянің құлшынған ниеті мен құлпырган келбестіне балаң жігіттің ыңғайы орналаспайды. Ыргалып кетудің орныша кібіртікте, бір қалыпты дөңгелене жөнелудің орнына аттап-бұттап, аяқ алысынан жаңыла береді. Ақыры Мәнсия қолды бір сілтеп, серігін ортада қалдырган күйі шекте шыға келді. Өкпелеген жас баладай бұртынып алған. Жалт етіп маған бір қарады да төмен түқырды.

Бұл екі арада біраз уақыт өтіп кетіпті. Баурап алған музыка бойынды бір балқытса, өз құрсауышан жуырмаңда босата қояр ма. Соңда да бүгінгі сабакты тәмамдау керек. Осыны ескертіп, қоштасар алдында тағы бір пысықтамақ ниетпен би дегенге басқалардан гөрі үфымтал көрініп қалған Мәнсияга, қарай беттей бердім. Сейткенімше мені:

— Аға! — деген дауыс кілт тоқтатты.

Жалт қарасам, Нәзкен жеңімсін тартып тұр:

— Аға, маған дүрыстап көрсетіп жіберші,— деді басқаларға естірте.

«Қазақ вальсімен» тәцселіп, билей жөнелдік. Қарындастыма үйде үйретіп қойғам. Аяқ алысымыз саябырси бастаған бір сэтте:

— Сен неге Мәнсиямен әлсін-әлсі билей бересін? — деп ол құлагыма сыйырлады. — Біртүрлі... оғаш. Сен мұғалім емессің бел

...«Қырық үйден тыйым»... — дедім өзіме өзім. Тежеусіз кете беретін лепірмс сезім арнасына қайта түскендей. Бұл күнгі би осымен аяқталды...

Қыстың ерте түскен іңір қараңғылығымен бірге Ержанның үйіне бір көңілсіздік кіре қалды.

Малышы баласы Серік ферма басынан келісімен, домбырасын жібек лентамен иоқталап әлек. «Осы қыста көшө қыдырып, ән айта ма екен?»— деп мұншысын ұнатпай, іштей қыжыртса да, дыбыстап ештене демей, әкесі отыр өзімен-өзі.

Айналы серванттың жаңына орналасқан Бигайша түбіт түтіп, ак ұлпаның ортасына көміліп, іс үстінде.

Диванға жастықсыз көсіле кеткен Ержан:

— Япырай, ә?— деді де аунап түсті.

Сол сол-ақ екен Бигайша да:

— Ештене жок, желікпе, желікпе,— деп бір нықытып таstadtы,— бір үйге бір домбырашы жетеді. Шошаңдама!

— Парторг бала ренжиді-ау енді,— деді Ержан біраз үзілістен кейін.

— Ренжімейді. Үйінен бір домбырашы үйретіп шыгардың. Өзің де біразды шарлап, ойға-қырга шалтың. Домбыраның жетегімен біраз серілептің. Енді жетеді. Бұдан былайғынды мен тыңдал отырсам да қанағат.

— Япырай, ә!— деп Ержан әрі аунап түсті.

Түбітті бүркүратып отырған қалпы Бигайша сөзін соза түсті. Бұғаңгі кештің қожасы өзі, тартынбай сейлейді:

— Бұғаңге дейін бетінен қақсам түу бетіне де. Қырықтың бесеуінен астың. Өмірдің жарты жолы. Элі күншің күлтүндап, жаспен жас бол жыртыладай бермекші, бетім-ау. Сақалы салсиып, шал бол селкілдегенше қылжақтамақ. О тоба, мұндайды да көреді екенбіз...

Бұдан әріге шыдамаса керек:

— Ой, шалы неменесі осының! Қырықтан асқан шал болса ма екен?— деп Ержан диванды селкілдете түрелді.

Ығатын әйел жоқ:

— Отыр әрі әулекіленбей! — деп бір-ақ қақты.

— Қап, мынаны-ай, ә! — дегенмен басқа айтары жоқ Ержан сұлық отырып қалды.

Бұл төңіркте ол атақты домбырашы. Совхоздың домбырашылар оркестрін талай жылдан бері өрден-өрге сүйрелеп жүрген осы Ержан. Сол дағдымен аудандық байқауға бүгін дайындық бастауды үйғарып, уақытын белгілеп қойған. Енді өзі ойда жоқта үй тұтқыны халінде, жіпсіз байлаулы.

Манадан бергі әңгімсің ыңғайы насырга шауып тұрғанын сезген Серік енді әкесіне қол ұшын беру қамына кірісті. Киініп, домбырасын қорабына салып алды да:

— Папа, немене енді, қалдың ба? — деп, шешесіне байқатпай көзін қысып қалды.

Сонсын әкесінің ілулі домбырасына ымдалп көз тастады да, басын изеп, есікті нұсқады.

Бір сәт аңырып отырып, баласының ойласап тұрған әрекетін түсіне қалғап Ержан кенет мұнды дауыспен зарлай жөнелді:

— Уа, дүниес, өткен күн,

Кәрілік құыш жеткен күн.

Қара бура картайып,

Жар басына шөккен күн,— деп сарнап-сарнап басын шайқады,— Иә, қалған екен менен бұл қызық. Мә, әкет мына домбыраны. Колы жүйрік біреуіне үстаратсын. Кәрі дос барсын солай. Қарап отырып құса бол, ауруға шалдығарым жоқ. Тиылдым енді.

Безілдеп жүріп домбыраны Серікке үстатты, қимастықлен сипап-сипап қояды.

Өзге түгіл Серікке де үстаптай эспеттейтін күй аспабынан оп-онай құтыла салмақшы бол тұрған күйеуінің халіне таңданған Бигайша:

— Өй, о несі? Ара-тұра үйде тыңқылдатсаң да тұрсын. Сенен ақы сұрай ма ол?! — деп қалды.

Әйелішіл біршама босаңсығанын сезді де, Ержан қатулы:

— Жоқ, күр күйігіне өртенгенше көзімнен таса болғын,— деді де «зытсаншы жылдам» дегендей баласын итере нұқып қалды.

Екі домбыраны қапсыра құшақтап, Серік шығып жүре берді.

Үй ішін үнсіздік басты.

Домбыра кетті. Енді бұл құрсаудан Ержанның өзі күтқарылуы керек. Репетиция басталғанша бір сағат уақыт бар. Осы үйден Бигайшаны қалай шығарып жіберудің амалын қарастырып, диваниң арқасына бетін берген қалпы, тапжылмай жатыр.

Әлден уақытта:

— Сен есуас болмасаң, тындашы өзін,— деді Бигайша,— анау домбырашылардың ішінде Салиқаның да қызы бар гой. Біздін Серікжанның сол баламен сөзі бар деп естімін. Жастардың өзара әзілі, сыбыр-күбірі болады. Сонда көзін бажырайып, сен де отырмақпышың? Мына алпақ түбітті өзіме аялап әлекке түсіп жүр дейсің бе. Қазір ақ түбіт шәлі мода дейді. Келінге арнап тоқып қоям.

Ержанда үн жоқ. Әйелінің келін жөніндегі жоспары бұған да үнайды. Бірақ дәл қазір бар есі-дерті Серікжан әкеткен домбыраға жету. «Аһ» дегенде көкірегі қарсайрылды. Осынысан шошынып қалған Бигайша:

— Өй, жаманат шақырмай бері қарап жатшы, жарыным. Үнілемек түгіл жай түсірсөң де, теріс қарамашы, шырмға жаман,— деп түбітті былай ысырып, орнынан тұрды.

Газ плитага келіп, сірінкені сылдырлатты:

— Шәй қояйын. Жұз грамм бірдене ішуші ме ең?

— Өзіне!— деп одырая түрекелді Ержан,— онан да көршіден бір атым насыбай әкеп бер. Енді сол өнерді үйреніп, шырт-шырт түкіріп жатайын!

Күйеүіне қарап тұрып-тұрып Бигайша мырс етіп күліп жіберді:

— Жә, болды құйтүркылаңбай. Қиіш әрі,— деді соңсын,— Қырық жыл сырлас болған домбыранды біреуге үстаратып қойып сен жатпассың. Мұржадан шықсаң да кетерсін. Есінде болсын: келін болар балаға ерекшелеп үйрет. Өз тойларында Серікжан екеуі қосылып, қүй тартатын болсын!

Ержан шоқ басқандай атып тұрды. Асығыс-үсігіс киінген қалпы шығар есікке жете беріп:

— Енді болмағанда өзім-ақ кетуге жақын едім,— деді де жып етіп шыға жөнелді.

БАЛЫҚСЫЗ КӨЛ

Серік кетемін деумен кетіп тынды. Малын, жанын, дүниссін үш машинаға тиеп алып, аттанғаны жаңа ғана. Кедір-бұдыр резина жерден қопарып, кекке көтерген шая сейіліп те үлгере қойған жоқ. Сөнген шаланың бықсығандай буалдыр ішінде «шынымен кеткені ме?» деген Беріктің қимастық сұрағы да ілініп тұр. Көше қалтарысынаң бұрыла беріп қылт еткен соңғы машинаның ілгері зырылдаған күшешшек үні әрман асты да «кеткені гой» деген түйсік-жауап бері оралды.

Селтиіп әлі тұрған Берікке келіншегі:

— Жұрт аңтарылып, саған қарап тұр, серпілсекші,— деп женінен тарта сыйырлады.

Бұл есік алдындағы үзынша орындыққа келіп отырғанда, сонысын тосып тұрған көршілер де тарай бастады.

— Бір есеп туыспен алыстан сыйласқан да жөн.

— Қайда жүрсе де аман болсын, өріс қой.

— Шаруа, шаруа деп үйден көп үзамаушы едің, інінді сағынғанда бой жазып, қыдырыстап келуге сұлтау болды.

Бұл — көршілердің Берікке қалдырып кетіп жатқан жүбату сөздері.

Осылай бытыраскан жүрттың сонын ала, Берік үй алдындағы көлге тартты.

Суы әжептәуір тартылып кеткен сортаң көлдің толқыны қыбыр-қыбыр өнімсіз үмтүлсызып созалаң жылжып келіп, жиекке сылқ ете түседі де, еріншектеу, кібіртіктеп кері қайтады. Тулатып, үргылап түрған жойқын күш жоқ. Дәл қазіргі Беріктің көңіл күйіндегі енжар, селсок кейіпте.

Жиекте қантарулы түрған қайықты шыңжырынан босатып алып, ол көл бетіне шықты. Бойды бір сергітіп алайын дегендегі ескекті құлаштай-құлаштай салып, орта тұсқа ә дегенше жетіп келді. Біртіндеп тоқтай қалған қайықты толқын жағаға қарай бүрды.

Беріктің көзі інісінің үйін тауып алды. Терезелері тақтайды мен айқыш-үйқыш шегеленген. Бергі қабырғада «үй сатылады» деп ұзыннан-ұзақ тіркескен жазуды көзі жетпесе де, көңілімен оқып түр. Ағайынды скеуі тізе қосып, бөрснеден қызып салған екі үйдің бірі енді жабық. Қаңырап қалды деген осы екен.

Ағалы-інілі тетелес Берік, Серік жүрт аузына ілігіп кетіп еді. Бірі шофер, бірі тракторшы, бір-біріне қайырымды. Шаруаларын әжептәуір құрастырып тастаған. Отын-шөп дегенді трактормен тасыса, қонақтап, қыдырыстал баратын жерге машинамен бірге жүріп, басқаға тәуелсіз, берекелі түрмисқа кенеле бастаған кездері. Аラларында бір-ақ жас айырмашылық болса да, Серіктің келіншегі Берікті «ағалап», келіндік жолмен сыйылып түруши еді. Балалары қосыла кетіп, ойынды соққанда, екі үйдің алды бір базар.

Осының бәрі, міне, қазір, бір ғана сәтте сап болды. «Келін үгіттеп, төркініне әкетті» дерлік те дәлел жоқ, кошкен жактары мүлде басқа. Сыр бермей, мықтымсызып, жайрандаған раймен аттанып бара жатса да,

кабинаға отыра бергенде, Серіктің көзінен жылт еткен тамшы жасты Берік аңғарып қалды...

Шолп еткен дыбысқа селт еткен Берік «Балық па екен?» деп бір сәт аңтарыла ойланып қалды. Бірақ ізінше ескектердің екі қолда тынымсыз ойнап тұрғанын көріп, шолпылдың себебін аңғарды. Бұл көлде осы қысташ бері балық атты тіршіліктің жоғы есіне қайта түсті.

Балықсыз көл... Осынша шалқар айдынға бұдан артық жаза бар ма екен? Серіктің бұл арадан көшу себебінің де бір үшін осында.

Бір кездерде есік алдына шыға келіп, шырт еткізген түкірігін су бетіне жеттің тұратын. Қөл кемері бұл күндері жарқабақтанып көше жақта қалған да, тартылған су көзге түспес қимылмен жыл сайын кейін жылжып берген. Ат шаптырым күмдақ жер жалаңаштанып шыға келгениң жүрт пазары жаңа аңғарғандай. Шешіне салып, дәл жиекке күмп ете түсетін терсендік жок, суды кіндіктен асыру үшін біраз жер кешіп, тік жүріп барасын. Балалар «мынау гажап пляж болды» деп ашық күмдаққа қуаныса, үлкендер «Терсек көл атанған айдынымыз кеміп қалды-ау» деп бас шайқасатын. Сол күдік көз алдында шыңға айналып, биылғы жылы көлдің балығы құрып кетуімен тынды. «Суы тайыздаған соң, балыққа ауа жетпеген, көл түбіне өсімдік, шөптер көп шығып, қалындаған, соның бәрі алабұғаның тіршілігін қындаратқан» дес-ті білетіндер.

Таң алакөбеден, жұмыстан кейін, жексенбі күндері көл бетінде жыптырап қонақтай қалатын жұз шакты қайық бұл күндері жиекте байлаулы жүйріктей, күн көзіне қакталып, жерге терсіп сінірілген бір-бір темірге телміріп, қатар түзеген.

Осы жүдеу көрініске қатты қиналғандардың бірі Серік еді. Эккі балықшылығына бағып:

— Балық ауламаган соң енді бұл арада күнкөрістің қызығы да жоқ! — деген сөз соныкі.

Шофер болған сон, анда-мында барып келіп жүретін Серік содан бері танырқағыш, талғампаз бір мінез шығара бастаған.

— «Тереңсай» совхозынікіне қарағанда, біздің клуб жер кепе деп келді бірде.

— «Заря» совхозында құрылыш бізден он есе артық. Екі көшө жана үйлерді қатарлап тастапты,— деп мақтады келесіде.

«Біздегідей құдық құлағын бұрап жатпайды, «Октябрь» совхозында су қаладағыдай үйдің ішіне өзі келіп тұр.

Көшслеріне қаладағы сияқты плафонды жарық орнатқан, айсыз түнде самаладай жап-жарық. Біздегідей жарты көшө түнекке қамалыш, бағана бастары қанырап бос тұрған жок»,— деген сияқты салыстырулары жиілеп бара жатты.

Соңғы бірде:

— Қалаға жақын Бескел совхозындағылардың телевизоры тілті анық көрсетеді еken. Біздегідей бұлдырып бұлдырып, сызық-сзызық емес деп келіп еді.

Акырында телевизоры анық көрсететін жаққа көшіп тынды.

Берік бір ретте онымен кызылшеке боп дауласқан-ды:

— Бүгіндері жер кепедей көрініп тұрған клуб, анау төрт жүз орындық мектеп үйі көп жыл бұрын заңғара құрылыш еді. Тың игерушілер лек-лsgімен келгенде, оларға баспа на беру үшін, екі-үш бөлмелі шағын үйлер жөнделдете салынып қалғаны рас. Көшслердің еңсесін солар басып, бүгінгі талғамға деңгейлеспей, сәнін бұзып тұруы да мүмкін. Қелешек жеті жүз бала бір мезгілде оқитын мектеп, мың кісі жинасан сиып кететін мәдениет сарайын бастамақ жоспарды естіп жүрсің. Асыққанмен бәрі бір күнде бола қоя ма?

— Ойбай-ау, өзіміз мінс қырыққа келіп қалдық. Бұл жарты ғұмырын. Мен пенсияға шыққанша Сарай салынады еken деп тосып отырам ба. Онан да сондай Сарайы

бар жерлердін дәмін татып, жасырақ кезде жүріш қалу керек,— болды қарсы дау.

— Үй салып кіргелі екі-үш-ақ жыл болды, біраз қызықтамайсың ба?— дегендес:

— Бескөлде мемлекет үйіне түсем, мына үйді сатам. Ақшасына машина алам,— деді Серік.

Бұрыннан басталған көл анаты бірер күнде-ақ жария болды. Алдымен қыстықуні тайыз жерден ойыла салған суатқа балық кептеліп, жекеменішік сиырлары мүйізін шайқап шыға келгенде ғана осыған көз жетті. Оナン соң көктемгі өкпек жемен шиырышқа атқан толқын өлі ала-бұғаларды жарқ-жүрк еткізіп жағаға лықсыта бастады. Денесін өлімтікпен арылтайши дегендей. Тіпті совхоз басшылары машиналарға күректеп артқызып, шошқалардың бір жұмалық көрегін айрып та қалды.

— Балығы кетті — көл бітті,— деп қалды Серік сонда. Сол күзден бастап «қөшемін де кетемін» жиілей түсті...

Ана шесті мен мына шеті он шақты шақырымдай жерді иемденіп жатқан Теренкөлдің семіз алабұғасы әрі тамак, әрі ермек болатын. Соғым етінен мезі боп, «жылқы еті жок жакқа қөшпесек» деп калжындайтын шалғай ауылдың жігітері балық етін тансықсырап соғып кетіп те жүретін.

Шеңберін әдейі циркульмен ойып алғандай, дәп-дәңгелек көлдің бетін қысқы сұықта да жайлап алатын балықумарлар бүл күнде тыылған.

Мұндағы балық жоққа айналғалы Теренкөлге деген үйірсектік шектелді. «Бағанаты көліне кеттік. Жалтыр көліне тарттық»,— деп кәнігі балықшылар енді кәсіптерін басқа жакқа аударып, жүйрік көлігі барлар алыс түстарға жөнкіле бастады.

Осы қөшкін Берікті секем алғызды. «Тозған тымақтай лақтыра салатын көл ойнышық па? Бір әрекет жасау керек қой»,— деген оймен біршама жүртты үйымдастырып та жүр, Әйттеір босқа қараң отырмаудың қаракеті-

мен бульдозер жүргізіп, қар суы іркілген жерлерден жыра қалап, көлгө қарай ұмтылта, тарам-тарам жол да салды.

Әлі есінде... Сол күні хал-қадерінше қимылдан жүрген бұлардың қасына зу етіл келіп, жатаған «Жигули» тоқтай қалды.

— Уау, көлдерің құрыды деседі ғой, рас па? — дей келді бірден.

Амандығы осы. Қойқаңдай басып, бері беттеп келе жатыр еді.

— Машинаңа қайта мінсен... — деген Беріктің сұсты жүзі кілт тоқтатты.

Жолаушының Тереңкөл апатын жаңа ғана естіп келген сыңайы бар. Сонда да түрпідей сөзі жүректі тырнайды. Аңырып тұрған жолаушыны Берік шынтағымен көтөре-мөтере машинасына қарай дедектете жөнелді.

— Басқа көлдердің адресін білуші ме едіңіз?

— Е, білмегенде... су құрып қалды деп тұрсың ба?

— Енедеше тарт, жөнкіле бер, көшпелі балықшы.

Берік сыртынан серпе жапқан есік сарт етті. — «Жигули» сырғып жүре берді. Тұтіккен қалпы түкірініп бері беттей бергенде, Серіктің жүзінде біртүрлі жұмбақ кейінпен күлкі ойнап тұрғанын байқады.

— Мұндайдың иешеуін күшп таусасың? — деп тұрекен.

— Бәрінен де «көлдерің» деп нығыздағаны батты сөлтіктің. Шетелден келгендей, — деді Берік күйінішті дауыспен.

«Осы не күлкі?» дегендей Серіктің түріне қараң еді, ол теріс айналып бара жатыр екен.

— Не десе де, аннан жырып, мыннан жырып экеп қосқан тамшы суға бұл көл байи қояр деймісін. Бірер жылда томар-томар болып, түбі бір-ақ шыққанын көрерсін, — деп күңкілдеп барады.

Сонда Берік бұл араға Серік шын инетімен келмеге-

нін үкты. Не үялғаннан, ие қаймыққаннан жүрген ғой деп түйді. Осы түйсік жаңына батты.

«Тереккөл күрып кетпесін» деп Берік аудандық газетке мақала жазғанда, Серік:

— Құрыған көлді тілге тиск етіп, қаламақы алуға қызыққан еken дейді гой жүрт,— деп ескертпе жасады.

Бұрын байқалмаған бір кекесін жүзінде ойнап тұрды. Қалай дегенмен балықсыз көлден безіне салуға Берік бармады. Сатқындық сияқты көрінді. Аудандағы балық-қа қамқоршы инспекциямен ақылласа жүріп, су түбінде-гі қалың шөпті жеп құртатын балық түрінің ұрығын көл-ге дарытысты. Кейбір карттардың акылымен көктемде табан балық әкеліп жіберді. «Су тартылғанда, шалышқ-қа кіріп кетіп те күнелтеді» деп мақтаган соң, алыссын-бай, сондай балығы бар суларға барып келіп жүрді. «Көлімізді сактап қалайық» деген әрекетке бағышталған жоспарлары да көп, осынан орайласар жолдастары да көбейіп келеді. Осының бәрі өз көңіліне тірек.

Мана Берік аттанарда:

— Балық аулауга келіп тұр,— деп қалды баяғы әдет-пен.

— Балығы жоқ көлге кім қармақ салмақшы?— деп Серік оқыс бұрылды.

— Балық болады,— деді Берік. Ол көл бетінде ұзақ отырды. Шоршып ойнаған балық тіршілігі қайта басталса, көшіп кеткен ішісі қайта оралып келетіндей.

Беріктін көңіл күйіне ортақтасқандай, көл қеудесі-мен қайықты қозғап, «мен бармын» деген белгісін беріп қояды.

Тапсырманиң мазмұны күмәнді болғанмен, әке сөзін екі етіл көрмеген балаң жігіт Базкен салт мініп, жолға шықкан.

Сол бетінде ол Есілді жиектей қоныстаган бір ауылга келген. Бар жұмысы — домбыраға тиек боларлық Есіл талын сұрап әкелу. Экесі қайталап айтқан — тек қана Есіл талы.

Сұрастыра келе, сол тәңіректегі орман-тоғай күзетшісін тауып алды. Онысы бояудан шыққандай жирен біреу екен, бір топ окушы баламен көлеңкеде карта согып отыр. Аты Жапас екен демесең, өзінше әжептәуір. Маңқия қарайды. Бар адамгершілігі танаудын үшінде. Түйmessіз жеңі салақтаган нейлон көйлекке қара галстук тағып алыпты. Жас шамасы «жастықтың соңын шалғанмен», кәріліктін алдына әлі жете қоймаған қырықтың ар жақ, бер жағы дегендейін қырқылжың мөлшерде.

Бала жігіттің туралап айтқан шаруасын естігендे, «осының есі дұрыс па» дегендей, шақырая бір қарап алды да, серіктеріне бұрылды:

- Сендер не естідіңдер?
- Тұқ естігеміз жок.
- Сендер не көрдіңдер?
- Тұқ көргеміз жок.

— Дұрыс. Бірер сағаттан кейін осы жерде түйісеміз. Қазір бытырандар.

- Балаларды осылай пысықтап жіберісімен Базкенге:
- Қайталап айтшы? — деді.

— Есілдің талынан жонған тиек орнықты әрі берік келеді деген соң, өзінізге келіп едім. Тал кесіп алуға рүқсат сұрайын деп.

— Жүр, үйге кіріп сөйлесейік. Атынды қорага байла көзтүрткі қылмай.

Осы нұсқауды бере сала өзі үйге кіріп кетті. Базкен

келгенде, стол үстінде наң, май, бір шыны арақ жасаулы тұр.

— Ал, кәне, танысып алайық. Ағайын — туғанында дөксійлер бар ма? — деді Жапас.

— Дөкейі немене?

— Дөкейді білмейсің ә? Онда жоқ болғаны да. Уқалауға оңай екенсін... Экесі бар ма?

— Бар. Пенсияда. Бір кездерде ҚазЦикке мүше болғам деп отырады.

— ҚазЦИК-ке мүшесің қаірігіше Жоғарғы Советке депутат деген сөз ғой. Жә, пенсиядағы шал немді киаратар дейсің. Ағаң бар ма?

— Өлеңші, ақын ағам бар еді. Былтыр қайтыс болған.

— Е, «өлі арыстаннан тірі тышқан артық» деген, шырағым. А — кей!

Осынысна түсіне алмай қалған Базкен:

— Экем деп қайтесіз мені, өзіңізден әлде қайда кішімін ғой, дегенде; анау сықылдықтан күлді.

— Баяғыда бір сегізжылдықта ағылшын тілінен сабак бергем. Содан есто қалған сөз журнагы ғой. О кей, жақсы, айналдыруға болады деген сөз.

Ыстық суга бір қайнаш шыққан балық көзіндегі сортаң жанаарын Жапас столдағы тағамға аударды да, келіншегінен:

— Эй, мыналарды жинап ал,— деді.

Өзі:

— Біразырақ тыныс ала қояйын,— деп сымырлауық диванға сылқ ете түсті.

— Ойбай-ау, ағай, менің өтінішім.— деп Базкен күмілжіп қалғанда:

— Е, айтпақшы, сен тиектік тал сұраган екенсін ғой,— деп қайта түзелін отырды. — Кәне, өнерінді көреңін, тартышы ана домбыраны.

Базкен бір күнді сиді быстайл бергенде, Жапас домбыраны жұлыш алды:

— Мұны былай бұрау керек,— деп «Елімайды» сабалай жөнелді де, кілт тоқтап қайта Базкенге ұсынды,— Қәне, әу деп жібер.

Біршама жөндем үні бар Базкен домбыраның жетелдеуімен шырқай жөнелгенде:

— Тұра тұр, тұра тұр,— деп Жапас жабыса кетті,— мына бір пернесін түзеп жіберейін.

Бұдан кейін әнде жұмысы болған жоқ, салаңдаған саусақтарымен домбыра бетін көсеп-көсеп өтті де, салдыры еткізіл, стол шетіне сүйей салды.

— Сен осы шынымен тиекке тал сұрайсың ба?— деді соңсын.

— Шынымен.

— Қой...

— Рас айтам.

— Сықпыртасың қу бала. Қайлалап, тиекті сұлтаурытап, менің қарамағымдағы тоғайға кіріп алды, түзутүзуінен отайын дейсің ғой.

— Ондай ойымда болса бүйіртпасын.

— Тәк, тәк... Обшым былай келісейік. Мен саған тиектік ағаш беруге принципінде қарсы емеспін. Асықпа. Оншақты күннен кейін қайта кел. Оған дейін мен қабыргаммен акылдасайын.

Шаруа бітпейтінін сезген Базкен есіктен шыға бергенде, Жапас қайта шақырып алды:

— Өз-бетімен тиіссен, шраф саламын. Мынаны көрдің бе?— деп шекесін пұскады.

Әлгі екі ортада орман құзетшілігін дәлелдейтін оқалы фуражкасын киіп алған екен. Тесігі түйменін көлеміндей ғана маймак танауы әнтек көтеріліп қапты.

...Үйіне оралған Базкен осының бәрін дәттегендегі, ақесі:

— Тиек деген сұлтауым ғана, балам. Оны мүйізден де істеп қойдым. Жассың ғой, қалпақ астында қампиңип жүріп жатқан осындалларды да біле жүрсін дегенім еді,— деп жыныди.

Трактордың кабинасында екеу. Бірі — тракторшы Жақсылық, екіншісі — шөпші Майқара. Жақсылық — жиырмадагы жігіт. Майқара қырыққа келіп қалған. Жақсылық дәңгелек болбыр бетті, тамағында сәл тыртық дағы бар. Майқара бет терісі сүйекпен сүйек боп жабысқан жылтыр кара. Жақсылықтың көзқарасы байсалды. Майқараның көзі бұкіл әлемді қарман алғысы келгендей тынымсыз, ашқарап.

Екеуі де үнсіз.

Жақсылық көп сөйлемейтін тымырық мінезді, дорал жігіт. Майқара болса әшейінде сөзшең болғанымен, Жақсылықпен әнгіме шертісуге кемсінеді. Баласынады. Оның үстіне келе жатқан шаруасына мазасызданып, тықыршуда. Жақсылық та бір жағынан:

— Сен мана ауылдың сыртына тиіп қана түр дегенің қайда, қашан жетеміз? — деп тақақтай береді.

— Эне, эне бір шоқтың ығындаған, — Майқара көз үшінда бұлдыраған ағашты сілтейді. Жақсылыққа ісі түсіп отырғандықтанғанған Майқара мәймөңкелеген болады. Әйтпесе оны өзінің тырнағына да тенемес еді.

Жақсылық жесір әйелдің баласы. Жетінші класты бітіріп, одан әрі қарай оқи алмаған. Жұмысты тері бүркырап, тындыра істейді. Бір-екі бас малы бар.

Мұның жанында Майқара — белді шаруа. Торпакты сиыр, тайлы бие, кой-ешкі, каз-үйрек... Қыскасы кішігірім ферма. Шаруашылықтың қыбын осылайша келтіре алмағанды жігіт деп, тіпті адам деп санамайды, Майқара. Әйтеуір күн көріспен көлеңкесін сүйреткен күйс кеуде деп есептейді ондайларды. Майқараның бағалауыша, Жақсылық та дәл осындаілардың бірі.

Жақсылық болса Майқараның мінездерінә әбден қанық, сонысына қарай оны ішін құрт жайлаған мерезеге

санайды. Сөйлесе қалса, пікірлері үйлеспей екеуі екі жақтап шәлкес тартып кетісерін біліп, көбінесе үндемейді. **Жақтырмағандыктан үндемейді.**

Казір қыс қамымен Майқарада дамыл жоқ. Бригадирдін аузын алып қойған. Бұғін жұмыстан соң Жаксылықпен келісіп, шөпке келе жатыр. Жолы түссе тракторға тіркелген салдырлақ темір арбаға тиеп әкелмек.

Жаксылық кісі бетін қайтармайтын көнілшектігіне салып, тиесуге келіскең.

Майқараның «әне жетсіміз, мінс жетеміз» деп қиянға тартып келе жатқаның да себебі бар. Осы бұрыс-бұралаң түкпірде дер кезінде шабылып, жиналған кебу шөп маяларын билетін. Сол жерлерге совхоз қолы жетіп үлгергенше қамтып қалмак.

— Көне қасысына тоқтаймыз? — деді әлден уақытта **Жаксылық.**

— Тұра тұр, — деп секіріп түсken Майқара топ-топ маяларға қарай жүгіре жөнелді.

Жалмажан шөпке қолын тығып жібереді де уыстап суырып алып іскейді, аударып ақтарып қарайды. Сонсын айнала жүгіріп маяланған шөптің шамасын шолады. «Така жаман емес, іші көкпенбек. Бірақ ана бір қыста алғаш маяланған көк шөп бар еді. Соган бару керек» деген оймен **Жаксылыққа** келді.

— Ана бір қалтарыска барайықшы, соның шөбі нәрлірек еді.

— Шөп те шөп, бәрібір емес пе?! Не таңдау бар, әйде көрсет біреуін, артайық, — деп **Жаксылық** көнбеді.

Майқара:

— Корана мал бітіп көрмеген сен не айыруши ең? — деп қалжындаған еді, **Жаксылық** оны тыңдаған жоқ.

— Көне, тездет, күн сікейіп барады, — деп асықтырды.

— «Әй, шірік неме-ай!» — деп ішінен кіжінді Майқара.

— Қайдағы бір жөнсізіне тоқтадық-ау, — деп күцк-

күнк етеді. Бөлек-салак киімдерін шешіп, женілденген екеуі лыпылдатып шөпті арбага тией бастады. Бірақ төбеде тұрған Жақсылықтың шығысы Майқараға ұна-майды:

— Эй, бүйірі қушиып кетті. Ойбай-ау, артын тартып әкеттің!— деп қақсап, байбаламдап жүр.

Оның осылай бәйек болғанын қызық көргендей мәз-мәйрам болған Жақсылық:

— Иә, немене өз артысыңдай боп кетті ме?!— деп сақ-сақ күледі.

Бұған Майқара ештеңе демейді. Әйткені совхоздың шөп жұмысында ол үнсімі төбеге шығады да, жаңын он-ша қинамай, серіктепінің айырлап әперген шөбін түскен жерінде айырмен бір үршіп қойып, аяғымен баса береді. Осындай әдіспен үп-үлкен машиналарга шамалы ғана бір өгіз шана шөп қауқып артылады. Әйтеуір машина саны болса болады, салмагына қарайтын Майскең жок.

Басқа бір жерде болса:

— Мен сені білемін!— деп шеке тымыры одырайып шыға келер еді, қазір өзі оған жалынышты болған соң олай дей алмады.

Тек:

— Эй осы күнгінің жастары-ай,— деп басын шайқады да қойды.

Әрі-беріден соң биікке Майқара өзі шықты. Ұқыпты, өзімшіл қол қанша дегенмен шөпті кірпіштей ғып бас-қылап, едәүірін сінірді. Әлі осынша артса да, сия беретін. Жұмысқа шыныққан Жақсылықтың өзі терлеп-тепшіді.

— Болмай ма енді?

— Енді бір-екі айыр тастанап жібер. Әне бір көктеу жерінен.

Осындай сөздер бірнеше рет қайталапып, ақыры бас-тырық та басылып болды-ау әйтеуір. Қағынып, сілкініп, бір-бір темекі тартысып алған соң Майқара:

— Ал енді сәтін салса жүрейік,— деді.

- Жоқ жүрмейміз.
- Немене дейді? Түсейміз бе әлде?
- Ұста ана айрыыңды!

Майқара ац-тац. «Мына былжыраган неме не былықтырайын деп тұр? — деп бір ойлады да ізінше, — «Ә, білдім, бір екі айыр тағы да тастап жіберсек деп тұр гой мұның» деген ой сарт ете түсті.

- Мұнда кел! — деді Қақсылық.
- Ал келдік.
- Келсөң мына шашылған шөп не болмақшы?
- Не болушы еді жатады осылай.
- Жоқ жатпайды!
- Е, жатпаса, желмен ұшады.
- Жоқ, ұшпайды. Жинаимыз.

— Ойбай-ау, шырағым-ау, есін дұрыс па өзіңнің?
Жүрттың бәрі артқаннаң қалғанын жинап жүр дейсін бе?

— Жүрттың не істегенін білмеймін. Менімен келушілер осылай. Шашылған шөпті тәлтіштеп жинап кетеді. Ертең совхоз малына шөп керек бола қалса, қар астынан тыриналап іздемекпіз бе?

- Өй жина ендеше өзің?

Осыны айтты да Майқара анадай барып, шылымның тұтінін будақтата шошиып отырды. Сосын есіне бірдене түскендей ұшып тұрды да:

— Айтпақшы сен әлгі комсомол шығарсың-ау осы?
Бәсе, бәсс комсомолдар өстеді. Қәне, қарал тұрайын, қандай өнеге көрсетер екенсін? — деп қиқ-қиқ күлді.

Оның бұл қажауын естіген Қақсылық шашулы тұрған айырды жұлқи жұлып алды да, шапшаң өнімді қимылмен ағыл-тегіл шашылған шөпті жинай бастады. Элгінде ғана тер моншақтап қалжыраган жігіттің денесі зорайып, бойы өсे түскендей, адудын, асқақ қимылдайды. Желпілдеген кек шөп оның екпінінен үркіп өзі барып үйіліп жатқандай. Маңайын қырлап, тырнауыштап тазалай, үйілген шөпті айырдың сыртымен бастыра-бастыра үршіп, үрпигендерін басты да:

— Міне, комсомолдар өстеді! — деді. — Ал отыр кабиңага! Комсомолдың не істей білетінін тағы көрсетейін бір...

Кекесін күлкісін езуінде сақтаған Майқара:

— Осындай босқа қызыл май боп жүргендерді аяймын! — деді «Белорустың» кабинасына отырып жатып.

Әдеттегісінші қатты жұлқынып қалған трактор ытқи жөнелді.

Бұлар ауылга жақындағанда күн де батуға таянып қалған. Қотанға кіре берсе Жақсылық Майқара үйіне беттемей, ағызған бойы бөлімшенин шөп қорасына қарай тартты. Мұнысы иссі? — деп алғаш азырып қалған Майқара Жақсылықтың ойын түсіне қалды да:

— Өй, жаман неме. Э-ә, қарагым, айналайын, қояйық енді өкпені. Тым кекшіл болмасаң қайтеді соңша? Бұрылыш үйге, бұрылыш. Аракқа тойғызайын. Кенірдегің-нен келгенше құяйын. Тіпті өзіне де ақы төлейін, — деп жанұшыра жалынды.

Трактор бұрылар емес. Жақсылықтың беті бұлк етпейді.

— Үстемс төлейіш, сұрғаныңды берейін. Үйге апарып төңкерші тек.

Болмаған соң Майқара рульге жабысайын деп еді, Жақсылық қолын қагып таставды. Эне-міне дегенше, бұлар автотаразыға келіп те қалған болатын. Таразы тақтайы ауыр жүктен ығысқандай ырғала солқылдан барып тынши қалды.

Өлшегенде шөптің салмағы жиырма центнер шықты. Майқара анадай жерде қыбыжықтап тұрған. Жақсылық келді де:

— Міне, жолдас Майқара, сен он-ақ центнерге ақша төлеп, жиырма центнер шөп әкелмекші болдың үйің! Комсомол мұны көре тұра көрмеді бола алмайды. Ол казір тракторды айдал базаға кіргізеді, совхоздың жемшөп есебіне мына шөпті қосады. Міне, комсомол өстеді.

Майқараға бір қора малы қырылып, апалан-топалаң түсіп жатқандай көрінді. Ыза әрі дәрменсіздікten деңесі қалтырап, көзі ақшан-ақшан етті. Селк-селк еткен қолы айырдың сабын мытып, уатып жібергендей.

Жақсылық ауланың қақпасын ашып жатыр. Осы сәтті пайдаланып қалайын дегендей, Майқара шөптің бүйір тұсынан айырды бойлата сұғып жіберіп, бар күш-қайратымен оны әрман итере бастады. Қуніне ои машинаның төбесіне шығып шөп артқанда шықпайтын тер эпсәтте шекесінен соргалап, бүкіл самайын жуып кетті. Аузы әнтек қисайып, көзі қанталап барады. Ентіккен қеудесі сыр-сыр етеді, арба-марбасымен тракторды қоса аударып тастамақ. Бірак болмады. Өз қолымен табандатып артқан жүк қара зілдей тапжылмады, жігерін қайтарды. Амалы бітіп кейіп шегінген Майқара айрын серпе лактырып жібергенде, трактордың теміріне барып шақ ете қалды. Қалш-қалш етіл, шөкип отыра кетті. Ол казір енгезердей Майқара емес, жер бетінде бұққан кішкене ғана қара танба нұктесі сияқты еді.

Трактор бұлқына тартып қақпадан өте бергенде, бір айыр шөп жалп етіп жұлышып түсті.

БЕС

Бесінші кластағы кезекті сабағыма келе жатырмын. Әдестегідей, тарих кабинетінің есігін ашып, ішке кіре бере, менің көзім алдымен скінші партада отыратын Қайсаға түседі. Окушы қауымда қол көтеріссіз-ақ дағдыға енген тәртібі бойынша, сабакты нашар үлгеретін балалар қашанда жайлайға көшкендей ығысып барып, соңғы жақта жайгасатын. Бұл, әрине, шетінірек отырсам, мұғалімнің көзі түсө қоймас деген алдамышы қорғаныс.

Ал Қайсар болса бұл ережені ортап белден бір бүкітеп, қасқайып мұғалім столының қарсы алдында отыр. Әлде класс жетекшісі осылай үйғарып, сол шешімнен бұлтара алмай жүр ме, әйтеуір оку жылы бойы Қайсардың қонысы осы белгілікті жерден жылжыған емес.

Оқытушылар арасында Қайсар туралы «соны қойшы әрі» деген пікір орын теуіш қалған. Тоқсан сайын екі мен үштің арасында қалқып жүрген Қайсар бұл қауымның көңілін әбден тоздырып болған. Директордың «оқушыға қойылған екілік — мұғалімнің өзіне қойылған баға» деген ескертпесі бар. Сол себепті «әрі тарт, бері тарт, Қайсаржанды бұлғаңдат» дегендей, олай-бұлай тербелтіп, шайқап-толғап, жыл аяғында кілен үшті шұбалтып, келесі класқа көшіре салады. Оның үстінен тентек, бұзық мінезі болмағаны дегенмен мұғалімдердің көңілін жібітеді. Осылай елбессіп-сельбессіп келе жатқан Қайсар бұл.

Міне, екінші столдың тереze жағында мықырайып, тұқырайып Қайсар отыр. Оның да кішкене стол астына жасырып қойғандай, қылқынып басығана көрінеді. Оның қашанғы әдеті мұғаліммен көзі түйісіп кетсе-ақ жалтетіп тереze жаққа қарай қояды. Осылай сабак басталып, ол сабак аяқталғанша қыбыжық-қыбыжық етіп, өз-өзін пысып отырганы.

Мұғалімдер өз арасында Қайсарды кейде — «кішкене шал» деп те атайды. Алдында жас баланы мүнша корлауға бола ма екен деп қыстырып жүрсем де, көзім үйрене келе, оның бейнесінен осы атауға үйлес белгілерді аңғара бастағандаймын.

Алдымен Қайсар ішкіш әке мен шешенің баласы. Арап қызы бойды алып, алабұртқан есалаш кездे құрсаққа біткен жансың гой деген күдік көңілге келеді де тұрады. Бір бөлмеде отырган өскелен, бойшан, балғадай берік, шымыр балалардың ортасында Қайсар кіп-кішкене, жіп-жіцішке тыриктай кейпімен ерекше көзге ұрады. Шыжыған антапта ерте құсып, семін қалған дән сияқты.

Саусақтары бесіктегі нәрестенікіндей ғана, жіңішке, тырбық. Мандаидында сыйылшп түскен әжім бар.

Анада Қайсардың әкесін бір көргенім бар. Қезі ойнақшып, сіріцке тартсаң жаңып кетердей бол екі беті дуылдап тұр екен:

— Біз малдамыз. Құні бойы салпылдағаннан уақыт жок. Сен мұғалімсін, сол үшін ақша аласын, тәрбиеле, оқыт, үйрст,— деп тұрған Қайсардың класс жетекшісіне.

Оз сөлінде өзі қайнаған баланың бүгіндері халі осы болатын. Мені де талай қалжыратып келеді бұл Қайсар. Сабак сұрасаң, ыңқылдап-мыңқылдап бірдеме айтқанынын өзіне кейде мәз бол қаламын. Қебіне ол қызылықтап үнсіз тұрады.

— Ўіге берген тапсырманы оқыдың ба?— деймін сонда.

— Оқыдым,— дейді ол сыбырладап.

— Оқысан, неге сөйлемейсің?

— Мен бір-ак рет оқыдым.

— Екінші оқып шығуға шыдамың жетпеді ме?

Ол иығын қиқан еткізе түседі. Әңгімеміз де осымен тәмамдалады.

— Сен тым құрығаңда бір рет дүниенің борік ұмытта көзіңді тас жұмып, тек қана бүкіл әлем, халықтар жүріп өткен тарихқа берілші. Сонда бұл ғаламат ғылым екенін түйсінер едін,— деп те көрдім бірде.

Қайсарым қипақ-қипақ етіп, маған қымсына қараң тұра берді. Әрине, бұл сәтте ол тарих туралы ойлауды миына тоқып тұрған жок еді. Оның бар кейіпінде «Айтып болдыңыз ба, онда мен орныма отырайын» деген ғана мүләйім тілек бар болатын.

Бүгін де кәнігі тәртіппен класс журналына сабак тақырыбын жаза отырып, томсарып-томсарып отырган балаларды тез шолып өттім. Үйреншікті орнында бүгін көрінбеген бір-екі оқушы да белгіленді. Ал Қайсарға көзім түссе, оның бүгінгі отырысында бір өзгеріс барын аңгардым. Бұрынғыдай терезеге жалтақ-жалтақ карауды

қойып, менің әр қымылымды аңдитын сияқты. Жанаарын тайдырмай тіктеп қарайды. Қаймығынқы жуас көзқарас жок. Мойны үзара түскендей, екі иығы да стол жиегінен көтеріліп, Қайсар бар болмысын маган көрінеу тосып отырғандай. «Бұл неткең құбылыс?» деп ойладым да қойдым.

Сабак жүргізудің қалыптасқан машиғы бойынша, өткен тақырыпты қайталау керек. Сол ниетпен балаларға сұрақ бермек боп аузымды аша бергенде, менің бұл максатымды аңғарып қалғандай, Қайсар кішкене қолын селт сткізіп көтере қойды:

— Ал, иә? — дедім мен оған тіксіне қарап.

— Мұғалім, мен бүгін білемін, — деді ол.

Орнынан созаландау тұрса да, бет жүзінде бұрын көрінбей жүрген бір табандылық бар.

— Иә, нені білессің?

— Қырық тоғызының параграфтың екі тақырыпшасын жатқа білемін, — дейді Қайсарым.

Сөйлесіп көр енді. Сүріндірмек оймен бір сұрақ бердім:

— Сен әзулі сол параграфтың жалпы атын аташы!

— «Спартак бастаган құлдар көтерілісі», — деп тық сткізді Қайсар.

«Мынау бір қызық болды гой», — деп ойладым. Осы бір сәт маган мысық пен тышқан ойнына ұқсап кетті.

— Ал, ендеше, балалар, Қайсарды тыңдайық, — дедім.

Үнемі төрт пен бес тің арасында шалқып жүрген ерке Бораш «осы не бітіре қояр дейсің» дегендей маган жарамсақтанда жымия қарап қойды. Сірә, мені құлық жасап түр деп түйсө керек.

Бірақ сырт әсерге мән берген Қайсар жок. Спартак көтерілісінің басталуына түсіп алды да, төмен түқырған күйі тізбектей жөнелді. Іркілмей сөйлеп түр, төгілтіп айтып жатыр. Спартактың қасында жүргеннен кем емес. Қей жері жаттанды кітап сөздеріне ұқсап жатса да, не-

гізгі сүресі дұрыс. Балалар да танқалған кейіппен тыңдалып қалыпты. «Мына жаманды қарай гөр» дегендегі кейіннегінде антарылу бар.

Біраз уақыт еркін сөйлеген Қайсаңдың баяндауында «әлгі, анау, нетіп» деген сияқты қыстырмалар да қосарланып жүріп жатты. Сонда да түсінігі дұрыс. Ол жауабын аяқтай бергенде, балалар дүр ете түсті:

— Мұғалім, ар жағын сұраңызы, бұдан кейінгісін білмейді,— деп қалды Бораш.

Бұл тақырыпты әрман қарай қазбалап сұрай қалсам, шикілігі шығып қалатыны маған ап-айқын. Бірақ іштен тебіндеген бір түйсүк бұған жібертпеді. Айтарын айтып болып, терезе жаққа қайқая карап түрған Қайсаңдың бүтінгі келбеті басқаша шешімге итермеледі. «Мүмкін оның үшін лепірме көңілі өміріндегі оқыс бір бұрылыс болса ше?!» деген ойдың жетегімен:

— Япымдау, Қайсаңжан-ау, сен бұрын қайда жүргенсің? Тіпті өзің бүртүрлі құбылып, сайрап кеттің гой. Экелші күнделігіңді, бес қойып берейін,— деп желліне сөйлемдім.

Қызырақ-қызырақ етіл, күнделігін алып жеткен Қайсаң журналға баға қойып жатқан менің қаламымнан көз алмайды. Элі сенбейтін сияқты. Күнделікке айтылмыш баға бұлжымай түскен сәтте сол жақ жамбасына көлөгейлеп, бес саусағын балаларға көрсетіп жатыр. «Уа, аруагыңшаң айналайын, Спартак»,— деп қоямын ішімнен.

Жаңа сабак түсіндіргенде, Қайсаңым жолдастарына коқилана қарап, тіпті біреулерді жекінен, шашынаштартып қалып та отырды. Кейде «Қайсаң» демей-ак көзкараспен тәртіпке шақыруға да тұра келді.

Коңырау соғылып, сабак біте коридорға шыға бергенде, көз ілесспес қимылмен Қайсаң маған ере шыкты.

— Аға,— деді ол ұян дауыспен.

«Аға» деген қандай жылы сөз. Қілт токтай қалдым.

Маған үялшактап таяу келген Қайсардың қолында «Спартак» романы.

— Аға, мен мына кітапты да бітіруге жақынмын,— деді ол.

Бұрын қашқалақтап мұғалім атаулыға жуымайтын Қайсардың бүл сүйкепісін жақсы нышанға жорыдым.

— Сен былай ет, Қайсар,— дедім оған,— Андағы кітапты оқып шық та, келесі сабакта бәрімізге қыскаша мазмұнын айтып бер. Сенен қызығып, басқалар да оқи-тын болсын!

— Жарайды, аға! — деді Қайсар.

Сірә, оның сөз корында «әлбетте, міндettі түрдес» де-ген сөздер әлі жоқ болар. Не дегенмен оның үнемі кай-мыға қарап үйреніп қалған мұсәпір көзінде жылт еткен бір сәуле менің кеудеме от тастағандай болды. Кішкене бойы жіті теңселіш, қойқаңдай жүгіріп бара жатқан Қай-сарға біраз қарап түрдым да, мұғалімдер бөлмесіне кір-местен, далага шықтым.

Куанышты көңілден де жүрек лұпілдейді еken-ay. Қектем лебі ескен жұмсақ ауаны жұтып тұрмыш. Енді біршама күннен соң сең бұзылып, Есіл таситын болар, сірә...

КІТАП БАЗАРЫ

— Көрші, мал-жан аман ба? Мейрам құтты болсын!

— Е, бірге болсын, асыққаның не? Мейрам ертең емес пе?

Таңғы шайдан кейін Бәкен, Жәкен екі көрші осылай жолығысты.

Бәкені ұзын-тұра, алакөз, имексары да Жәкені бал-шық бет, тышқан көзді, мықыны шалбар ұстамайтын мақар. Екеуі де ішкіш. Қелденең таба алмаса, екеуі бірін-бірі қажап, жарты-мартыны «іліп тастай салатын» әдеттері...

Жұрт арасында Жәкен туралы мынадай әңгіме де бар. Совхоздың директоры мұны шақырып алып, жақсылап бір сәйлеспекші болады да:

— Бәкен, осы сен араққа қалай қарайсың? — дейді.
Сонда Бәкен:

— Е, мен араққа қарамаймын. Алдыма келе бергенде көзімді жұмамын да жұта салам, — деп салыпты.

Жәкен де бойы кіші болғанмен, ішерге бөшке. Бәкен қызып алса әлек салуға құмар да, Жәкениң қаснеті сіміріп-сіміріп столдың астына сұлай кетеді, не далага шықса жеткен жерінде қалады. Бір күні інірде Жәкен-нің кішкентай баласы қораға шықса, бірдене қыр-қыр етсе керек. Жас бала қорқып кетеді де үйге келіп:

— Апа-апа, қораға шошқа кіріп кетілті, — дейді.

Шешесі шам алып шықса, бұрыш жақта корылдап Жәкен жатыр екен...

— Бүгін кітап базары десседі ғой, — деді Бәксен.

— Иә, бұл не жаңалық? Барып көреміз бе?

Орталыққа қарай селсок жылжыған екеуі ара-тұра мұндасып алады:

— Осы жұртың кітап десе несі бар? Не мал бол көбеймейді, не нан бол ауызға түспейді. Әнеугүні анау төрткөз Қабен бір кітапты іздеп қалаға шейін барып кайтыпты ғой. Сорым-ау десенші.

— Соны айтам. Дүниенін бар кереметін сонда жинап қойғандай тұмсығын тіреп алып бұлк етпейтіндері және бар ғой. Өзім қонақ келгенде қол сұртуғе керек қой деп бір-екі газет алдырып тұрамын әйтеуір.

Екеуі осылай сылбырлау басып, жайланаңып келе жатқанда, «кімді айтса сол келеді!» дегендей бұларга Қабен көздесе кетті. Қолтығында толған кітап. Қөзілдірігін колымен түзей салып, жүгіре басып келеді.

— Сәлем бердік. Жол болсын. Базарға бара жатырсындар ма?

— Э, не... Е, барса қайтеді! Күнә бола ма? — деп Бәкен тоңқ ете түсті.

— О не дегеніңіз. Барған дұрыс әбден дұрыс. Жұрт көп. Құндеңгідей бірі келіп, бірі кетіп жатқан емес, үймежүйме,— деп Қабен жыпылық-жыпылық етті де, кеңет жұқалаң өңі қүренденіп шырайлана қалды.— Кітап са-туши қыз қандай тамаша десеңіші!

— Ірбітten келген біреу ме екен соншама?

— Ірбіт-шірбітіңізді қайдам. Әйтеір бұлдірген бе дерсін! Бір сөзі үшін бір-бір кітаптан ала бергің келеді. Үйдегі қалған құтқан ақшаны алып қайта келмесем болатын емес.

Осыны айтып Қабен жөнеле берді.

— Мынауында ес жоқ қой,— деп екі көрші мырсымырс күліп, анау алыстаганда карқылға басты.

Едәүір күлісіп, көзден аққан жастарын сүртісіп токтала бергенде Жәкен жолдасын түртіп қалды:

— Ана қара!

— О немене?

— Сауыншы Сақышты айтам. Оған не жоқ. «Сақыш» деп қолын әрең қоятын сабазың, бұл да кітап әкеle жатыр.

Қасына он жасар ұлын ерткен Сақыш бұларға қатарласа берді.

— Ия, Сақыш, аман ба? Олжаң көп қой өзі.— Жәкен оның қолындағы кітапқа қол созды.

«Сырдың сүті тілінде» деген кітапша екен. Сақыш қысылған жоқ:

— Олжам аз емес. Дүкенде тұрған сіцліме әнеугүні бір келгенінде қынқ етіп едім, ұмытпапты. Алып кетсін деген соң келгенім гой.

— Ім, солай де,— деп Бәкен құлагын қасып қойды,— саған оны да бір, солы да бір, теріс аударып-ақ оқи беретін шыгарсың?

Сақыш мұның қекейіндегі кекесінді сезсе де:

— Е, өзім хатқа жүйрік болмасам да, зерек өскен үлым бар емес пе?— деп шын жауап қайтарды.

— Сөйтіп ғалым боламын десеңші.

— Болса қайтеді. Фалымдық құдай садағасы дейсің бе?— деп Сақыш шарт кесті де Жәкеннің қолындағы кітапты жұлып алып кетіп отырды.

— Япырау, бұл жұрт неге мөнкігіш бол кеткен?— деп Жәкен ыржып Бәкенгес қарап еді, анау күлгеп жок.

— Фалымдық құдай садағасы дейсің бе?— деп Сақыштың сөзін қайталады да басын шайқады.— Ой, алла-ай, ә!

Бәкен ілгері баспаған соң Жәкен де бір орынды таштаған дөнгелене берді. Бәкеннің әшейінде ойнақшып тұратын ала көзі шарасында қатып қалған сияқты. Анидай жерде дүкен үйі тұр. Кіріп шығып жатқан көшшілік: бір тоң бала бірінің кітабын бірі көріп үйіріліп тұр. Жұрттың ыбыр-жыбырының өзі-ақ қызықтырығандай.

Бәкен әлден уақытта:

— Эй, осы біз қайтсақ қайтеді?!— деп Жәкенге қарады.

— Е, неге?

— Сол. Осы базар бізге абырай бермейді.

Дүкен үйі сиқыр сияқты тартыл тұрса да көршішің көңілін көп ойлайтын Жәкен егжей-тегжейлемей-ақ көне салды.

Екеуі кері айналып кете бергенде:

— Ей, кос боздақ, тоқтай тұр,— деген кәрі дауыс бүйірден қосыла кетті.

Жәкен баяулап тоқтай беріп еді, Бәкен оның жерінен тартып сүйрей жөнелді:

— Тентек шал ғой. Естімеген бол жүре бер.

— Ана-мына деп мазаны ала береді. Құдай біледі, ол да базардан келе жатыр.

Бұлар адымдарын керінкіреп зыта берді. Сөйткени болған жок, бірдене сарт ете түсті. Бәкен ыңқ етіп беліп үстай алды да:

— Ойпырмау, о несі!— деп артына бұрылды.

Тентек шал да таяп келеді.

— Эпер ана таяғымды!— деп ақырып қалды.

Жәкен жымпың етіп жерден көтеріп қақ таяқты қолына үстатканда.

— Ал енді естідіңдер ме? — деп мұртынан күлді шал. Бәкен белін сипап қойып, тыжырынды.

— Естідік қой...

— Солай болар. Біріңе бірің сүйеніп селеңдегенше дүкенге неге бармайсындар?

— Е, онда не бар? — деп Жәкен білмегенси қалды.

— Не, не бар? Бәрі бар. Ең керегің бар! Кітап бар! Білмел пе едіндер?

— Жо-жок, білгеміз жок.

— Соқ шіркін. Менен басқага айтсаң бір сәрі. Бір тоқтап, бір жүріп арындаған келе жатқандарының мана көргем. Пай-пай, жазғаштар-ай! Қырыққа жетпей қиқып-сикып жүрген тұрлар ішін. Жұн-жұн боп. Алпыстан асқан менен жамансындар. «Тең тенімен, тезек қабымен», мен өзімнің Абайымда экеле жатырыны. Іздесендер сендерге де тең табылмай ма?

Осылай біраз үрсип-үрсип алды да, «тентек шал» атанған Рахым мейірлене күліп, жүре сөйлеп кетті:

— Орталыктан әдейі бір қызы келген екен. Жұғымдысы-ай деймін өзінің! Лайық жігіт болса келін гып алатын шіркін! «Ата қайсынын қалайсыз?» деп бірнеше кітапты жайды да салды алдыма. Қоз деген жүгіріп кетті. Сонсын «қарагым» ғашықтық туралы окуға қартайдық, бозбала күнді еске ал деп бірдене үсынбасан. Фылыми дүниелерді окуға сауат жок. Біздікі кәрі күйбец гой, өзің біл. Осы лайық деп үсінсаң бірін алайық», дедім. Эрі шыным, эрі сынайын деймін де. Сөйткенде: «Ата, дос пен дос кездескендес төс тақасып, құшақ айқастырады гой. Абайынызды сагынбадыңыз ба?», — дегені гой. Айтар сөз қалмады.

Бірі сөйлеп, қалғандары тыңдай жүріп Рақым үйінің алдына жетіп қалғанда, тентек шал кілт тұра қалды:

— Сендер неменеге сөлпендей келе жатырындар?

Бәкен, Жәкен анырайысып қалды:

— Сіздің қасынызға еріп...
— Е, менін қасымда бал тамып тұр ма екен. Барыңдар кітап базарына!

Тентек шал үйіне еніп кетті. Бұл екесуі қалтының тагы тұрды. Біріне бірі қарады.

— Сен кімдерді білесің?— деді Бәкен көршісіне.

— Е, кімді білуші ем, сені білем, сосын...

— Жок, ақын-жазушылардан деймін.

— Эркімдерден Шал ақын, Асаубайлардың біраз сөздерін естігем. Сонын әлгі білем, кім еді сол, мектепте бала кезімізде оқып ек кой! — Жә, шамамыз бір екен. Мына қалпынызбен кітап саудалау да үят-ау. Сонда да қайтеміз... Жұрт көзге шүкі берді ғой. Барып көншеп бірге болайык. Сенде тыын-тебен жағы бар ма?

— Төрт сом қырық екі тыын.

— Бір жолға бұл да жарап. Кеттік.

Екі көрші дүкенге қайта аяқдала келе жатқанда соңдарынан Қабен қуып жетті.

— Ойбай-ау, сіздер әлі жете алмай жүрсіздер ме? Қандай шабансыздар!— деп, қолтықтарынан алып сүйрелей жөнелді.

Бәкен де көнілсіздеу қалжындаған болды:

— Иә, шырагым, шабандық бар еді. Қамшысы та-былмай жүрген ғой. Енді пысымаса болатын емес.

— Э, бәсе,— деп Қабен қуанып кетті. — Сіздер біле-сіздер ме, осы қызды бізге дүкенші бол қал деп үгітте-сек қайтеді, ә? Қалай дейсіздер?

— Жүр, жүр, үгіттейік,— деп Бәкен, Жәкеп жымыңжымың стіл бір-біріне қарады.

«Танертең егіп себуді бастаймыз, соның салтанатына жиналыш рәсімі болушы еді. Малшылар атынан бір-екі ауыз тілектестік білдір», — деген бөлімше бастығының сезімен Төлебай уәдслі жерге мотоцикл мініп, ертелете жетті. Бірақ әзірге жиналыштың исі сезілмейді.

Жалғыз өзі состының, жап-жагына елеңдеп тұрган Төлебайға сонау жерден салтатты есепші Жарылғап тепендей жетті. Қүн желкем болса да, жиегі ирек-ирек майырылған шляпа күй алышты. «Ассалаумагаләйкүмді» ат үстінен айтты, ат үстінен созыла еңкейіп кеп қолдасты. Қырыққа жетер-жетиссінде ерге өңгерген қарыны бар, соны ауырсынатын сияқты. Еріншек сәлемге жауап берे тұра, Жарылғап туралы құлдіргі бір жайды Төлебай есіне түсірді.

— Егінді орын болын, сыйлық ақшалар сықып кеп қалтага түсіп жатқан кез. Ат үстінен аударылып кете жаздал келе жатқан Жарылғап «қайдан келесің?» дегендерге:

— Чебурешіштің келе жатырмын,— дейді екен...

Басқа, бригадир екеуі арақты жәшігімен алыш, сол үйде тоілайтын көрінеді.

Енді бірде сан-саяу келе жатқан Жарылғапты көріп, біреу тацырқанты:

— Ей, кешегі күйің жоқ қой,— деп.

Сонда:

— Чебурешіштің жабылды гой,— дессе керек бұл.

Сол Жарылғап қазір насыбай сұын шырт түкіріп, қойын кінешкеге құнжың-құнжың бірдене тұртіп жатыр.

— Ал, әлті жиналыштарың қайда?— деді Төлебай.

— Асығысы не, бола жатады ғой,— болды жауап.

— Е, иайқалу әлі де бар десейші.

— Енді қалай, онсыз бола ма...— дейді Жарылғап.

Екі көзі мөлип ат жалына телміре қалыпты. Қылышқ арасынан бүрге іздсегендей:

Бітіре қояр шаруа жоқ, Төлебай егістіктің өнис бойын көзбен шолып, шетке шығарылмай қалған сабан көпшелерін іштей санаپ тұрған. Қенет көз жетім жердегі ағаш қойнауынан бүрк сте түскен шаңға назар аударды.

— Ана бір бүркыраған құйын ба, немене? — деп еді.

— Агрегат кой,— деп Жарылғап жайбаракат мыңқ ете түсті.

— Агрегаты несі, сонда егін себуді бастап жатырсындар ма өзі? — деп Төлебай таңқалып тұр.

— Е, жиналыска қарап тұрамыз ба? Бастай беріңдер деп упр өзі нұсқау берген. Жиналыс әйтеуір қағазға тіркеу үшін керек шығар. Әйтпесе жүретін жұмыс оныз да жүріп жатпай ма...

Салғырт айта салынған бұл немқұрайды сөздер Төлебайдың миын шымшып өтті. «Апырау, осынша дегбір-летіп, салтанат, салтанат деп қампитқандағысы осы ма?!

Ана жақта сеуіп жатады, мына жерде біз «көктемгі егісті бастауларыңмен құттықтаймыз», — деп сайрап жатады еkenбіз. Бұл неткен алдамшы салтанат?» — деп іштей қынжылып тұрган Төлебай әлгі агрегат деп Жарылғап иек сілтеген жаққа тағы көз салды.

Шынында солай. Аждаға трактор «К-700»-дің модысы түгел көрініп, егістіктің орта тұсына келіп қапты. Бүрін егіншілікте де істеп көрген Төлебайдың кәнігі көзі осы агрегаттың өнімді жүрісіне шубалана қарады. Лек-легімен бүркүлдаган шаң түйдек-түйдек. Төлебай «ғарышқа үмтىлған корабльдің адуын тутіндей деп бір кітаптан оқыған сөздерін еске алып тұр. Сонда да күдігін жасыра плмай, Жарылғапқа бүрйлды:

— Ой, осы дәуде болса, бидайды тереңгес сіңірмей, бетіне шашын келе жатыр.

Е, ол өзі де солай. Мен оны баға наадаш біліп тұрмын, — дейді Жарылғап тағы да шырт еткізіп.

— Өй, біліп тұрғаны несі?— деп Төлебай жалт бүрлды.— Сонда иенде бітіріп тұрсын?

— Менің бітіргенім мынада,— деп Жарылғап кінежекесін көрсетті.

— Иә, оныңда не бар?

— Упр айтқан, жанжалдаспа, керілдеспе, кімде қандай қысынсыздық болса, тізе бер, күздікүн сыйлық ақыларын қысқартып бір-ақ шоцкитамыз деп. Сол бүйрық бойынша мен бұл агрегаттың жағымсыз қымылын әдегенде-ак тізіп қойғам. Бұлтара алмайды, қағаз куә.

— Қап, бәрекелді-ай!— деп Төлебай санын сокты.

Егістік бойымен жүгіріп келіп, топырақ бетіне қолын сұңғітті. Ойланғаныңдай, тұқымдық жерге сіңбей, шаңмен майланаңып кілегей бастаған шашыраған.

— Өй, шырағым-ау, мынауың қарап тұрып қылмыс кой,— деп айқайлады.

— Қылмыс екені қылмыс, сондықтан да қағазға түртіліп жатыр ғой. Бірақ қайтер дейсің, бір ғана із ғой,— деп Жарылғап бері қарай тебінді.

— Ойбой, ішінде ғана!— деп көзі қанталаған Төлебай жетіп келіп, тізгінді Жарылғап қолынан жұлып алды,— тұс аттан!

— Өй-өй, Тәкес, Тәкес, о несі, о несі?— деп дегбірсіздене қалған есепші домаланып жерге түсті.

— Атқа қонған Төлебай срдің басында асулы қамшыны білекке іліп алды да:

— Экел бері кінежкендей!— деп шляпасын түзеп жатқан Жарылғапқа төніп келеді.

Камшыны білемдеген түрінен шошынып қалған есепші қойын кінежкені ұстата салды да, өзі кейін шегініп кетті. Дал-дал бол жыртылған қағаз бүркырап ұшып карұшқыныңдай ағараңдан мацайға шашырап жатты. Ашумен сілтенген қамшы атқа сарт ете түсті де, Төлебай құстай ұшып, әлгі тракторға қарай жосылта тартты.

Көктемнің сергек таңы ерте-ақ жарқырағанымен, әдеттегісінен кешігіп, Үркия бүгін шошала ішінде күй-бенде жүріп қалды. Дәл орта тұстан тапжылмай орналаскан ошақта от жанып тұр. Қазандағы сүт беті жыбырлап қайнау белгісін жана беріп келеді. Тасып төгіліп кете мәдеп Үркияның да екі көзі соңда. Агадай жерде төсекте қылқып, қасынған алты жасар баласы ошақ отының жалынына сұқтана қараған қалпы телміріп отыр. «Ақ ішіп әлденсе, тынайып кетер еді...» деп кояды ішінен Үркия. Қазір жүртпен бірге соқага жөнелгенше, баласының аузына ыстық үрттатып кетпек.

Сейткенше:

— Үркия-ау, бадалғыр, бармысың? — деген айқай естілді.

Дауыспен қабат сарт етіп ашылған есікten бригадир Жамалған кіріп келді:

— Япырау, бұл... пайқалып... жұмысқа шығатындарын күнде ұмытама түге!

Даусы катал, тұтігес сөйледі.

— Мына сүтті! — деп Үркия қорғалактап қалды.

— Соғыстагылар жетісіп жүр дейсің бе, үздікпейсің.

Ә дегенше стік тұмсығына іліккен ошақ жантайып жүре берді де сүт актарылып төгілс кетті. Төсектегі ба-ла шыр ете түсті.

— Айналышқтай бермей, тез жинал да шық! — деп зіркілдеп Жамалған тайды.

Сілейе қалтырып қалған Үркия таспен үрғандай анырып біраз тұрды. Шымшымдал күлге сіңе бастаған сүтпен бірге бар үміт-кауқары жер астына із-түзсіз көміліп бара жатқандай бір халде. Жүрек тұстан лепіріп қалған бір тосын күш оны кенет селт еткізлі. Төсектегі

баланы жұла көтеріп қолына алды да, липылдаған екпінді қымылмен далага ата шықты. Қөшениң ортасына жете берді де қайта оралды. Корага кіріп кетіп, осы үйдің қи төгу, су тасу сияқты ұсак шаруасына пайдаланатын екі доңғалақты қол арбасын дырылдатып, алып шықты. Оның үстінен жастықты жұмарлай салып, баласын соғап сұлата жатқызды, сонын үйдің ашықжабығын да қарамастаң, тұтамы қысқа екі жетекке өзі жегіліп, ауылдың шеңберінде қарай тарта жөнелді.

• • •

Ызаға булыққан Ұрқия ауыл шеңберен шыға жөнкілген қара жолмен скіпідей басып, біраз жерді алқымдастып тастанады. Артына бұрылып қараған емес, тек ілгері екпіндеп келеді. Әйтсе де соқадан қалжырап, қауқарсыз көже, шалаптан әлсіреген әйел жүрісі бірте-бірте саябырси бастады. Ақыры жол жиегіне бұрылып, жестекті жерге тұқырытты да доңғалаққа сүйеніп отыра кетті. Бала ыңышып:

— Апа-а! — деді.

Ұрқия құлышында, құрак ұшып, баласының үстінен түсे кеткен жоқ. Тек көгерген жүзіне сұлық қөз салды да қойды. Баласының халі өзінен аян. Арқау болар та-мақ болса құндақтап-ақ кетер еді. Оны қамсыз етер хал Ұрқияда жоқ. Ендіше құр өзекті өртеп, ішті елжірете бергешен не пайда?

Соғыстың басынан бері үш жыл Ұрқияның күйеүінен хабарсыз кетті деген қағаз келген. Сол хабарсыздан хабарсыз. Эртүрлі ой әйелдің басын қазандай қайнатады. Қаза тапты десе біржола сұнынп жаманатка көнілді бекітер ме еді. Хабарсыз кетудің дүдәмалы қөп, жау қолына түсіп кетті ме деп те сесскенеді. Әйтеуір, қылышпен тілгендей сұық хабардан гөрі осыпдай сенімін, бойынан қуатын кемітіп тұрган шак.

Аш өзекте жұтқышпакка кептелген сүйектей бол

Жамалған килікті. Үркия оның дөкір мінезіне бой үйреткендей де сиякты еді. Эйтеуір соғыс жүріп жаткан соң, мұнсыз болмайтын да шығар деп түстін. Айғай-үйгайына көнетін. Бірақ бүгінгісі...

Сол хал Үркияны жолға шығарды.

Бірақ бұл мағнасыз лаға қашу емес еді. Үркияның беті — аудан. Сондагы партия, совет органдарына ба-рып, мұңзын шақпак. Тек басқа бір түткіл ой Үркияны тағы мазалайды «— көппен бірге көрген ұлы той, жалғыз сенің басында ма бұл хал?»— десе бұл ие айтиақ? «Зіркілдетней тый анау Жамалғанды» демей ме.

Жамалған... Сабыр атты кең сабаға түссе бастаган Үркия мұны да аяиды. «Өкпен тесік, жіңішке аурусың» деп әскерге алмады. «Өкпем шіріп қалса, сол майданда қалсып» деп комиссариатқа сұранып та барыпты деседі. «Катындармен алысқанша, жаумен жағаласқаның көп артық» деген сөз де сонықі. Ашынғаниш ашуына да ис бола алмай қала ма жазған...

Бізмен шығып кетіп, жұмысының қалдырғанына да өкінеді, Үркия. Мұның орнына сокага тұғыза қоятын кісі жоғын да есіне алып отыр.

Әйтседе төгілген сүт елестеп көз алдынан кетпейді. Арба үстінде әлсіз үнмен баласы ыңырысы. Осы бір хал іште тұрған ызынды қайта көтеріп, Үркия да орынан көтерілді.

Ұзақ оймен байқамай қалған скен, көз көрім жерде бір көлік қыландаиды. Колын көлеңке: есп қарап жіберген Үркия бірден ангарды: басқарма Құнантайдың кек жорғасы. Желден озатындаған жүйрік. Бұл қайта жегеліп, қайта жылжыганша, кек жорға да жетіп қалды. Басқарманың мойыл қорапты жылтыр қара арбасы. Үстінде Жамалған.

— Мана дәмімді тектің... енді айдалада сабайын деп келдің бе! — деп қалды Үркия.

Жамалғаның манағы қаһарынан иіс те қалмаган. Калбалак-құлбалак етеді.

— Үркия, Үркия... Бір жолға, бір жолға...— деді де арбадан түсіп жақындағы.

Сонсын сұстаннып тұрған әйелді қолынан үстап, арбаға қарай әкелді:

— Міне айыбым, орта қап бидай,— деді абдырап.

Шынында, арба үстінде теңкіп қап жатыр.

— Басқарма өзі... қамбаны аштырып... саған салып жіберді.— деп Жамалған былдырлайды.

— Сонда не қыл дейді маган?— деді Үркия.

— Елге қайтын дейді.

Қанша мықтымыссың да, осы сөзді тосып тұрған Үркия баласын көтеріп арбага әкелді. Қоларбаны қораптың артына тіките таңып тастап ауыл қайдасың деп көк жорғаны Жамалған кейін бүрдү.

• • •

Әрине, ауыл қала смес, Үркияның елден шыға тартқан хабары сол сәтінде тарап үлгерген. Бұған дейін мұндайды көрмеген жүрт жұмыска тарқар уақыт әлде-қашан өтсе де, мына істің аяғын күтіп кеңсе маңын төніректеп жүрген.

Жамалған көк жорғаны тайпалтып көшеге кіргенде Үркия:

— Тура кеңсеге тарт,— деп қалды.

Аңырайып оған қараған Жамалған.

— Қапты түсірмейсің бе әуелі?— деді.

— Кеңсеге дедім гой, кеңсеге.

Топ жүрттың ортасынан Құнантай арбаға қарай аттай бергенде, секіріп түскен Үркия басқарманы құшактай алып, еңіреп қоя берді. Түйнек-түйнек боп іште жүрген наза өксік боп шығып жатты.

— Сабыр ет, калкам,— деді басқарма шал,— Біз бәріне де қанықпыш. Бір қателік өтіпті. Шекіссек те шетінеспейік деп соңынан ат айдаттым.

Ұрқия да жасын тиды. Бойын жипап, борышты болмайын деп өз сезін айтты:

— Жырыла тартып, мен де осалдық жасадым. Сіздер де кешіріңдер. Біздің тірлігімізге бірлік атты қасиет қымбат екенін тап басып дәл бүгін түсінгендей болдым. Бажылдассақ та бытырамай бірге болайық, халайық,— деді.

— Міне бұл естияр сөз,— деді біреу.— Ал енді жұмыс басына шығайық.

Баласын көрші кемпірге қалдыра кетпек ойымен арбаға үмтүлған Ұрқияны Қунантай тағы тоқтатты:

— Ұрқия қалқам, бүгінгі реніштің басы адал дәмнен басталған екен, ашуынды дән қайтарсын деп мына астықты саған жіберіп едік. Балаңа талшық ет, үйіне Жамалған жеткізіп тастасын,— деді.

Қайта аңтарылып, бұрылышқан жұрт Ұрқияға қарап тұра қалды. Бірак Ұрқия:

— Қамқорлықтарыңызға рахмет, аға,— деді.— Эйтсе де бір менің балам наң жегенде не түседі. Онан да бұл дәнді жерге сінірейік.

Бұл сөзді көпшілік үнсіз құптады.

ҚАЛЖЫҢҚОЙ ҚАРТ

Ауру кімді аяған-енгезердей Өмірсерікті де алып соқты. Жетпістен асқан шал қанша қажырлы, кесек болғанмен, жай соққан бәйтеректей күрт опырылды. Қомакты қыр мұрынды, еңкектеу ұзын бойлы, шұңқіреле біткен көк көзі жылтылдаپ, көңілді, дархан жүретін шоқша сақалды сары шал еді. Жұрт өзін «Өмен» деп атап кеткел. Енді, міне, төсек тарта жығылғанына көп бола қоймаса да, халі шамаланып, созыла жанған май шамаша таусылып келеді. Турасын айтқанда, кейбір

зираттар басындағы тастанда жазылатынындай «фани дүниеден баки дүниеге сапар айлауға» дейін үш-ақ күндік өмірі қалған болатын.

Үй іші, туыстары шалдың жобасын байқаған соң, төсегін төргі үйдің бөлмесіне жайгастырмақшы ыңғай білдіріп еді, Өмірсерік бұған карсы болды.

— Бала-шаганың кірген-шыққанын көріп жата-йып,— деп төсегін ауыз үйдең қозгатпады.

Науқас мейдеген адам өлім жазасын естір тұтқын іспеттес. Ол көнілін сұрай келгендерден саябыр сәттерде өз-өзімен, онаша өткен өмірін еске алады. Жақсы-жаманын салмақташ, шолады. Өмеңнің қазіргі халі де осылай.

Ол әуелі үйдің ішін бір шолып өтті. Әр бөрене, әр тақтайын кашан, калай жеткізгепі, терезе жақтаула-рының қалай киылгани бәрі көз алдында. Ауылдастар да елес-елес өтеді көз алдынша. Дос-жарандар. Қейде күн үшін, қейде көніл үшін жақындасқан тамырласта-ры. Қейде итше жұлқысын табысқан дүрдараздар. Соң-ғыларын елестеткенде —«соның бәрі бекершілік екен-ау»— деп күрсінеді.

Осындай бір ескі ойлардан сәл қалжыраған Өмен сусындағы орындық үстіне қарап еді, шай табакқа салулы сары майды көрді. «Жемесе де май жақсы», деген-ау деп іштей жымиды. Жаз айның алтын түстес дөру майыша көнілі қызығып, бір-екі қа-сығын аузына салып еді, толгацқырап барып зорға жүтты. Бұрын аяқ-аяғымен асағанда былқ етпейтін ас-қазан енді, міне сырғын да, қырын да алдырағаны ғой.

Өменнің сары майды малжандап жатқан үстіне көр-ші шал Мардан кіріп келді. Ұзындау сираққа да әжеп-тәуір кедергі боларлық биік табалдырыктан мықшың-дап зорға кіріп жатса да көзі шалып қапты:

— Сусыннан басқа нәр татпай жатыр дегенге уа-йымдап жүрсем, өзің әжептәуірсің ғой,— деп қалжың-дап кірді.

Өмен де серпіліп қалды:

— О дүниеге барғанда осының бәрі алдынан шыға ма, шықпай ма деп, есім, күшім барында қамтып жатқаным ғой,— деп әлсіздеу ғана құлді.

— Э, қойши, о жағын айтпа, қайтесің асығып, қайда қашар дейсің ол дүние,— деп Мардан шал күмілжіп қап еді, Өмірсерік оны тағы қағып түсті:

— Е, асықкан мен бе сендер емессіндер ме, бар та- машаның жерде жоқ небір ләззаттың бәрі сол жақта деп үгітеп жүрген?

— Уау, не ғып жуаси қалдың? Үгітке көнгіш ку сен бе едің,— деп қағытып, Мардан да берілмеуге бел буды,— әлде болдырған сиырдың кебі кеп түр ма басыца?

Екеуі қатар күлісті. Өмен денесі жайылып, терісін кеніген сияқты.

— Әй, молда, келіп тұрсайшы, мендей жалшынан қапыда айырылып қаларсың,— деп тагы бір қалжыңның ұшығын шығарып қалды.

Екеуі әрі көрші, әрі құрдас. Мардан молдасымак, Өмірсерік «балалардың көзінше тоңқандап жатам ба» деген сұлтаумен ораза жоқ, намаз жоқ, әйтеуір «құдай деген жан». Реті келсе қылжындастып, қағытысып қалудан екеуі де жалақпайды.

Бір күні Өмен есік алдын сыпрыып жүріп, әлде қалай бір ойдың жетегімен көршісінің үйіне дейін барып қалғаны бар. Сонда анадайдан сыйғрайып қарап отырған Мардан:

— Бәсе, бәсе. «Кедейдің колы бір пар өгіз екен» демекші, шіркін сидей бір жалшым болса деп қызығып тұрғаным,— деп қарқ-қарқ құлді.

Мұның есесін Өмірсерік келесіде қайтарды. Бригадир сұраған соң, Мардан екеуі қамысты қылтандагы көпірді жөндеп келуге барған. Түйық адамның тоңкетіп ашуланғаны сияқты, арбаға жегілген жириен — «тұлпар» бір баланың велосипедінен ойда жокта үркіп қап, арба тәңкеріліп кетті. Жактаудан қапсыра жар-

масып жаткан Мардан ойбайлаш қоя берді. Атты тоқтатып, арбаны түзеген соң Өмен:

— Ім, молдекем, алламаңын ойбайым тыш деген осы екен ғой өзі, деп акырын гана басып қалған...

Осының бәрін көз алдынаң өткізіп, шаршаңқырағаш Өмен бір-екі ұртташ сусым жүттү.

Келесі күші ол қызылу белгілерін бере бастады. Талықси бастаған кездеріндегі бар мақсаты — бәйбішесін шақырып алып:

— Балалардың аттарын айтып отыршы, тым құрығанда құлағымда кетсін, — деді.

«Өмен ауырлаған екен» деген хабар бойынша замандас, тұстас екі-үш шал омың төсегінің қасына келіп қонжиды. Ішінде Мардан да бар. Өмен талықсығанда қолдарынаң бар келетіні:

— Алла, алла, қуат бере гөр,— деп қауқылдасады да, науқас естімес халде жатқанда сұрап қалайықшы дегендей.

— Қиім бар ма еді? — деп бәйбішеге қарасады.

Өмен бір талықсып қайта өзіне келгенде, Мардан молда бетінс үциліп отыр екен. Жолдасы, құрдасының жүзін көргенде Өменнің көзінен жас бүрк етіп шыға келді.

— Ух, кипалды-ау жаңым,— деп катты бір күрсінді.

Мардан да толқып кетсе керек, дірілдеген дауыспен:

— Шыда, шыда, сабыр ет, аллага сиын, аллаға сиын, алла де,— деп жұбатқан болды.

Өмен әлі таусылған жоқ екен.

— Да, койши әрі, сол патшагардың өзі емес пе жашымды қинап жатқан,— деп салды.

Апа екі шал жағаларын ұстады. Сәлден соң «шаруа бар еді» дегенді сұлтау етіп, «алла шипасын берерлеңін» айтып кетіп отырды. Далага шығар бере:

— Мына шал жынданған шыгар,— деп бір-біріне үрпісіп қарасты.

Үйде Марданмен қалған Өмен кимас бір кейіппен

терезеге қарап отыр. Жастығын білкеттіп, соган сүйенген.

— Шіркін дүние. Мынау гүлденіп, құлышыған кектемді қиып қалай кетерсің. Бірақ уақыт солай да. Сүрқай, суық қыста өлу өкінішті емес сияқты, бірақ қабірінді қазған жігіттер ренжиді. Ал жазда әйтсуір ойшап-куліп, карттарын соғып отырып-ақ қазып тастамай ма,— деп көзіп жұмыды.

Ұзак ойланып қалды. Мардан бар каруы-имашын шұбырта жөнелді. Үнсіз жатқан Өмек кенет қолын көтерді де:

— Жә, койши, бауырым, жетер. Қалғанын бара көрермін де керегінше өзім жалғастырамыш,— деді. Сасып қалған Мардан:

— Өй, Өме, оның ис, оның ис?— дей бергенде Өмірсерік шын қысыла бастады.

Қырылдал қипалып кетті. Сол жатқаннан таңға деңін тіл берген жоқ. Тек сыздықтап күн көтеріле көзін сәл ашты.

Тұні бойы жанысан кетпеген Мардан:

— Өме, қорқыттың ғой бізді, көзінді ашши,— деді.

— Э, э, қорықтың ба?— деп әлсіреген дауыспен тіл катты Өмірсерік.

Мардан енді оянар ма екен десендей құрдастының жүзіне қарап біраз отырды. Енді оянса, құрдастық салтпен бір қалжын айттып қалмақ. Бірақ Өмен оянбады.

Зират басында Өменнің аруағына өз көзегімен дүга бағыштал отырған Мардан құрдастының соңғы сөзін есіне алып, қанша тістенгенмен шыдамай, мырс стіп куліп жіберді. Тек жүртқа білдірмей ниетімен жөткірініп, қақырынып алды да, дүласып жалғастыра берді.

Жаңа ғана босаган орынға тағы бір науқас келді. Ұзын селдір шаштары қаралған, әбден қажыған, сүйегі арса-арса шал. Палатаға кіріп келе жатқанда, қасқа маңызайш жарқырап, иегі жоғары кекжие көтерілгеніне қараганда, бұл бір ғылыми ой мен-деген ғалым ба екен дең қалғандайсыз. Бірақ бұл ғалым да, данышпаш да емес, әбден титықтап, қалжыраган қарапайым адам екені кереустке жете бере сылқ ете түскепінен байқалғандай. Тіпті астындағы жұка жамылғышты да үстіне тарта салуға мұршасы келмеді. Қөзін жұмып, сұлық жатыр. Өзін сүйемелдеген сестраға:

— Менің жүргегім лобли беріп тұрғаны, қышқыл бір дәрілер болушы еді, соңдайдан әкеп бармейсіз бе? — деді сыйырлаган әлеіз үймен.

— Дәрігер не жазса, соны береміз.

— Э, иә, онысы да бар екен ғой.

Сестра кетісімен, басын қалқақтата көтерді де:

— Колжугыш та алғыс екен ғой, — деді өзіне өзі.

Қабырғада қол созым жер орналасқан колжуғышқа екі-үш аттан жетуғе мұршасы келс ме, келмей ме, соны шамалап жатқандай.

Әлден уақытта бір қозғалып шалқасынан жатты да:

— Бұл палатадан жазылып шыққандар көп пе? — деп сұрады.

— Эрқилы ғой, — десті көршілері.

— Ал мына мен жатқан кереуеттен өлік шықпаған болар, зітеуір?

— Кім білсін, біз жатқалы ондай көргеміз жок.

— Э-ә, онда сәтін салар...

Ауруханада адам үйірсек келеді. Қөп ұзамай-ак, бұл кісінің фамилиясы Қауғабаев, бір совхозда койма

күзетшісі екендігі, басының айналмасы бары, пенсияға шығуға бір жыл қалғаны — бәрі де белгілі болған.

— Жасырақ кезімде басымың сакинасы бар еді, қайталаپ жүрген сол шығар деп жүре беріпшін гой. Дәрігерлер жүрек ауруы дсп жобалай ма, қалаї. Өзімде де бар — әбден титықтағанша қаралмай жүріп алдым,— деп қояды.

Сөз әлпетіне қарағанда, осы аурудан қорқады. Элсіреген денеде күш-куатын бірге болашаққа деген жарқын сенім азайып бұлдыры сезім мендей бастайтыны мүнда жатқандар біледі. Сонда да бір кездे өлүсірей жығылып, спіді-спіді тәуірлене бастағандары:

— Окасы жок, дәрігерлер нығыз, ертең-ақ қулап-таза жазылып кетесіз,— деп Қауғабаевтың көңіліп десменеген еді.

— Кайдам,— дейді ол,— сырый басына шығып кеттім бе деп қорқамын.

Тұсқі тамаққа дейін жүрек жалғауга асханадан әкелінетін бір-бір стакан ыстық коғені басқалары үрлеп-үрлеп іше бастағанда, бұл өз сыбағасын қайтарып жіберді. Зауқы жок.

Концерт тыңдамақ шиетпен радионы сөйлете бастағандарға:

— Қарақтарым, осыларынды сұңқылдатпай қоя турындаршы, шекем солқылдайды,— деп тілек етті.

Аурухананың ежелден қалыптаскан тәртібі солай — бөлмеде біреуге жақпайтын дыбыс-сыбыстың бәрі тиылады. Тіпті терезенің желдеткіші де көвшілік үйғарымымен ашылады. Ал кішкене көзден соққан самал жел біреуге сүүқ бол қадалса, сол сәтте ол қайыра жабылады. Таза ауаға шығуды сондай қажет еткендер аурухананың халатын киіп, далаға кетеді.

Сол әдстепен коридорға шығып келген бірсүйі өсікті іштен тарта жапты да:

— Осында медучилищенің практикант қыздары кел-

ді. Сағат он екіге дейін боламыз дейді. Инеге олар кетісімен келерміз, таяйық,— деді.

Керсуеттерінде сұлан-сұлан жатқан аурулар жел үрлегендей бір сәтте жоғалды. Жас қыздардың икемсіз кимылдарынан зәрезап болғандар гой, сірә, жан сауғалап аулаққа зытты.

Палатада қалған жалғыз Қауғабаев. Тұрып кетерге шама жок, неге болса да көнеді де.

Әлгілердің дүрліккені рас екен. Қолына инесін біздитіп, бір жас қыз кіріп келді.

— Қауғабаев сіз шығарсыз? — деді бірден.

Жалтаруға мүмкін емес.

— Қазір сізге басыныздың ауруын жеңілтетін дәріні сініру керек.

— Қарағым, сен осы практикадагы қызың ба? — деді Қауғабаев қалтыраган дауыспен.

— Онда тұрған не бар? — деді де қыз сакылдан күліп жіберді. — Менің атым Құлжан. Қорықлаңыз, инені қалай сұққапымды да білмей қаласыз.

Қауғабасев қалай пысса да, енді Құлжанның айтқанына көндігулі.

— Женіңізді тұріп, білегінізді жалаңаштаңыз. Дененізді бостау ұстаңыз. Бұлшық еттерінізді сірестірмейтіз. Қазір, казір...

Ет пен терінің арасына сүнгіген ине сыр еткені болмаса, ауыртқан жок.

— Қалай? — деді Құлжан.

— Қарағым, жарайсың, жанга батырмадың.

— Ендеше сіз маған сеніңіз, бірнеше күнде жүгіріп жүретін боласыз.

— Сол күнге бір жетсем, шіркін.

— Жеткенде қандай. Сіз ең әуелі ауру екенмін деп ойламаңыз.

— Ойбай-ау, жаңды жеп тұрган жоқ па?

— Сонда да... Ауру дегенді естен шығарыңыз. Бұл бір уақытша ғана нәрсе. Кәдімгі табанға қадалған ше-

гір сияқты. Жұлып тастаймыз, ауырғаны да басылады.
Түсіндініз бе?

— Түсіндім, қарагым, түсіпдім...

— Қарагым, қарагым дей бергенше. Құлжан десеніші. Өзіңіздің атыңыз кім, әйтпесе Қаугабаев деп үлкен кісіні фамилиясымен атаған біртүрлі дөрекілсү...

— Мен соған тіпті үйреніп кеткемін. Жұмыста да барлығы «Қаугабаев, Қаугабаев» деп жүргендері. Сен де солай дей бер, Құлжан.

— Жоқ, ол болмайды. Атыңызды айтыңыз.

Тәмпіш танауының дәл үшында оймақтың көзіпдейғана қара мені бар, жүқатай кішкене қыз еркес күлкімен саусағын шошайтып кояды. Бұл ойынға сінді Қаугабаев та сліге бастады.

— Менің атым Қадыр. Жәңгелерім Қадыржан деуші еді.

— Онда мен сізді Қадыр-ага деймін.

— Ата десен де жарайды-ау.

— Жоқ, сіз әлі пенсияға шықпаған ағасыз. Ата деуді кейінге қалдыра тұрайық. Айтпакшы, пенсияға шығар тойыңызға мсні шақырасыз ба?

— Соған жетсем...

— Айттым гой сіз әлі талай жылдар өмір сүрсіз деп.

— Е, онда мен пенсияға шықпаймын гой.

— Неге?

— Денім сау болса жұмыс істей берер едім.

— Эйтеуір бір шығасыз гой.

— Бір шығуын, әрине, шығамын гой. Сонда сені де сез жоқ қонаққа шақырамын.

— Үәде гой?

— Үәде.

— Ал енді қазір сіз рентгенге баруға тиіссіз,— деді Құлжан.

«Бұл өзі шыны ма» дегендей Қадыр ақырайып, бетіне карады.

— Қалқам-ау, менің тік басып жүретін шамам жок кой.

— Қадыр-ага, реңтгөн кабинеті осы кабатта, сіздің палатадан елу-ақ адым.

— Ойпырау елу...— деп Қауғабаев жастыққа жаңтай кетті.

— Елу адымнаң қорықтыңыз ба, аға. Соған барып келгенше қаныңыз тараң, бойыңыз сергиді ғой.

— Бару қажет екенін сезіп тұрмын-ау, Құлжан. Бірақ, өзім жете алмаймын ғой.

Құлжан сықылықтан күліп жіберді.

— Сізге жалғыз барасыз деп кім айтты? Мына мені мен бірге жүресіз.

— Э, онда...

— Өзіңіз жас кезіңізде қыз қолтықтан көріп пе едіңіз?

— Е, ол жас кезде ғой.

— Ендешіс дәл сол тұстагы жас жігітпін деп ойлаңыз да, менің білегімнен ұстаңыз.

Осы келісіммен ілбіп басқаш Қауғабаевты сүйемел-деп Құлжан палатадаң шыға берді.

...Даладаң үйме-жүйме оралған серіктері кереуетінде шалқасынаң жатқаш Қауғабаевтың жүзінен құлқі байкасты.

— Шіркін, жастық шак,— деп күбірлейді.

— Оу, аксақал, манағыдай емес тыңайып қапсыз ғой,— десті бұлар.

— Ауру деген немене, тәйірі, табанға қадалған шे-тір емес пе?— деді Қауғабаев төнірегіндегілерді шолып өтіп.

Қөршілері иықтарын қиқаң еткізіп, орындарына жайғасып жатты. Әлгінде ғана науқас мендеп келген шалдың бойындағы бұл өзгеріс оларға шешуі табыл-мас жұмбақ еді... .

Серікбай әуелден қалыптасқан әдеті бойынша, Алматыдан радиомен таңертенгілік берілетін концертті тыңдал отырған. Бір жас қыз сүңқылдаған дауысы нәшті болғанымен, қазақ сөздеріп бұзып айтып, берекені қашырды. «Түсім бе сдің, құсым ба едің» деген он сөздерін «түсім бадың, құсым бадың» деп аңырата жөнелгенде, Серікбай құлағын баса койғысы келеді. Эйтеуір бұл қыз да тынып бітті, сол сәттеп ілесе қолы арқандаулы Біржанның балаларына айтқан оні естілді.

— Саясы кем болады ку қайының

Жігітке керегі не уайымның,— деп басталған зарлы әуен Серікбайды басқаша бір ойларға жетелеп әкетті. «Ку қайың, кем сая» деген үғымдар оның көкейінен кетпей тұрып алды.

Серікбай осы ауылдағы орманшы. Орман шаруашылығы техникумын бітіріп келсе де, қызмет сатысын төмменен бастауды өзі қалау еткен.

Серікбай осы «Көк белестің» орналасқан жеріне дәріза. Бәрінел де оған ұнайтыны ауылды ту сыртынан қапсыра өсіп, әр жағы қарасумен жалғасып кеткен қайынды орман. Оған сүйсіне қараудан бір жалыққан емес. Дегенмен биылғы көктем тұа, оның көніл күйін қажап жүрген жай да бар.

Бұл орман қыстықуні үйтқыған боранды да елеңтейтін. Қөшелерге ыскырған желдің бәсенсіген лебі гана жететін. Ал биыл қыс ауылдың жота тұсынан сұық білінді. Үй-үйдің арасына жаяу шошақтай бол қар да үймеледі. Оның себебі біреу ғана деп үққан Серікбай.

Осы қайынды белдеудің дәл орта тұсынан ағаш жаңырағы селдіреп, ашық алаң пайда болды. Келс-келе бұдыры жок санлауға айналды. Біреулер күрт жеген деп, келесілдері егінге дәрі сепкен самолеттен көріп жатын. Қалай болса да, осы тұстағы ағаштар жапырак

жаяр күш-қуаттаң айырылған. Сойдиып, сойдиып, айдалаға қадалған діңгек сияқты. Бұрын тұтаса біткен бұтактардан, жалпақ-жалпақ жапырақтан білінбейді екен, бар көркінен айрылған соң, сексеуілдей тармактармақ, аралары алшақ-алшақ, көленкесі өз жанынан аспайды. Аурудан сілесі қатып жүдеген адамның ырсыған қабырғасы сияқты. Ку бұтактарда тіршілік белгісі болмаған соң, қарга скеш қарға да үя салмаған.

Серікбайдың тағы бір қайран қалатыны — курап, қаусаған қайыңдарды отынга жарата қояйын деп балта сілтеген ешкімді байқаган емес. Өмір бойы пана тұтқан ағаштарды өз қолдарымен қиратуға кимағандай.

Көктем қызы молайған сайын осы кезетке көзі түсіп кетсе, Серікбайдың берекесі кете бастайды. Осы бір жаланаш тұсты именін бітерін білмей дел-сал. Үцірейген апандағы болады да тұрады.

Өзі бағынышты жоғарғы адамдарға қыңқылдан көріп еді.

— Ондай-ондай «Көк белесте» ғана емес, жергілікті жермен байланыс,— дескеп де қойған.

Солар айтпақшы, «жергілікті жермен байланысу» ниетімен ол бөлімшес кеңессіне қарай аяңдады. Көшеде оған Өмірбай шал кездесті. Шал болғанда, жасы жетіп қартайған емес, басына такия киіп, қолына таяқ ұстап, белін шодырайта бүкілшес жүруді дағды етіп, кәрілікке өзі күні бұрын мойынсұнған адам. Ілгергілер айтпақшы, «Көпей шал». Серікбайды көре сала:

— Оу, бала, бұң не болды енді? — деді.

— Не болдыңыз ис, аксақал?

— Эне, ананы көрмейсің бе,— деп иегімен орманың Серікбайды да мазалап жүрген сүркай жерін нұсқады.

Оның бул жаққа таяқпен не қолмен меңземей тұрғанын да Серікбай іштей түсініп тұр. Өйткені дәл сол

тұста ауылдың зираты бар. Әл кәрілердің сенімінше, зиратқа қарап қол шошайтуға болмайды.

— Көріп тұрмын, аксакал,— деді Серікбай.

— Бұрын ағаштың аржағында жасырының тұрғанда елемеуші ем. Енді бір жағы жалаңаштанған соң, көңілге күдік орала береді. Анау молалар мені шакырып тұрғандай,— деп Өмірбай өзінің атына лайық келмес үрей айтты.

Серікбай әлгі жаққа қайтадан зер сала қарады. Соңғы жылдардың салтымен ак кірпіштен салынған зәулім мазарлар көз тартады. Бұл өзі бертін келе өлік басына орнатылған қасиетті белгіден гөрі босекеге вийналып бара жатқан нәрсе. Биігі, кен салынғашы, әшекей өрнектелгендері қатар түзеп бой таластырады. Өмірбайдың қорқынышына тиянақты ештеңе айта қоймай, Серікбай кенсеге келді.

Бөлімше бастығы Кабжан тұшкырай қарап отыра беруден жалықпайтын үзын иск қара сұр адам. Бар аумағы бір елі шумшірейген аузы бар. Оның өзі ара-тұра, бір ашылады. Серікбай кіре берес:

— Ештеңе де жоқ,— деді.

Мұның не сұрайтының күнілгілері біліп отыргандай.

— Сонда?— деп Серікбай аузын аша бергенде:

— Машина да жоқ, трактор да жоқ,— деді де Қабжап ауыр денесін ірк еткізіп тұра берді.

Мұнымен іс бітпейтінін үккән Серікбай үш-түсіз далаға шықты. Сол қалпы ку қайындардың арасына келіп тұрғанын кейінірек ағарды. Не істей керек?

Бұл іске курск қару емес. Балтаның да қауметі мардымсыз. Дағдарып тұрғанда, дарылдаған трактор даусы естілді. Тіркеме қорабы бар, тұра осылай келеді. Қөрші ауылдың жігіттері. Ол маңда да Серікбайдың қарауышда бірталай ағаш бар. Жігіттер келе сала:

— А, Секссі, ертерек қысқы отын қамына кірісіп едік. Бүгін бір бос күніміз еді, билет ала келдік, үлгер-сек тасып та алмақшымыз,— десті.

«Отын билет» деген сөздер Серікбайды басқа ойға жетеледі.

— Қаласаңдар, ақысыз отын тауыш берсійн,— деді жігіттерге кенест.

— Е, ол не деген батпаң құйрық?— деп олар күлді.

— Міне, мынау сакындарап тұрған қу ағаш. Тек қана тілегім-тамырларымен жұласындар. Сосын тубірін қажет етпесеңдер, шолтитып-шолтитып кесіп, бір жерге үйіп бересіндер. Қураган соң, өзім өртеп жіберемін бір кең жайылымда. Еңбектеріңе наряд та жазамын.

— Оу, бұл қалай болды? Бізде қолара, балтадан басқа түк сайман жоқ,— десті жігіттер.

— Ол жағына саснаңдар, «Дружба» ара менде бар, трос та табылады, Уәде ме?

— Е, болсын!

Бірнеше минуттан соң бұл жерде жұмыс қызып жүре берді. Арыңдаган «ЛТ»-ның қүшенген даусымен іле-се, білеудей-білеудей тамырлар теңкиіп-теңкиіп шыға келеді. Терең кеткендері бытыр-бытыр үзіліп жатыр. Отка дәрі тастағандай.

Мұндай оқыс кимыл ауылдың назарын аудармай қойсын ба. Жастар жұмысқа кеткен. Үйлерінде колы бос шалдарды бастап, Өмірбай келді.

— Өй, бала, өй бала, мұның не?— деп қауқалақ-тап тұр.

— Бұл тұс енді мұлде ақырайып-сақырайып қалатын болды-ау,— деді бір шал.

Шалдардың қобалжүши түсініп тұрған Серікбай қастарына келіп басу айтты.

— Оқа емес, аксақалдар. Қорі достарыңызды қимай тұрғандарыңызды сезін тұрмын. Эйтсе де қапалаң-баңыздар, күні ертең-ақ бұл жерде жасыл желек жайкалады.

— Енді сөйтпесе бола ма!— десті шалдар.

...Бұл шаруаны тәмамдаған Серікбай атын жегіп алып орталыққа тартты. Арбага сыйғаша немесе ма-

шинамен жас шыбықтар әкелмек. Одан келе жергілікті сегізжылдық мектеп балаларын көмекке шақырмак. «Көктем қызғанша ұлғеру керек» деген ой оны ілгері жетелей түседі...

ҚЫМБАТ ЕЛЕС

Зерде күндегі әдтімен ерте тұрып, есік алдындағы ұзын орындыққа жайланып отырған. Қеліп таңтереңгі сауынға кеткен, немерелері үйкүда.

Қыс шенгелінен құтыла сала жадырай түскен көктем нұры ақжарқын адамның аңқылдақ кейшіндегі мейлінше мейірлене калған. Бусанып, пейілденіп, жер ауқымы кеңі түскендей. Ерекші шалқар, кеңпейіл бір ынтызар күш баурап алған жер төсін. Құштарлық гүлін тосар сүйіктісін сағынған қыз секілді, егіншісін тосып еміреніп жатыр.

Кәрі белдің бастырғысы келмегеніне қарамастаи, Зерде колына күрек алып, жыл сайын гүл егестің терезес алдының тұсынан бір басып қопарды да, топыракты алақашына салып, біраз тұрды. Бидай дәнін санағандай саусағымен ерсен-қарсаң шұқылады. «Иә, мерзімі жетіп тұр екен-ау, июі келіп тұрған сауын малдай босаңсуши жарықтықтың!» деп есік алдына шыққанда, Сөветбек те келіп тұр екен.

Бірақ ертемен тракторыша кеттіге жорып жүрген баласы ерттеулі ат мініп келіпті. Құлағын қайшылаған жүйрікке сүйсіне қарап тұр. Өз үстінде әшейінгіден ғөрі таза киім. Бір жаққа жол жүретін шығар деп жобалаған Зерде:

— Балам-ау, өзінің «Москвичің» тұрғанда, атпен жүруіце жол болсын. Элде ат үстін бір мезет қызықтағын келді ме? — леді жайбаракат.

— Апа-ау, жыртынды басып атпен аралаган қолайлы емес пе,— деп жатыр Советбек мұртын бір сипап қойып.

— Е, тракторың қайда?

— Трактор қалды гой.

— Қалғаны қалай?

— Есепшілікке ауыстым.

Бөгде хабар естігендей Зерде күрт өзгерген. Қүңгірт күйінде жылжып барып орындыққа отырды. Бұл кезде үйге кіріп шықкан Советбек салт қамшисын ердің қасына іле тастап, шегіншектеп қарап тұрган. Жақындал кеп үзеңгісін жөндестіріп койды.

— Жас болса слуге таяп қалды. Үнемі темір арасында денсаулыққа ақау келс мә деп корқам. Аздап сергіп алмаса болмас,— деп өз шешімін актағандай сөйлем жүр.

Үнсіз қалған Зерде көз алдына келе қалған өткен күннің кішкене гана бір елесіне көңіл тоқтатқан күйі сұлық отырып қалды.

...Күйеүіспен бір-ләк түнде айырылды. «Жоғары жақтан өкіл келді» деп жатқан жерінде тұрғызып әкеткен күйі жоқ болды. Қойнына тас байлап суға жіберіпті. Совет үшін белсенді кірісендігіне байлардың істегені. Алайда өзгерген өмір өз дегенише бүкіл өнірді икемдей бастаған шак болатын. Байлар қаша азуласса да, дүбірлестіп жер бөліс те жетті. Иші әжептәуір білініп, ауыр тарта бастаған Зерде сол күні дуылдақсан топтың шет жағында тұрган. Кенет біреу қолынан жетектей ала жөнелгенде көргені — жоғарыдан келіпті деп жұрт саусағымен шошаңдата шұқап тұрган жігіт.

— Жүрініз, қымсышбаңыз. Біз сізді білеміз,— деп ді ол.

Қағазға Зерденің аты-жөні түсірілген соң, томпиып тұрган қарнына көзі түсіп:

— Бұл женгейгс екі кісінің үлесі беріледі,— деп салды.

— Қалайша, мен жалғыз өзім ғанамын ғой? — деп қызарактаған Зердеге болған жок, құлагына сыйрылады:

— А, сіздің үйдегі жігітке ше?

— Қайдағы жігіт?

— Сіздің бойыңыздығы ше?

Зерде қымсынып, қипактаса да қояр емес.

— Атын кім деп қояр екенсіз, ә? Шілдеханасында болсам шіркін, атын өзім қояр едім. Жаңа өмірге келіп жатқан жігіттердің аттары да өзгеше, жаңаша болу керек.

Бұкпесіз мінезбен ашық ілтиштеп көрсеткен осынау сыпайы азаматқа риза кейіппен үйіріле бастаган жүрт ортасында қымтырыла беруді ретсіз көрген Зерде де тураға көшті:

— Қалауыңыз болсын. Айтыңыз.

— Жігіт туса, әке жолын күсип деп, атын Советбек қояр едім.

— Ал қызы болса ше?

— Қызы болса — Гүлсовет.

Сейткен Советбек осы. Ат маңында әлі айналыш жүр. Үзенгіс аяғын сала бергенінде Зерде оқыс дауыстап қалды:

— Ұмытайын дегенің бе бұл? Сенің атынды кім койды, қалай қойды деуші едім?

Советбек аяғын босатпақ болып онтайланған берді.

— Тартпа аяғыңды үзенгіден,— деді Зерде,— апар да тапсыр атынды. Маған сенің талқан ақың емес, жер жыртып кеп шешінген май киімінің исі қымбат. Қойнауын қопарып, алтынына зер салмай, қалай гана қызып жүресің мына жердің бетінде? Егіншіге сігішшіліктен артық мақсат бар ма екен, сірә?

Осыны айтып Зерде үйге беттеді. Інісіндей боп тетелес өскен ұлы сөзін тастамасын сезіп барады.

...Кештете қалжырап оралған Советбек көктем шуағының маужыраған күнімен бензин исін ала келді.

Қыс. Жол оппа, адыр-адыр.

Ағаш-ағаштың арасы тымықтау болғанымен, да-лаңқыда болашақ бораныңаң хабарындаи ара-тұра қар бүркәсін бір көтеріліп қалады. Дала оқта-текте бір үрлеп қалған үнсіз алыш, немесе сырын ішіне бүккен мылқау дүлей сияқты.

Мұндай кездे жолға шығушылар сирек. Үйге отырғызбай құгыштаған тым қажет шаруа болмаса, ешкім желіге қоймайды. Сондайлардың біреуі ме екен, жол үстінде шаналы ат келеді. Жегілгені — бүріскеқ, шоңқайма торы. Оппа қарда малтыға басады.

Шанада екеу. Жігіттер. Құннің суығы, жолдың киындығы ойға да кірестің емес, жайбаракат жантая отырысқан қалыптары әңгіме шертісүде. Сөздерінің жобасы «пәлең ауылда бір қыз бар» деп беттеген бозбалаларды танытады.

— Эй, Ертай,— дейді қырлы жұқа шалбар, былғары биялай кигені,— кімиң үйіне түссеміз?

— Қайдам... Қыз үйіне жақындау бір таныстікі болса да болар еді.

— Эй, күнш-ай, жансызданып барып, жып ете түсейік дейсің-ау, ә? Қөлті көргендігің осы-ау!

Ертай — үйлешген жігіт. Сонда да Біркен сияқты қыз ізdegен бозбалаларға қосынышын қоймайды. Келіншегі бір-екі рет:

— Осы қалжыңыңды қойсаң қайтеді? — деп қызғашынш білдірсе де бұрынғы әдсті сол қалпында. Бүгіп де Біркен қолқалаған соң, шығып кеткен.

Манадан бері мұнартып көрішген шоқ ағаш жанағана жақындаған белгі бере бастады. Әдстте ағаш ішінен сыйылып шыға тартқанда, ну орман соңынан куа жөнелгендей үзатпай, ал өзіне қарай жүгірсең, жуырманда жеткізбей қоятыны бар.

Малмаңдап келе жаткан торы кенет тоқтай қалды.

— Не болды?— деп бозбалалар ілгері қараса, жолдың жиегінде бір келіншек тұр. **Жаяу**, басын түбіт шәлімен түмшалап алыпты. Аузынан шыққан деміне, омырауына қаткан қырауына қарағанда едәуір жер жүріп келгенге үқсайды. Бүйір жолдан қосылып тұр.

— Иә, жол болсын, замандас...

— Орталыққа қарай шығып ем...

— Жайша ма?

— Жолдасым ауруханада еді.

— Ім-м.

«Енді қайтеміз» дегендей, екі жігіт бір-біріне қинала қарады.

— Жаяу шыққаныңыз қалай, ат-матпен... былай...

— Сұрағанның бәріне ат беріле қоя ма...

— Жолдың жаман скенін көріп тұрсыз...

— Жо-жоқ маған қиналмаңыздар. Жаяу да жетем.

Аттарыңыздың өзі тоқтай қалған...

Біркен «өзі жаяу барам деп тұр гой, тарта берейік» дегенді қабағымен білдіріп еді, сонда да Ертай басқаша билік етті.

— Отрыңыз. Бірге көрелік. Түбінде бір согыш, бір жартыңызды қағармыз,— деді.

Келіншек ыңғайсыздандыған кейіппен келіп, шашага мінді. Үстінде қарапайым сукнодан тігілген пальто. Аяғында табандалған қара пима. Денесі талдырмаш.

Екі жігіттің әңгімесі сәл баяулады. Бөгде адам болған соң бар сырды актаруға батпағандай.

— Жолдас болдық кой, таныса отырайық,— деді Ертай. Келіншек қыбыр етті де өз атынан өзі қымсышғандай үндемеді.

— Экеніз байқамай нашарлау ат қойғап гой, сірә?— деп Ертай тағы да тиісті. Осы келіншектің атын естімей тынбайтындей. Келіншек қырын бұрылды да, ақырынғана:

— Атым **Махаббат** еді,— деді.

— Махаббат?— деп Біркен орынан жұлқынып тұрды да, келіншекке төнді.

— Япырау, сол махаббат көзіңізде бар ма екен?

Бірақ мөлдіреген кара көз де емес, төңкірелген шарапа көз де емес, жай гана көгілдір көзді көріп, көңілі толмаған Біркен қайта серніліп орпына отырды. Ертайға қарап:

— Ерекше ештеңсі жоқ,— дегендей тыржың етті. Сейткенше ат тағы тоқтай қалды да Махаббат шападан карғып түсті. Біркен алғы қимылын сезік алып қалды ма дегендей.

— Ойбай-ау, жеңгей-ау, қайда баrasыз, немесеге ренжідіңіз?— деп шын қипалактап қалды.

Махаббат:

— Аңсаған көзіңізді көре алмай сіз ренжімесеңіз, мен ренжитіндеги сиптеп болған жоқ. Мынау аттарыныз буынып келе жатыр, дес көгілдір көзін жай оғыидай жарқ еткізді. Сейтті де дереу бел көтермені төмендетіп, қайта байлады. Демін еркішірек алыш, бойын жазған торы ат көнілдірек жорта жөнелді. Мұнан соң Ертай мен Біркеннің әнгімесі қайтадан қыз жайына көшті.

— Эй, Ертай,— деді Біркен,— осы сенің көзің жаман.

— Е, шеге?

— Сол, сен отырган жерде маган қыз қарамай қоятын жыны бар.

— Эй, қойши! Үйлесіп алғаш жігіт скенімді білген соң, еркінситіні шыгар.

— Эй білмеймін. Сенің үндемей отырып-ақ тартып алатын бір пәлең бар.

— Е, ендеше ертис жапына...

— Өзім де соны ойлап келемін. Осы жолы сынаймын, мына қыз тағы сырт берсе, сенен болғаны...

Осылай біраз қалжыңасып алған екеуі көрген-білгеліңдер қыздары жөнінде жарыса пікірлесті.

— Шіркін, Сапура!— деп көкірегін қарс жарды
Біркен үріккен аттың желісіндей, жүрісің қандай еді!

— Мәкен де кем емес еді-ау,— деп Ертай қосты,—
құшағыңа орала кетердей бол, бұралыш тұрмаушы
ма еді.

— Салиханың қара маржан көзі еді ғой!

— Дариганың сызылғаш сөзі еді ғой!

— Ойхой, Раушанның бұрымы еді ғой!

— Зылиханың мұрны еді ғой!

Осылай тізіліп, он шакты қыз шанаға ілесін келіп
бірте-бірте кейінде қалып жатыр. Бәрі де Біркеншің
көз танысы, бірақ бәрі де мұны тек тамсандырып-там-
сандырып тайып отырган бір слестер.

— Шіркін-ай, шіркін-ай!— деп аһ ұргаш Біркен:

— Бұраң бел, жайтаң көз...

Жайды білсең айтам сөз,— деп құштар бір сарынга
салып, әндете жөнелді.

Ошап соң:

— Айналайын, Бикен-ай,

Күрттың ғой, жүйкені-ай,— деп күйзелтіп бір кетті.
Сонсын кенет тоқтай қалып, аптыға сәйледі.

— Уай, Ертай, достым Ертай, құйқылжығаш көзіл
құрғыр қайтсе басылар?! Қыздың бәріне құнығам, бә-
рін сүйгім, бәрінің отына күйгім келеді. Осыған тоқтау
бар ма? Бірінің бұрымы үнаса, мұрның жаратпаймын,
бірінің көзіне елтісем, сөзіңен қаймығам. Осы құмар-
лыққа тойым бола ма? Бәрін тұтам, бәрін құшам деп
жүрген мен сорлы ма, мені қаламаған қыз сорлы ма?
Сонда кім менің іздегенім, қайда ол? Элде қалбалак-
тап қуғаным сағым ба? «Жақсы мен жаман қосылғаш
әрқайда бар, жақсы мен жақсы қосылғаш қай-қайда
бар?!» депті-ау! Осы өзгермес заң ба, әлде өмір осылай
ма еді өзі?!

Бойдалак жігіттің күйін басынан кешірген Ертай бұл
шұбыртпаға еш жауап берген жоқ, тек:

— Боран күшейіп келеді,— деп жан-жагына хауіп-тene қарады.

Сонда ғана селт стіп, сергіген Біркен айнала сырғыма боранға ұласып, аспаш-ақ түтіндес бастағанын байқады. Қысқы дала қашып ішіне тартып, сұрлана қалған. Енді бір мезет күшті жел соқса, доға көріпбей кететін түрі бар.

— Ау, адасып кетерміз,— деп арман дүниесінде отырған Біркен бірден жаси қалды.

— Сонда не істейміз? Жол әлі үзак...

— Оnda үзаганымыз жоқ қой ауылдан, оралайық, үйге жеткенше боран үдей қоймас. Борандатып қыз аулаганымыз да келіспес, боранда және қайбір жөнді үшырасу болады дейсің. Онаи да келесі сенбіде қайта шығармызыз, үйге барып ыстық салмамызды ішіп жатаіык. «Қыз, қыз» деп жүріп қыршынымыздан кетіп қалып жүрерміз. Әрі-бері акылдасқандағы екі жігіттің шешімі осы болды. Сондын аттарын кейін бұрып жатып:

— Махаббат, сіз не істейсіз?— десті.

Махаббат, өзінің әдеті солай ма, сәл тостырып жауап берді.

— Мен кейін қайтинасын.

— Апырау мына түтеген боранда ма?

— Ия, дәл осы түтеген жынды боранда! Осыны айтып Махаббат:

— Біраз жер серіктескендеріңе рахмет!— деді де, шанадан сскіріп түсті. Шәлісін қаттырақ қымтай түсіп, боранды дауылды қақ жарып, қарандап кете барды. Махаббатпен қалжыцласқысы келгендей срке боран оның соңынан үйірле дөңгеленіп, етегішен тартардай бол, өкшелей жөнелді.

Екі жігіт бір-біріне қымсына қарап, сілеїді де калды...

— Ертең сөз сейлесін,— деді ауылдық Советтің председателі,— сөзің ерлік туралы болсын.

Содан бері Ержакып қипалыста. Оңай ма, үлкен салтанат. Жан-жактан дәрежелі адамдар келмекші. Небары төрт кластық білімі бар күзетші шал бытығын қалмаса. Әдемі, өрнекті макалдағанды ұнатады жүрт. Топ алдында коңқ ете түсіп, кете салу лайық болмайды гой. «Шықпайды» деп жалтарды.

— Шықканда қандай. Көпті көрген майдангерсіз. Бір бастап әкетсөніз болды. Газет-журналдарды караш көр. Жазып ал, ірі әріппен машинкаға бастырып бересік,— деп тықылдап барады.

— Қорейік,— деуге келді.

Ержакыптың «көрейін!»—«күп орындаладымен» барабар екені бұл төнірекке қанық. Өйткені бұл сөз оның аузынан шыққанша өзін де, өзгені де қинап болады. Бірақ ол үшін бұдан басқа берік сөз, қатты уәде жоқ.

Тек бір рет бұл сөз тараپында басқаша шалқып кеткені бар. Отан соғысынан оралғандарға қойылатын осы ескерткіш мәселесін алғаш қозғагандардың ішінде осы Ержакып та бар болатын.

— Қорейік, ауданмен ақылдасайық,— деп қалған сонда ауылшай.

Сол сол-ак екен:

— Сен шырағым, қорейінді қой, сылбыратпа бұл жұмысты. Тыңғылықта. Қараш сен, қорейін деп көлгірсітуін,— деп аяқ астынан тұтана жөнелген.

Сірә, өзіне меншікті «көрейін» басқалар айтқанда өні өзгеріп кетеді деп ұкса керек.

Енді осы байлаулы сөзін айтқаннан кейін бұлтарыс жоқ. Қамдану керек.

Кеңседен шығып орталық көшемен жүріп келеді. Сонау тұрған ескерткіш. Ардақтардың асқақ арманын

биік аспаннан іздегендей үшар басындағы жұлдызыға ілесе, кеңістікке ұмсынып тұра қалған. Қастерлі күтіммен ақ жамылғы ораңғаи. Ертсөн ашылып, боздактардың есімдері жазылған мраморга тіл бітпек. Жүректерді қозғамақ.

Ерлік туралы айт дейді. Айту керек. Қайтсе жеткізе айтады? Алғашқы сөз қалай басталады? Осы бір алғашқы деген сөз-ай, шіркін. Қымбат та қын, қын да қызық.

...Ержакып санағында сол бір кезеңдегі алғашқы шабуыл көрінісі берік орынғып, шегеленіп қалғандай. Жақсы жазылған сурет секілді. Соның ішінде әсіресе мына бірісі.

...Таңсәрі елец-алаң сөтте, шабуыл басталатыны белгілі болды. Жау шебі мен екі араның мөлшері қолма-кол наизаласу, қатты жүлкысты айтпай-ақ танытып түрғандай.

Командир жас жігіт. Ол үшін де, оның жауынгерлері үшін де бұл алғашқы шабуыл болмақ. Танысқан бетінде:

— О, сіз жай гана Жақып емес. Батыр Жақыппың деңіз,— деп қазақ жайымен таныстырын білдіріп салған.

Батырлар қатарына косуға өзін олқы есептейтін Ержакып көбінес-көп Жақып деген қарапайым жағын үнатып, «ер» деген қосалқыны жолдастарына айтқызбайтын.

— Эке-шешенің ат қойғандагы ниетін ақтай алсам, өзі де қосыла жатар,— деп коятын.

Сол кезең, сын сагатта жетті мерзімді кезінде.

— Алға!— деген өз ұрапымен ілесе жас командир атқып, жау шебіне қарай сектіре үмтүлды.

Дәл осы кірпік қаққандай сәттің қолбасшысы үшін қаншама ауыртпалығы барлығын Ержакып қылт еткен бір түйсікпен сезіп те үлгерді. Қарсы жактан жауган оқ. Соған тосылып командинр тұр. Алғашқы бес-алты

адымды өтіп барып, бір көріп шығайын дегендей жауынгерлеріне бұрылып қарады. Суық тер бүрк ете түсекен болар мәндайдан. Өйткепі онымен серіктесе лып сткен ешкім жоқ болатын. Жылдысып шегінуге болмайды. Өлсе де кейін жүгірмейді ол. Бар келбеті сол шешімнің қуасі. Пистолетін бұлғап қалды да, бір қолымен шойын қалпағын баса тұқыртты. Мәндайдагы қиналыс іздерін ешкім көрмесін деген болар.

Ми қабаттарында оқша зылдан, бір-біріңе хабаршыдай үмтілышқан ой түйдектері Ержакылты «осы мен не қылыш тұрмын!» деген сұрақпен түйіп қалды. Ол жаңа ғана сезгендей: «Командир жалғыз тұргаш жоқ па, құдай-ау! Соның жанына бұл жетсе, ар жакташ үшқан оқ кейін серпілетіндей. «Япырау, оқ деген әшейін, қорғаныс емес пе, біз екеулесек ол не қылады?» деп қайраттана, сол сәт окоптан ырғып шыққан Ержакыл командирінің дәл қасына жетіп келді.

— Рахмет, бауырым, кеттік алға! — деп командирі шынтағынан тұртіп қалды.

Бұл кезде жауынгерлер жарыс ойнағандай бірінен бірі оза жүгірісіп кетіп бара жатқан болатын. «Жақып құрлы жокпаз ба» дескендей қызу кетіп барады. Өмір мен өлім арасындағы ұзақ белесте болған сол уақыт бірнеше секунд ішінде өткенін олар есептеген жоқ, әрине.

Бірақ алғашкы жолы жаумсп найзаласады Ержакылқа бұйырмаған еken. «Сепің сыбағаң әлі кейін» дегендей, қақ алдынан жарылған мина мұның бет-аузына өз суретін салып кетті. Жосылған қанды алақандап, бұкшие бергенде, біреу іліп әкетті. Командирі еken.

— Шайқастың қызына кіре алмадым-ау, Сергей! — деп қалды Ержакыл.

Найқалуға уақыты жоқ командирі:

— Осы шұңқырдан ешқайда жылжыма. Өзім келіп әкетемін,— деді де жөнеле берді.

Госпитальда Ержакып өзінің наградаға ұсынылғанын естіп:

— Жай жатып сыйлық алған маған жол болсын,— деп командағанында, командирі:

— Бұл саған әбден тиісті награда. Жаудың талағыны жайратып үлгересің әлі. Ол үшін жауынгерлік рух керек. Бұл қасиетті өз басым сенсін көрдім емес пе? «Алға» деп ұмтылғанымда, оқтан қаққандай жан серігім болып, жауынгерлерді үрыска бірге бастадың гой,— деп ағынан актарылыш еді.

Ержакып жүргегі ерлік көзі осы бір жас командир келбетінен үшкышдан тұрғанының мықты түйген еді.

...Иә, ертеңгі айтары бар екен. Ең алдымен сөзін «ерлік ұмтылмайды» деп бастайды да, командирінің жауға алғашкы бол ұмтылғандағы ерлікке бастар жан тебіренісін суреттеп береді. Бар сөзінің дінгегі осы болмак.

СӘУЛЕН СӨНБЕСІН

Иемденіп отырган таксидің есігі сырт етіп ашылғанда ғана ол ойдан сернілді.

Қалың пальтоның сыртынаң жалбагайлы сары шеклен киген мосқал адам Куатбекті ысыра ішке кірді. Машина іле орнынаң қозгалды. Элгі адам сәлден соң Куатбекке қарап:

— Ал, бала, жол қысқартайық. «Танымасын сыйламас» деп сен сәлем де бермедің-ау деймін. Таныса отырайық. Біз сияқты жаман шалдар түртіп қалсаң күректің астынан шығып жатамыз. Сен сияқты жастарды біле жүрейік,— деді.

Куатбек. «Сәлемді аңғармай қалдыңыз»,— деп өз аты-жөнін айтты. Сол сол-ақ екен:

— Куатбек болғанда, кәдімгі Куатбек Нұркеновсің бе?— деп шүқшия кетті қарт.

— Қәдімгіңіз қалай?!— деп Куатбек куыстана қалды.

— Мен газет бетінен ақын жігіт Куатбекті білуші едім. «Сен солсың ба?» дегенім ғой?

Ол, шынында, осыдан үш жыл бүршін жұқатай жинақ шыгарған жас ақын болатын.

— Апырай, ә?— деп қарт мұның колын өзінің мол уысына алып қысып жатыр.

— Атыңа қанық болсам да, өзінді көре алмай, құмартып жүрген бір балам едің. Мына кездессүді кара-саңыш!

— Отаяссы-ау, мен соншалық құмарта қаларлықтай ақын боппрын ба, жәй әшейін жастықтың желініңі еді ғой,— деп қызарактады.

— Жоқ, шырағым,— деп қарт туралап отыр.— Өз басым сенен көп үміткер едім. Ана бір жылы жаздың ғой, қалай еді...иә. «Шапқан аттың шаңын көріп!»,— деп бастаушы едің ғой...

Сәл ойланып алған шал есінде қалған өлең шумактарын түйдектетіп, тіпті Куатбек өзі ұмыта бастаган небір аяулы жолдарды ынтық көнілдің кең сарайшынан суырып әкеп шығарып, мәлдіретіп-мәлдіретіп көз алдына тізіп жатыр. «— Мүншама жақсы сөздерді қағазга түсірген шынында мен бе?»— деп Куатбектің өзі таңданғандай. Тербелген жүйрік машина ішін өлеңмен тербел, ақын жігітті өз сөздерімен арбап жатқан шалымыз:

—«Кеудемнен көала үйрек қош деп үшты.

Сол шіркін кәрі жолдас өлең білем»,— деген екен-ау бір мұцалық. Ұмытуға болатын өнер емес кой өлең де-ген,— деп толқып кеткен босандау үнмен тоқтай қалды да, Куатбекке қас қағым уақыт сынай қарады.

— Қазір қай жердесің? Сол Теренкөлдемісің?— деді сонын.

«Қазір» деген сөз Куатбекті селк ете түсірді. «Сы-
бырлағанды құдай естімей ме» деген осы екен де. Ле-
пірген сезім су сепкендей басылып, алаулаған көніл
шоғы быж ете түскендей болды. «О баста танысқанда,
басқа біреудің аты-жөнін атай салмаған екенмін. Көр-
ген талқым жетпегендей» деп те өкінді.

— Сіз хабардар ма едіңіз? — деді қинала сөйлеп.

— Хабардар болмаганда, шырағым. Жылт етіп кө-
рінген жас адамның жаңа есімі біздің көкірегімізге жа-
зылып жатады-ау шежіре бол. Біздің қеуде койма-сан-
дық емес пе, бағдары дүрыс адамдардың аттарын қа-
тарлап салып, жишастира жүреміз. Элде қалай бір
жақсылығымен көрінген сол азamat сүрініп кетпей, тү-
зу өссе екен деп тілейміз... Сенің аяқ алсыңды сырт-
тан жүріп шолушы едім. Естідім. Бір саты жоғарылап,
аудан қарамагына жұмыска барған екенсін. Одан арақ
деген әзәзіл аяқтан шалын төмөнделсін. Қазір қайта-
дан совхоз шаруашылығына ауыстын... Біз бәрін сұ-
растырып, біліп отырамыз, шырағым. Сен қызметтен
түсті деп естігендеге, саган өтірік, маған шын, әкеңнен
кем ренжігем жок...

Куатбек:

— Осылай бір қатты жығылдым,— деп ауыр күрсі-
ніп, булығып қалды.

Шыңрауға тартып, құлдыратқан бұл халден көтер-
ген де шалдың өзі болды.

— Жұнжімс, балам,— деді ол.— Сен аракты атты-
мұтті қойғалы да әжентеуір уақыт бопты. Қызметтес-
де жақсы атың шыга бастады деп естімін. «Адамгер-
шілігіме кір түскен соң, ақындықты қайтермін» деп, бе-
зінген де боларсың. Ол қате, жарқыным. Кетсе лауа-
зымың кетті, ақындығың аракқа шайылмаған шығар.
Жақсы атыңды ақындықпен қатар жек. Тек қеуденде
соулең сөнбесін! — деді.

Әңгіме аясы облыс орталығының төбесі көрінгенде

таусылды. Қала шетінен түсуге ыңғайланған шалға
Куатбек:

— Сіздің аты-жөнінді сұрамаппыш-ау,— деп қош-
тасуға қол ұсына бергенде:

— Мені жұрт «шакар шал» деп атайды, «Макар
шал» деп те атайды. Бізді қоя түр. Атыңды жаңғыртып,
бір-екі өлецінді оқытшы газеттен, сонау соң, өзім іздел
барып танысамын. Уәде ме?— деп қадалды қария.

— Болсын уәде!— деген салмағы батпаң, өз-өзіне
сенімді адам ғана айтатын кислі сөзді бескем шыгарған
Куатбек ауыр жүктің астынан еңсеріліп шыкқандай,
серпілс қозғалып, ілгерігे көз жіберді.

ӘДЕМІ КӨРІНСЕК ДЕП ЕДІК

Он жыл бойы кластас болған жолдасты Оразбек
кездескенде, әңгімеліз бірден бас жағымыздан бас-
талды:

— Беу, самайынды қырау шалыпты рой...

— Бүйрабас деп қақсай беруші ек, сенің де шапың
сeldірей бастапты-ау...

— Бір кезде осы шаштан да көрсөні көріп едік-
ау,— дестік екеуіміз бірден.

Күле отырып сол күнді еске алды.

...Біздің бала күнімізде — бүкіл ауданға бір фотограff, Лев Николаевич деген атын барша жұрт білестіi. Үш тағанды тікаяқ аппаратын велосипедкес артып алған
оның кслгені оқушы атаулыға мереке. Өзі жоңе сызып
көйған графигі бар ма, тиянақты бір күндерде жетіп
келеді де тұрады. Сол мезет бізге де дағдылы бол қал-
ған, өзімізше ақша жинап, кімдермен суретке түсетіні-
мізді оған қандай киім киетінімізді күпі бүрши жоба-
лап, қам жасай бастаймыз.

Лев Николаевичтің осы бір келісін біздің кластың ер балалары ерекше дайындықпен күттік. Бұл сегізінші класта оқитын жылымыз. Балалық бойда мол болғанмен, қайтсек тәзірек жігіт бол өсө қаламыз деп, қыздарға қырында, хаттан-хатты тогтып жүрген шак.

Жүректе лап еткен бір ыстық сезім махаббат па, жай әуес қызығушылық па — оны айырып жатар хал жоқ. Өзіміз де түсінс бермейміз. Сондықтан да болар, сол тұста арамыздагы жүрдек сез «жүреді», «Сүйеді» деп айтуды окушыға лайық сашаймыз ба әлде осы сезіндің өзінен жүрексінеміз бе, әйтеуір сол киелі сезімді осы «жүредімен» түспалдай салатыбыз. Яғни аға қыз ана баламен жүреді, мына бала мына қызбен жүргісі келеді. Қалай болса да өзімізге түсінікті.

Бақсақ біздің кластың қыздары түгелімен жоғарғы кластың ер балаларымен «жүретін» бол қалған. Біз ырғалып-жырғалғаша, ерекек құлар қармақтарын тастап-тастап үлгерсе керек. Енді бізді намыс буды. Бір класта оқи тұра, бізді менсінбейтін қандай тотайлар?!

Кайткенмен бұларға бір қыр көрсету керек.

Қауым бол ақылдақсанда тапқанымыз, Лев Николаевич келгенде, ер балалар бол бір топ суретке түсеміз де, фото дайын болған соң қыздарға бас-басына сыйфа тартамыз. Көрсін біздің де жігіт екенімізді, мүмкін өкініштен тілдерін тістер!

Әрине, бұл үшін бәріміз қатып киіну керек, сыланып, сыйпанып дегендегі ерекше дайындық жасау қажет. Аттылы кісі түсін қарагандай, жаяу кісі жатып қарағандай жұтынып тұратын болайық. Үәде осы, сез түйілді. Сонда осы Ораз:

— Эй шашты не істейміз? — демесі бар ма.

Шынында да бұл мәссле бәрімізді қатты ойланадыры.

Педагогиканың ол тұстағы тәртібі бойынша, шаш қоюға биыл ғана лұқсат берілген. Жалбырап өскен қалың шаш әлі қай жаққа жөн тауып жығыларын білмей,

бірі қобырап, бір болбырап, едірейіп, селтиіп дегендей әр түрлі қалыпта берекесіз көрініс беріп-ак тұр еді.

— Вазелинмен майлайық,— деді тағы сол Ораз,— қатып кетеді, во дерсің Алдымен одеколон, соナン соң вазелинмен сыландар!

Бұған да келістік. Фотограф ертең келеді дегенді мұғалімдер де хабарлап қалды. Лев Николаевич өзі · телефон соқса керек.

Сонымен тықырши күткен таң да атты. Бір-біріміздің үстімізді тексеріп, түзссіп, өзара қоқилашып, бір-бірімізге бас бармағымызды көрсетіп қоямыз.

Әйтсе де суреттің жөні өзіне, сабак та бар гой. Қоңырау соғылып, орынға отырдық. Алдымен класқа кірген мұғалім — ұзын бойлы Шахмардан. Жасыл түсті жүзімдей түйме көзі үнемі күлімден тұрады. Ұлғи қолорамалын «ұмытып кетіп», ерніп галстуктің үшімен сүртіп жатқаны. Әлде әдейі сөйте ме, ол жағы бізге бимәлім. Ал енді кекесінді әжуага шебер. Қыздар жагына «әй, қарындас» деп бір езуінде мысқыл ойнап отырганы. Класқа кірген бойда Шахмардан бірден:

— Опырау, класты нісмайлан қойыпсындар гой,— деді.

Біз көзіміздің астынан бір-бірімізге қараіміз.

— Мына ер балалар одеколонмен келген — деп алдыңғы партадағы Құләш шіцк етті.

Сабак алдында Ораз оны «әне сенің ғашығың кетіп барады» деп оныншы кластың бөлмесіне қарай сұйрей жөнелген. Құләш енді соның өшін алып отыр.

— Өздерінің шаштары да жылт-жылт етеді,— деп Шахмардан әрқайсымызға жақындал кеп, төбемізден үніліп жүр.

Шаш түгіл бетіміз де майланған. «Жел қагып жарылған жерлерін бүтіндейді», деп вазелинмен бетті де біраз мысқылағынбыз.

— Ендеше бүгін сабакты жылтыр жігіттерден сұра-
йык,— деді кенет Шахмардан.

Бұл біз күтпеген қиямет болатын. Тарихтан жеткілікті бағамыз бар-ды. Дәл бүгін сұрай қояды деген қа-перде жоқ. Қырсық осылай шалғанда:

— Білмеймін,— деген сөзді уәделесіп қойғандай, кезек-кезек қайталап шықтық.

Түрегеп тұрмыз.

— Құрыдық,— дейді Ораз мені шынтағымен тұртіп.

— Ал, сәнкөй жігіттер,— деп Шахмардан үкім айтты,

— Оқуға бөгет жасайтын шашпен қоштасуға тұра келеді. Қазір менің сабагым біткенше желдірте жүгірген қалыптарын сыпыртып келе қойындар. Мына тұрган интернатта машинка бар. Мен жіберді десендер болды. Хамит тәрбиешіге... Солай, айналайындар... барыңдар!

Мелшиіп тұрмыз. Жыллагың келеді, бірақ намыс жібермейді. Ішіміздегі батылдауымыз Ораз:

— Мұғалім, бір жолға...— деп мінгірлей бастап еді, Шахмардан:

— Жоқ, жоқ, айналайындар. Уақыт алмандар. Эйтпесе директорға сүйрәймін,— деді.

Оның айтқанынаң қайттай тыңбайтынын білетінбіз. Аяқты сүрете басып, коридорға шықтық. Бірімізді біріміз мүсіркегендей бет-жүзімізге қараспаймыз. Кенет:

— Ей, әне қара!— деген Ораздың даусынан селк еттік.

Оның қол сілтеген жағшына жапырыла қарасак, фотограф аппаратын көтеріп, мұғалімдер бөлмесінен далаға шығып бара жатыр скеп. Үміт оты жылт етті.

— Жүрттың бәрі сабакта, тап қазір тып етіп суретке түсе қояйық. Сосын мейлі шашты құйқасымен сыпыртса да,— дестік.

Осы үйғарыммен Лев Николаевичке жетіп келдік. Оның аппаратын құрысып, ак шымылдығын ілісіп жанталасудамыз. «Ұлгереміз» дейміз өзара. Қолдан құрасырған үзын орындықты қойып жіберіп, алдымыз жайғаса бастағанда:

— Э, балапандар, бұл қулықтарын жүрмейді,— деген куақы дауыс төбемізден жай түсіргендей болды.

Жалт етіп, мойнымызды бұрсақ, он жақ бүйірде көзі күлімдеп Шахмардан тұр. Ол фотографқа тұра нұсқау берді:

— Лев Николаевич, сіз қателссіп мыналарды фотограф басып қалып жүрменіз. Бұлар кінәлі.

— Мұғалім айтты заң,— деді фотограф.— сөз бар ма!

Сол заңның қүшімен біз де бұл арадан аулақ жөнелдік. Ұйысып-ұйысып сәкіге түскен шашымызды интернатта қалдырып, тобымызben Есіл жағасына тарттық. Құзғи мезгілге қарамастан, кешке дейін суға түсіп, күмга аунаадық. Әдемі көрінсек деген ниетіміз зая кеткенін сен-тиярдің көк аспанына ұнсіз шағым етіп, шалқамыздан түсіп ұзақ жаттық.

— Олар енді бізбен жүрмек түгілі, пыскырып та қарамайды,— деді Ораз әлден уакытта.

Қыздар туралы айтқаны ғой. Онысын ішіміз сезіп жатыр, бірақ ләм дескеміз жоқ. Тағы біреу бірденс десе, іште лаулаған қызғаныш сезімі өзімізді өртеп жіберетіндей...

БҰЛАҚ

Тұнгі мәжіліс кеш тарқап, аз үйықтаса да Мырзабек сергек оянды. Каумалаған ағайынның ықыласы ма, қайта бір еске алынып, бірнеше рет шырқалған жастық шактың сезімтал әндері ме, құрдастарының қалжынды естеліктері ме, әйтекеір, арқасы кеңіп, көніл сергіп кеткендей. «Мырзаш» дейтін құрбы қыздар ауылда қалмапты әркім өз жөнімен өмір соқпақтарына қадам басқан. Оның есесіне «Мырзажан» деп еркелететін женгелері мұны әлі де балаша қолпаштайтын қалыптарынан танбаған екен.

Сол себепті де болар, «жәнеше-ау, мінезің сенің өзгеше-ау»,— деп тербер өлеңді соларға арнап, тебірене отырып айтып беріп еді.

Кеше кешірек келіп, туган ауылды шолып үлгермеген соң, бұғінгі уақытты бала қүшің сокпақтарына жұмсап, сол жерлерді біраз көзбек. Үйқыдағы жұртқа мазасыздық білдірмейін деп баяу басып, шеткі үйлерді қаусырып тұрган қайыңды орман ішіне қарай жүріп кетті.

Мырзабек осыдан бес жұз шақырымдай жердегі бір үлкен қалада қызметте. Елге келмегелі он бес жылдай болған. Бір кездерде оку ізден Алматы кеткен балаң жігіт бүгіндері қырыққа жетіп, басы қырауланған. Диплом қалтада, қызметі үнамды, семья берік. Ілгері озып үшыртпаса да, кейінде тे қалмай, бел ортада жортақтап келеді. Елден кеткенде, оку бітірген соң, «биік мансапқа қолым іліксе» де жок емес-ті. Алайда мұның реті болған жок, жылдар болса жылжып өте берді. Жастық арын басылған сайын туган жерге деген сағыныш қөніл түкпірінен анда-санда қылаң беретінді шығарды. Мендей түскен осы бір сезім ақыры, осы жаздың кешегі күні Мырзабек «Жигулиң» осы ауылга жеткізіп тыныстатты.

Мұнда желістің тагы бір себебі — оның денсаулығы. Соңғы жылдары дәрігерлер Мырзабектің жүйкесінен болмашылау қалау таушы, емдеу қажеттігін ескертіп жүретін. Был курортқа бару мүмкіндігін айтысқанда, бұл кенет шүғыл шешімге келін:

— Мен ауылға барамын,— деген.
— Ал курорт ше?— деп таңқалысқандарға:
— Май айының сары майын жеп, қымызын жұтсам, таза ауасымен тыныстасам дертіме шипа болар деймін,
— деп өз дәлелін үсінди.

Сонымен Мырзабек туган ауылдың топырагын басып, бала кезде жалаңақ жүгіріп, табаныша шөгір қадалған ағаш қойнауына келіп тұр. Жеткіншек қиялдан өрбіп тарап жататын ойниң сан талайын қыздырған түкпір-түкпірлер, куыс-қойнаулар көнілде сайрап тұрды.

Бірақ Мырзабек орманды танып та, танымай да тұр. Жүргегі лүпілдеп, думанды шақтар көз алдынан тізіліп-тізіп бір еткенде, алдынан орала кеткен қайыңды құшақтай алып, мауқын басқандай біраз тұрды. Сәлден соң жаңартаудай лап еткен алгашқы сезім салқын арнаға түсіп, жаң-жагына көз салғанда «ағаштар селдірең кеткен бе, қалай?!» деген секем санасын шарпып өтті. Бала Мырзабек енді сақа Мырзабек қалпына түскенде, мүлде басқа суретті көзі көрді. Эр жер, әр жерде түбірлер шоштияды, көз қуаты жетер мөлшерде көрініп жатыр. «Қолдың саласындағы түп-түзу қайыңдар болушы еді, олар қайда?» деген сұрақ миды тағы бір қозғады. Әлгінде байқаған — ауыл үйлерінің көпшілігі бөрениеден киылған. «Е, сонда кескен ғой бұлар», деген туйін өз-өзінен келді. Адам қолымен қатарға қосқан жас ағаш емге жоқ. Еркектің қомағай көnlі сұлу қызға қалай шүйлік-се, ара, балта ұстаған мығым қолдар сұлу қайыңдарды отап-ак бітірген еken. Сол сұлулардан қалғаны болса, кездестірмеккес ілгері жүре түскен Мырзабек тағы бір «ғажапқа» кезікті.

Міне, сан түрлі қимылмен, құбылып бір топ қайың алдынан шыға келді. Бір шоғыр бол қатарласа тұра қалғандай: «О, биши қайыңдар!» деп Мырзабек езу тартып жымиды. Тілті әлдебір би әуені құлағына жетіп тұрган-дай.

Бірақ көп ұзамай-ақ Мырзабектің таңырқан, әсерленуі сап-сап басылып, жүргегін аяныш, өкініш жайлады. «Қайдағы биши қайыңдар? деп ашынды ол,— би болса болар, бірақ шаттық-қуаныш би емес, азапты, жалынышты, қиналысты би ғой бұл!»

— Есінде ме, Мырзабек?— деп тұрғандай қырық бұратылып, ширыға ышқынған мына қайыңдар,— солімді ішемін деп, ләкет пышқаты үйден жасырып әкен, қабығымды тілгілеуші едің ғой. Ол кезде мен жас едім, түзу едім, ендігі түрімді көр, міне!

Мырзабек денесі қалш етіп, кейін шегінді. Қабығы

қыжыр-қыжыр мына қайыцдар денесін түршіктіріп, аңғал балалықтың кешірілмес күнсін мойнына салып тұрған секілді. Сол кезде колда жүрген үлкен пышакты жана ғана лактырып тастанадай оц қолы селт етті.

Бұл саяда енді тұра алмасын сезген Мырзабек жедел басып, аланқыға шықты. Осы бір сәттерде көзге ұрған жүдеу суреттер көңілін құлазытып, балалық шақтың бір елесіне бастап бара жатты... .

Үйіне келе ол машинасына от алдырыды. Мұның қауырт кимылын көрген жеңесі:

— Мырзажан, шэй дайын болды ғой,— деді.

— Женеше, қазір... бұлаққа барып жуынып келейін.

Женгесі таңырқаган кейіппен түріне сұстана қарап біраз тұрды:

— Бұлағы несі? Қайдағы бұлақ?

— Басын қырдагы тастанаттан алатын, жалғыз қайын түбіндегі ше?

Женгесі тағы дүдәмал:

— Сол бұлақ бар-ау дең кім ойлаған. Бар болса, бар шығар,— деді де сиярдің алқаға шығарып салмаққа шыбығын қолына алды.

Мырзабек болса ойна алған арманды бұлаққа машинасын бұра берді. Іүргін ол қайрылмасқа келіп қалған балалық шаққа саяхат жасап жүргендей бір халде еді.

Бұлақ. Шапағатты көңілдің сәулесіндегі мөлтілдеп аққан бал сүзы мұның алғашқы әдемі сезімдерінің күәгері еді-ау.

...Бір топ бала өгіз жегіп, колхоз егінінің арамщебін жұлуға баратын. Ауылдан шыға бергенде қыр төсінде жалғыз өскен қайың бірден көзгө түседі. Неге екені белгісіз, бір балалар оны «жаман жалғыз қайың» дап атайды да, үрейлене қарайтын. Мұның себебін сұрағанда:

— Ол шайтандар мекені. Оның жанынан да жүруге болмайды, тұнеуге де болмайды. Тұнде ібілістер ағаштың түбіне от жағып, ойна келгенін істейді,— десетін.

Тозығы жеткен бірішкеде Мырзабекпен қатарласып Райхан отырады. Ол дегенде Мырзабектің көңілі бөлек. Бірақ өзіне де түсініксіз сол сезімді өриктеп жеткізер сөзі жоқ. Ондай сөздер әлі оның тілдік қорына сибекен кезі ғой. Оның есесіне Мырзабектің ойына кепсті тұра бір жойқын іс келді. Бригада басынан кештете оралып келе жатқанда ол кенеттен:

— Мен шайтаннан қорықпаймын,— деп Райханның құлагына сыйыр ете түсті.

Состиып қарал қалған қызға:

— Нанбасан түнде маган еріп шық,— деді.

Үәделескен уақытта екеуі тұн жамылып ауыл шетіне шықты. Райхан да бір үйдің еркесі еді. Мынадай оқыс әрекет оны қызықтырып, желпіндіре түссе керек. «Жаман жалғыз қайыңға» қарай бет алып Мырзабекке еріп келеді. Дегенмен тым жакындан баруға жүрексіне керек, кенет тартыншақтап тұра қалды:

— Осы да жетер,— деді.

Мана деуін деп қалғанмен, сөзден таю қиши. Қобалжыл келе жатса да қыз алдында қоқыланған Мырзабек:

— Тура өзіне барамыз,— деп қояды.

Райхан көнбеді.

— Ал, ендеше,— деді Мырзабек,— анау бұлдырап тұрган жалғыз қайың. От көріне мс, кән?

— Жоқ...

— Шайтан салған дауыс біліне ме?

— Білмеймін...

— Жарайды ендеше бүгіп осымен доғарайық. Кейін тағы бірдене ойлап табармыз,— деді Мырзабек.

Ол өз ойындағы бір күдіктің үні өшкенін сезіп тұр: ағаш түбінде шайтан жаққан от та жоқ, көңілді демдеген күдіктің де үшқыны қалмапты.

Келесі күні сол бірішкеде қатар сығылысқан балалар үрейлі қайыңның тұсынан өте бергенде, Мырзабек секіріп түсіп, әлгі ағашқа қарай жүгіре жөнелді.

— Маган қарап отыр,— деп Райханға сыйырлап үлгерген.

— «Ажалды бала молага қарай жүгіреді» деуші еді атам. Мырзабекті шайтан азғырыды,— деп қалды бір «білгіш».

Қалай десе, олай десін Мырзабек бұл уақытта «жаман жалғыз қайынға» жүгірген бойда жетіп тубіне отыра кетті. Сонан соң қайта атын тұрып, тастаққа шықты да балаларға қарай қолын бұлғады.

— Райхан, қорықпа... кел!

Мұның күткеніндегі, басқалардан жырылып, бөлек келген Райхан болды. Мырзабек болса, өз батылдығына бір қуанса, тастақтың қойнауынан бас салып, алқаға қарай құлдырап ағып жатқан бұлақты көріп екі қуанулы. Алдымен жеткен Райхан:

— Ой, Мырзаш, қандайсың өзің!— деп көзін бір жарқ еткізгенде, бұдан бақытты жан болмас-ты.

— Міне, бұлақты көрсейші, бұлақты!— деп Райханың қолына үштап су тосты.

Бір лап етіп, кейін тұтана алмай қалған балалық махаббаттың күесі болған бұлақтың орын бір нәзік сырды еске салды.

Іә, бұлақтың орын бар өзі жоқ, тартылып қалыпты. Тастан үгіліп, құм болған, жалғыз қайың жекеліктен қалжырап, қартайған ба, әлде жай оты түскен бе екен морт сындып, бұлақтың қайшарын бітеген құмдық тастарды баса құлапты.

Бұлақ сүй жырып өткен сайдылттың іші қоқта-соқтаға толып кеткен. Көзіне іркіліп келіп қалған жасты сілкіп тастап, Мырзабек бұлақтың ескі жолын өрлей алқаға тартты.

Ойында тағы да дүдәмал.

Алқада осы бұлақ күре тамырша қорек жеткізіп тұратын қамысты қоғажайлы көл болатын. Тамырына жете сүңгіп, сүйрігін талай сұрыруши еді ғой. Шүрегейі, қас-

қалдағы сән түзеп, қанқылдан дала қазы қонып, ұлы думан болып жататын.

Келсө бұл да жоқ. Қамысы курап, сусыз тақырға айналған сортаң бозарып қатып, мелшиіп жатыр.

Кеудесін кере қатты күрсініп, ілбі басқан Мырзабек машинаға келді. Үйге жетер-жетпес зірк етіп тоқтай қалған «Жигулиден» ол асығыс түсіп, корага сүйеулі күрекке үмтүлғанда, әлі есік алдында жүрген жеңгесі:

— Мырзажан, бүн не... сүйт? — деді.

— Қазір, женге, қазір,— деген Мырзабек бұлакты бетке алып тағы кетті.

Бірнеше сағат уақыт өтті. Білекті түріп жіберіп, Мырзабек терге малшынып қимылдауда. Ағаш сышықтарын щетке лактырып, бөлшектенген тастарды жаң-жаққа ытқытып күмдақ араласқан балшыққа үшкір күрегін кірш-кірш қадайды. Балалық арманының шогыны қайта үрлейін дегендей асығыс қимылдайды. Бұлактың тыныш қалған бастауына жетпей тоқтамақ емес. «Сун құрып, тартылуы мүмкін емес» деген бір сенім бойын мендер алған. Баяғыда өшкен махаббат оты қайта маздағ, бұлак көзі ашылса, жастық шағы қайта оралардай қазып жатыр, ұңғып кеуlep бала кездегі шамаға өрлең келеді. Эбден қалжырап, үміт оты сөне бастағанда, күрек жүзі тиғен бір жерден бірдеңе бұлк ете қалғандай болды да, басыла қалды. Қайталай қадалғанда тағы бір бұлк етіп, күрек жүзі дымқылданды. Элден уақытта шым-шым етіп, су тамшылары білінгендей болды. Мырзабек бұлак көзіне дейін әлі де әжептәуір бар екенін сезді. Соның өзінен қуаныш журегін кернеп, тынысы кеңіп сала берлі. «Қой, елді көтеріп, кеңірек қимыл жасау керек» деген түйінге келді де, күректі бұлак белгісі білінген жерге қалдырып өзі ауылға зымырады. Ол кешке жетпей бұлак сұның ойнақтап ағатыныңа сеніп келеді.

«Әркім бір-бір бұлак көзін ашып отырса», — деген ой санаасында жүгіріп өтті...

— Жыл сайын көрер күніміз осы болса, үйің тозаққа айналар,— деген келіншек сөзі құлаққа қонғалы қашан.

Былғы қыстап зәразап болған Куандық екі алақапға түкірініп, қар кете, жаз шыға пысымақшы. Иі қанбаған терідей созыла беруді қоймақшы. Өйтпсуге амалы да жоқ. Алты айға деп шамалаган шебі қыс ортасында таусылып, тасымалмен күн көрді. Жалғыз сиыр тәлтіректеп, көктемгі күннің шуагына әрен ілінді. Қысқы аязда орманнан күртіктеп отын тасыған да Куандық. «Осы... жаз шықса ма, не көрер екесің!»— деп кіжініп жургенде, жаймаушақ тілекті мезгілі де жетті.

«Е, бәсе, сәтін салса»... деп мал бағатын қөршінің аты мен арбасын сұрап алған, лынылдаған балтаны белге буған Куандық жолға шықты. Тамызықтық ку ағаштың дайындығына кіріспек.

Қамшымен бір салғанда, бір сагат митың-митың тебініп, екі көзі арбадагы кісіден таймайтын кербез көк атың қиқаңбайымен көне шетіне жеткенше, Суатбек те кездесе кетті.

— Иә, жол болсын!..

— Жәй бір азын-аулақ шаруамен...

— Қылт етіп көк шықтай жатып отынга кірістің, ә?

— Иә, сөйтіп, қыс қамын ерте ойланбаса...

— Дегеніңе болаймын,— деп Суатбек қылмың етті,— Ортан қолдай беделді адамсың Оның үстіне келешек райкомды жағалап, министрлікке жете ме деп жүрген жігітіміз «ит мініп, ирек қамшылап» демекші осы заманда атпен жүре ме екен. И-и тәңірі деген! Не көп машина кып, зыр еткізіп лек-лекімен түсірмейсің бе!? Шабыты көңіл шалшықтанып, пысық ниеті іріктіктерен Куандық бір ауық есептіреп, бірауық мardымсып, шала бұлінген күйде кері қайтты.

Күндерден күн өтіп, жаз ортасы ауганда байқайды,

ана шашпада бір тәбе, мына аулада бір тәбе көк шөптің үйінділері бой көрсете бастапты. «Қой, мен де жүрттан қалмаймын. Шөпке шығу керек», — деп қайтадан ширықты. Қуандық шатырда қаңсып жатқан қол шалғысын далаға шығарып, шың балғамен жүзін түзен, тықылдата бастады. Құлаштап-құлаштап сілтегенде, жосылып түсіп жатқан көк шөп жолдары көз алдына елестеп-елестеп кетеді. Шалғы сабының үшкір басын жерге қадап қойып, жануышпен шан-шұңын шығарып жатқанда, көлденең өтіл бара жатқан Суатбек бұрыла кетті.

— Пах-пах, өзің тіпті шаруаға әбден шүгүл иист бұрыпсың ғой,— дей келді.

— Шөптің кемістігінен қыста зықым шығып еді. Біреулермен легіп барсам да, жер таңдал шабындыққа кіріспесем болмас — деп Қуандық ағынан жарылды.

— «Сенген қойым сен болсаң», — деп Суатбек бір түкірді, — жамbastap жатып-ак шөп дегенді тележкі-төлжекі түсіретін жігіт емессің бе сен. Үгітші десе үгітшісің, насихатшысын. Бері кетсе, совхоз кенсесінің бір дәрежелі құсынан орын тебеді деп жүрген жігітіміз. Дириктордың құлағына сыйырлай салсаң, бір кеш жалынын — екі қыстық десен де... Мынауынды мен-ак көрейін, жарқыным. Намысты қолдан беріп, о несі!

— Мұның да реті бар-ау, — деп мінгірледі Қуандық, сонда да қан таратып бой жазып дегендей... Денем де етейіп бара жатыр еді.

— Е, қан таратқын келсе, маған ер. Үгреттің ішінен құдық қазып жатырмын. Бұның да қисының тапшай, шалғы ұстап шөпке шығуды да қорсынып, Қуандық ақыры үйде қалды.

...Күз өтті, қыс таянды. Кар бір үшқындағанда, ат жеккен Қуандық келіншегімен орманға аттаанды. Келесі күні сабан сатып алмақ боп, совхоз кенсессіне жөнеліп бара жатты.

Колынан бермесе де, ақыл айтар ағайынның бары жақсы деседі ғой білгендер.

Салдыртып желіп отыратын біркелкі жүрісінен танбайтын сары атымен қара жолдың шаңын будақтатып келе жатқан почташы Қари. Совхоз орталығындағы байланыс бөліміне күнде таңтертең сапар шегу — оның жұмыс тәртібі. Онысынан жаңылмайды. Екі жақтауын қара дермонтіпмен қаптап алған қалқанды арба қашаннан бергі серігі. Қаридың өзінің картайтып шығуға жарайды әлі. Бөксе тұсында аспалы қара сөмкесі жатыр.

Шаруаның дағдылы қарашайым есебі бойынша, жолжөнекі ағаш қойнауына бұрылды. Үйден жанып алып шыққан шалғысымен қаймыңды алқапты жиектей өскен көк шөптен екі-үш жол тартты. Келесі жолды бастай беріп, коя салды. Қари есебіне берік — орталықтан қайтқанша бұл шөп желге деңдін, әжептәуір жеңілейіп қалады. Үйге жеткізген соң жарты тәбе шашпаның үстінен жыйып тастайды. Осылай қысқы шөптің де жобасы көріне бастайды. Бұл — жылдагы әдет. Шалғы мен айырды бір ағашқа сүйей салды да, алған бетіне қайтадан жол тартты. Оның осылай айырлап жинаған шөбі қыс ортасынан асып көрген емес:

— Біздің сиырдың десесі шағын, шөпті көп жемейді,— десе де қыс аяғында сабандатып жүргені.

— Колың бос, молырақ неге қамтымайсың, даланың шөбін аяйсын ба?— дегендеге оның жауабы біреу-ақ:

— Е, бір жәні болар...

Шынында, бұл ауылда пенсияға шыққан карттардан басқа уақыты мол осы Қари. Тоқсан сом жалақы өзінен қанағат. Ұсақ-түйек мал үстап, жүрт қатарлы дөңгелек шаруашылығы бар. Ішім-жем, киім бірсыдырығы. Балалары окуда. Алды үйлеңіп, кейінгісі түрмиска шыққандары да бар. Осыдан басқа дәүлетке құлшынбайды. Жасы елуғе келсе де мұны ойладап көрген емес.

Қаридың күмары — кітап, газет, кино, телевизор, ра-

дио. Телевизордан бүгін көрген киносы ертең клубта көрсетіліп жатса соған барып отыруға жалықпайды. Ал карта ойны дегенде жаңы қарсы.

Ара-тұра Қаридың қалтасында бір тенге де жүреді. Орталықтағы почта үйінің дәл іргесінде дүкен бар. Сол тұста кездесе калған көңілдестерімен арзандау «қызылмызылдың» бірер шынысын «қылық еткізе салатын» кездері болады. Ондай күндері шабылған шөп айыр-шалғылар сол ағаш ішінде қала береді...

Қаридың почта тасуға тұрганына көп жыл болған. Техникамен айналысуга денсаулығы жарамады. Бір күрдасы өлең де шығарған:

— Жүреді почта тасып біздің Қари.

Мінгені астындағы аккөз сары.

Есік пенен тесіктен кәзет беріп,

Талтандап жүгіреді одан әрі,— деп.

Қалай десе олай дессің, әлемде будан басқа жұмыс, будан өзге қызмет бар екен-ау, іздестіріп көрсе қайтеді деген Қаридың ойына еш кіріп көрген емес.

Мұның бәрін былай қойғанда, Қаридың барынша құмары — өлең. Өзі бола алмай қалған ақындардың бірі. Бір ретте көкейдегі көрікті ойлары өлең бол түскен қалың дәптерін аудандық редакцияға да алып барды. Әдебиет бөлімінде отырған көзілдірікті жігітке:

— Өзім почтада істеймін. Уақыт көп. Қейде зеріккенде ойға өлең келеді. Жазбайын десен де болмайды. Соңдай бір шимайларым еді, қарап берсөніз,— деген.

Оз сөзі өзіне қас болды ма, көзілдірікті жігіт те өлеңдерді «қарап қана» қайырып берді.

— Өленді зерікпей жазған кезінізде келіңіз,— деді, — поэзия еріккеннің ермегі емес екенін білмейсіз бе?

— Білуін білем фой... Сонда да...

— Соны әбден білген кезінізде келіңіз. Ал ақындығыңыз тасып бара жатса, Алматыға тартыныз.

Кари Алматыға тарта алған жоқ, «мына бір қатыгез жігітке қайдан кездестім» дей салды да, сол бетінде өлең

жазуды дөгарды. Бірақ ақын атаулыға құмарлығын ешкімге де, еш жағдайға да үмітқан емес.

Осы ауыл Кари почташы болғаннан бері үй басы «Қазақ әдебиетін» оқыды.

— Маган «Оғонекті» жаздыр десе:

— Алдымен «Қазақ әдебиетіне» жазыл.

— Маган «Адам және заңды» тіркет,— десе:

— Әуелі «Қазақ әдебиетін»...

Міне осылай табан тірсепен жүрттың тілегін де орындалп, өз дегеніне де жетін жүрген осы Қари. Бірте-бірте «Жұлдыз» бен «Жалынды» да әр үйдің қонағы етті.

Дүйсенбі сайын кезекті почтаға аттанып бара жатып айтатыны:

— Бүгін «Қазақ әдебиетін» әкелемін.

Бүгін де күн дүйсенбі. Газет-журнал, хаттарды сөмке-ге тықпастан бүрши, терезенің жақтауына орналасқан Қари қалаулы газетін құлаштай жайып қарап отыр.

— Е, бәсе,— деді.

Мұнысы — өзіне үнамды ақынын газет бетінен тапқаны. Өз-өзімен лепіріп, екі қолымен газетті керген қалпы почта ішінде теңселіп, өлеңді дауыстап оқып жүр:

— Уа, шіркін, десіне болайын!— деп қояды.

Бірақ өз жұмысымен арпалысқан жүрт мұның сері көңілін қайте берсін:

— Қари!— дейді біреу.

— Иә?

— Мазаны алмай, далага шықсан...

Сөмкесін қолтығына қыстырып, арбасына қарай кет-песке амалы жоқ. Эйтсе дс көптен сағынтып жүрген ақынмен «жолыққанына» көңілі мәз.

Осы ақын өткен жылы Қарилардың ауылына келді. Қари астаналық қонақты ертіп әкелген парторгті жағалатып:

— Мені де ерте жүріңізші,— деп болмаған соң, қатарларында болуға рұқсат еткен.

— Мына кісінің де етеп сүйкейтіні бар,— деп қонақ-ка күнк өтті. Қонақ:

— Э, э,— деді де қара көзілдіріктің аржагынан бұған бір ғана қарап өтті.

Ферма басында да, бригада, басында да әлгі ақын тіс жарып сөйлеген жоқ. Жүрісі де сылбыр еken өзінін. Лепіртіп, лекілдетіп өлең оқыр деген Қаридаң әмессінен шықпады. Сол үндемеген қалпы жүріп кетті. Қарига қолын беріп жатып:

— Хат жазыл тұрыныз,— деді.

Не адресі, не телефонын қалдырмаған адамға жабыса түсетін Қари ма, көңілі толмаған қалпы селсоқ қана қоштасқан.

Әйткенмен арада бірер жұма өткенде, жарқ стіп ашылған «Қазақ әдебиетінің» бетінде әлгі ақыны қайта үшырасты. Әр өлеңінің жолы сайын осы ауылда көргенін, түйгенін жазған еken. Тап басып ауыл атын келтірмегенмен, Қаридың сергек көңілі ап-айқын аңғарып отыр. Сонда бір «Е, бәсе» деп еді. Сол танысын бүгін тағы тауып алып, тағы бір «Е, бәсе» деді. Осындаі да бір «қылқ еткізе салған да теріс болмас еді» деген оймен қалтасына қолын жүгіртіп еді, әдеттегі бір тәсіге орнында болмай қалыпты. Сонда да оның көңілі көтерінкі. Күнде почтаны балаларына таратыратын Қари бүгін бұл әдетінен жаңылды. Ауылға жете, ат ағытуға үйіне де бұрылмастан, шеттен бастап әркімге тиісті хат-газеттеңін өзі үлестіре бастады.

— Мына «Қазақ әдебиетін» тыңғышықтап оқыцдар,— деп қояды.

Көпшіліктің бағалауыша, Мұрат момын жігіт. Бұл қақ-соқпен жұмысы жоқ, даладағы жұмысы мем үйдегі шаруасын біледі, от басына қиян-кескі басбұзарлықтан аулақ деген сөз. Осыған орай, Мұраттың мінезі де бірқалыпты: асып-сасып абыржу, артық сөз сөйлеу деген жоқ, дүние тәцкөрліп жатса да былқ етпестің өзі. Тіпті кейде жиын-тойда қарт ойнағаның өзінде құрдастары: «Мұраттың қартташ бағы ашылмаған»— деп келекелеп отыратын. Сонда да Мұрат аштан өліп, көштен қалмайды. Дөңгелек шаруасы, жыл сайын есейіп, көбейіп келе жатқан семьясы бар.

Әйтсе де көлденең жүрттың тілі қышымай тұрмайды. Бірер жыл момын дегенді қойып, «Жуасқа» көшті. Онан соң бұл да кем согар деп жорамалдақсанды «ынжық» деген атак қосты. Бұл құбылыс Мұратқа жестіп те жатты, бірақ өз есебі өзінде ол тоқымын бауырына алып тулай қойған жоқ. «Айтар да қояр, кімнің аузына қакпақ боласың»,— деген де тышған.

Алайда бүгін момыш Мұраттың ішінде от ойнап тұр. Айғай-ұйғай шаң-шүң қылмағанмен, бетінде кан ойнаған келбеті үлкен бір кейістік аңгартады.

Осыдан он шақты күн бұрын совхоздың құрылышшылары Мұратқа сол қолдагы көрші хирургтің үйін ақ кірпіштен қаптауға кірісті. «Жүртты ажалдан арашалап жүрген адам ғой, алдымен содан бастайтын болған шығар»,— деген де қойған. Мұның есебі бойынша, кезекпен құрылышшылар бұл үйге де жетер. Елуінші жылдары салынған қамыс үй қыскы аязға шыдамсыздық көрсестіп жүргелі қашан.

Бірақ құрылышшылардың жұмысы Мұрат ойлағандай болмады. Хирург үйін бітіре салып, он жақтағы көршісі шофер Фалидың маңайына жапырласты. Бұған да машина-машина ақ кірпіш төгіліп, қалыпты қимыл басталып

кетті. «Бұл Ғалидың әкесі директормен дос, қой сойып қонақасы беріп жатқаны. Бірнеше рет осы Ғали үйінде дуылдатқан. Директор елден болек бір жақсылық жасап таставын деген шыгар». Осы оймен Мұрат әліптің артын тосты.

«Адам ойластырады, құдай жайғастырады», — дейді ғой орыстар. Мұратың ойы теріс шықты. Бүгін таңтерен жұмысқа аттанбақ бол даға шықса, Ғали үйінің маңындағы қара-құра жоқ. Тек құрылышты топтың жетекшісі су құятын цистернаны «Белорусьқа» тіркең жатыр екен. Жүгіріп жеткен Мұрат:

— А, біздің үй? — деді аптығып.

— Бастықтардың ондай нұсқауы жоқ.

Жауап қысқа. Осы сөздерді айтушының езуіндегі бір күлкі бар. Ғали да үндеместен аласына кіріп кетті.

Ақ кірпіштердің арасын бір-екі жол қызыл кірпішпен әлеміштеген екі үйдің ортасында бол-боз, жадагайланып Мұраттың үйі тұр. Қайнап тұрган шайды ішпестен тракторға міне бергенде, қасына келіншегі келді. Мұның күреніткен түріне жаутаң етіл бір қарады да, өкшесімен жерді шырлап біраз тұрды. Соныш жецил күрсініп, жүре берді. Мұрат та қынқылдап тұрган тракторын дар еткізіп орыншан қозғалды. Тіркемелі темір арбасы салдыр-кулдір етіл, ашынған кейіппен тоқаңдайды.

«Белорусьтың» рулімен қосыла қиқац-қиқац стіп отырған Мұраттың басына неше түрлі ой қаптады. Солардың ішінде ызалы көнілге су бүркетін бірі жоқ. Бәрі де намысты шымшылайтын, қарақұрым, күйкі көріністер.

Бала кезінен тракторға мінгеп Мұратта, байқаш отырса, әлі сол бір мамандық. Бұл катарлы жүрт таласып тармасып дегендейін шоферлық, комбайнерлік оқу оқып, қалталарына қосымша мамандықтың қатырмалы қағаздарын катарлап басып жатыр. Құзде оракқа қатысып, корытынды жиналыштың президиумында отыратын да солар. Есептеп көрсе, Мұрат жиналыш атаулыны қалдыр-

май барып жүргенмен, төрагасы бол бір отырып көрмепті. «Былжыраған Мұраттаң не шығады» деп ойлаған гой. Бір биесінің тайымен согымын, бір сиырдың сүтімен ма-йын айырады. Көргені — телевизор, сол үшін кейде қо-наққа да бармайды. Дені сау, отын-шөбін өзі, ешкімге жалынбай таркторымен тасып алады. Соған тоқмейілсіп жүре берген. Біреу «отын әкелісе қойшы» деп сұрана келсе, көмейге бір жарты арак құйылатынына сенімді, тамағы соған жыбыр-жыбыр сте қалады. Асылы, біреудің бұған келіп тілеңгешіне масаттанып, әжелтәуір өсіп те қалатын. Сондагысы «өкпеге теуіп-теуіп жүргізетін» салдама трактор.

Мұрат осының бәрін көзіне елестетіп, өзіне бөтен адамша қарағандай. Қиқым-сиқым бірдеңелер. Бір қа-рағанда бәрі дұрыс бәрі жөн. Сонда да бір мақтау гра-мотасы бүйірмапты-ау.

«Уайым кеміреді» деген рас екен. Мал базына жет-кенше миын шатастырган осы ойлар қажытып тастапты. Ұнжырасы түсін келген қалпы тау бол үйілген көнің қасына токтады. Жайынның аузындай күрегі бар «ДТ-ның» тракторшысы Сапар сигаретін баптап сорып түрекен. Эй-шәй жоқ, Мұрат тиісе кетті.

— Эй, бол тең! Найқалып тұратын уақыт жоқ!

«Мынаған не болғап?» — деген күдікті кескінмен Са-пар аңырая бір қарады да, жұмысқа кірісті.

Осы қарқын кешке дейіп үзілмеді. Бұрын найқалып жүретін Мұрат жоқ. Зырылдатып барып, көнді егіндік орнына төгіп тастаілды да, зырылдан жетеді.

— Саған бүгін бүйі тиғен шығар? — деді Сапар акыры.

— Онда нең бар, плаңга толды ма өзі?

— Толғанды айтты гой, екеуден асып кеттін.

— Ендеше тағы бір барып келсейіп. Сонымен тәмам.

Қас қарада жұмыстап қайтқан Мұрат «күн неге қыс-қарған десем, мезгіл күз екен гой», — деп ойлады.

...Тангертең ертелеңтіп, Мұрат тұра совхоз директорына

келді. Дес берісінде жалғыз екен. Нұқсаған орындыққа отыра бере:

— Мен кеше екі план орындағым, естідіңіз бе? — деп салды Мұрат.

— Немене, неменс дейсің? — деп директор қайта сұрады.

— Сізге айтпаған екен гой... — деді Мұрат ишігүйн сөлбірейтіп.

— Жоқ, естіген жоқпын, — деді де директор әлдене есіне түсіп телефон бетіндегі деңгелекті бұрай бастады.

— Онда мен Сапарды алып келейін, — деп Мұрат есікке үмтыла бергенде, оны директор тоқтатты:

— Сен не айтып отырсың осы?

— Мен кеше екі план орындағым гой.

— Кеше ғана ма?

— Иә, кеше.

— Бұған дайын қайда жүргенсін?

— Өзім де білмеймін қайда жүргенімді.

— Енді не қыл дейсің маған?

— Ал, менің үйім неге кірпіштелмейді?!

Директор бір сигаретті сорып болды да, столын олай ақтарып, бұлай ақтарып ештепе таппай, Мұратқа қарай қолын созды. Сөйткенінде Мұрат оның саусақтарына бір жапырақ қағаз қыстыра қойды.

— Бұл немене?

— Шопырлық оқығым келеді. Соған арыз.

— Сенсін мен арыз сұрағам жоқ, темекің бар ма деймін?

— Е, сіз «Қазақстан» сорасыз, менде «Прима» гої.

— Бола берсін.

Осы бөлменің ысталуы аздай, енді екеуі косылыш түтіндettі.

— Үй болғанда, ол жоспарлы іс қой. Қелешек саган да барады құрылышылар, — деді директор әлгі әшігімені қайта есіне алып.

— Маған тап осы бүгін керек.

- Неге сонша асыгыссың?
- Немене менде намыс жок деп ойлайсыз ба? Әлде сіз де жүртша мені жуас, ынжық дейсіз бе?
- Не дегенмен дәл қазір болмайды.
- Ендеше кірпіштерді өзім барып артып аламын да, өзім қаптаймын үйді.

Әрман тәжікелесуге шыдамаған Мұрат есікті сарт еткізіп тайып отырды. Тракторды құрылыс бөліміне қарай бүрді.

Есік сартылдаудың талайын көрген директор Мұраттың бұл кетісіне онша мән берे қойған жок. Ол тастап кеткен арызды қарап еді: «әртарапты мамандық алғым келеді, соның бастамасына шоферлық курска тізулерінді сүраймын», — депті.

«Мұның мөнкүінде бір түрткі бар ғой,— деп ойлады директор,— Фалидың әкесімен туа дос болған соң, лұқсат бере салып едім. Әйтпесе оның да осы Мұраттан асып жатқаны шамалы».

Осы ой үстінде телефон шырылдады. Прораб еken. Мұратқа шағынып жатыр. Оны тыңдал болған директор өзінше билік айтты:

— Түйық адам кейде омырау келетінін білесін ғой. Материалдарын түгел бер. Өз жұмысын да қалдырmasын де, үйін қаптауды әйелі сксуіне тапсыр. Сөйт, айналайын.

Бұл сөздерді естіп тұрса керек, прорабпен қабаттастып Мұрат телефонға килікті:

— Рахмет, директор, жолдас. Баяғыдан сөйтетінсіз ғой,— дейді.

Директор мырс етіп күлді де, трубканы қоя салды.

Неден бастаған абзал? Суыртлақтың ұшы қандай? Ол қалай табылады? Осы сұрақ Қайдарды түсініксіз бір түйікқа қамады да қойды. Ойламай-ақ қояйып десе де болар емес. Класс жетекшілік міндептін былай қойғанда, мұғалімдік жүйесі жай таппас түрі бар. Осы бір Мендібек деген бала өциндеңі азабы аздай түсінеп де шықпауға айналды. Мендібек демекші, пұштинган мұрнының дәл істік ұшында оймақтың бүріндей гана сұпсүйкімде қара мені бар. Мені сүйкімді болғанмен, ісі ұнамайды...

Хайдар көніліндеңі түйткілін директорға баяндағы. «Не істеу керек?» дегенге бастығын ортактастырығысы келді. Басшы қабак түйіліп, басшы қөздер сол жұмыла түсті де қайта ашылды. Экімшіл еріндер жыбырлады:

— Сен жас мұғалімсін,— деді,— сондықтан көп норсені аңғармауын мүмкін. Мәселен, үкімет класс жетекшілерінің жұмысын жақсартып, ынтасын арттыру максатында жетекшілік ақыны бүрүнгідан өсірулі үйгарды. Екі есе өсірілді. Енді жұмыс жүргізбей қара! Біз не үшін осы кабинетте отырмыз. Бұрап отыру үшін.

Директордың нені бұрап отыруға тиіс екенін Хайдар түсінбей қалды. Оны сұрауға ниеттене бергенде, бастық сөзі қайта жалғанып кетті.

— Сол себепті жұмыс істеу керек! Жұмыс! Педагогика айтпай ма ер балаға әртүрлі подход керек деп. Енде-ше сен де подход табуың керек. Дұрысы басып ойлап жұмыс істеу керек.

Хайдар кабинеттен мәнгірінкіреп шықты. Өзі жетекшілік етегін кластың тұсынан өте бергенде, ду сткен күлкі бүкіл мектепті жаңғырықтырығандай болды. Есікті ашып қалса, бүкіл бесінші класс оқушылары қабырғада әлде қалай ілулі қалған Менделеев таблицасының қасында үйме-жүйме. Таблицаның дәл қасында қарындаш

ұстаған Мендібек тұр. Хайдарды көріп класс тына қалды.

— Иә, не болды? — деді ол шамасынша жұмсақ сөйлеуге тырысып.

— Жәй... Мендібек... — деді бір бала.

— Арақтың атын үйретіп тұр, — деді скіншісі.

— Қайдагы арақ?

— Эне, — деп балалар енді жабырлап таблицаға нұсқады.

Әшейіп көзге көрінс қоюш негайбыл болса да, Хайдардың шүқшия қараган көзіне «вермут» деген жазу ұшырай кетті. «Висмут» элементін қарындашпеп өзгертіпти.

— Мендібек, сабактан соң қалшы, екеуміз бір сөйлемейік, — деді де Хайдар шығын жүре берді.

Міне, Мендібек тұр Хайдардың алдында.

Әңгімені неден бастау керек? Осы жагына қиналып

Хайдар әлі отыр. Мендібек болса, момақан пішінде до-маланып қана тұқырын тұр. Бар кейпі мұның ашық әнгімеге бара қоймайтыныңын үсіз-ақ жариялад түрғандай. Кәнігі мұғалімдердегі орагыту әдстімде әлі болмағандықтан ба, Хайдар әңгімеге төтеден кірісті.

— Сен неге сабак оку орнына шыны жинайсың?

— Қандай шыны? — деді Мендібек түк сезбей түрғандай.

— Қәдімгідей, арактың шынысы, — деді Хайдар оның тіл қатқапына қуанышты кейіппен.

Мендібектің жауабы көкейінде сайрап тұрса керек.

— Оны сізге кім айтты? — деді.

— Жұрттың бәрі айтады. Өзің сабакты пашар оқи-сың, сонда да уақытың шыны жинауға кетеді дейді.

Мендібек өзінше бірдеңе ойлап үндемей қалды. Хайдар да соңғы «дәйдінің» артық айтылғанына қипалақтап отыр. Хайдарды мұнданай азаптан Мендібектің өзі құткарды.

— Мұғалім, ол ішінде арағы жоқ бос шыны гой,— деді.

— Бос шыны болса да, бұл жаман әдет екенін білесің бе сен?

— Неге жаман,— деді бала жұлып алғандай,— мен оны дүкенге апарам, ал дүкенші маган қомпіт береді.

— Ал қемпіт жегің келсе, үйден неге ақша сұрамайсың?

— Біздің үйде ақша жоқ.

— Неге ақша жоқ?

— Сол, ақша жоқ...

— Сен маган түсіндірсөнші мұныңды.

— Айттым гой. Біздікінде ақша тұрмайды.

— Неге тұрмайды?

— Сол, тұрмайды.

Мендібек енді бұдан басқа ештеңе айтпайтыны дауыс дірлінен-ақ білінді. Әлгі бейқам қалпы жоқ, төмен шүкшиып алышты.

— Жарайды онда, айтпасаң айтпай-ақ қой,— деді Хайдар қайтсем тілге келтірем деген мазасыз оймен.— Сен маган мынаны айтты, шыныларды қай жерден жиһайсын?

Мендібек басын тік көтеріп алды:

— Қайдан болушы еді, дүкеннің сыртынан. Онда сіз сияқты ағайлар ішеді.

— Сен Мендібек, қашаннан шыны сатуга үйрендің?

— Білмеймі...

Осыдан баска енді сұрақ қоюдың да реті жоқ сияқты. Хайдар отырған орнынан тұрып, ерсен-қарсаң жүрді. Не айту керек? Кейбір көптен істеп келе жатқан мұғалімдерше каттырак бір күрсінді дс:

— Ай-ай-ай, Мендешке, ә?— деп басып шайқады.— Өзің қандай әп-әдемі баласың!— дей бергенде Мендібек корс етіп жылай коя берді.

— Ой, жігіт, о несі? Сендей жігіт жылай ма екен?— деп Хайдар абыржып қалды.

— Балалар бәрі маған жамансың дейді — деді Мен-дібек өксін тұрып,— арак ішесің дейді. Мен арак ішкем жоқ десем наңбайды.

Хайдар үн-тұңсіз тындағы да, қол орамалымен Мен-дібектің көзін сұртіп уатты:

— Ал, жарайды, үйіце барағой,— деп қоя берді.

Мұғалімдер бөлмесіне бармастан класс ішінде өзімен-өзі біраз тұрып қалды. Мендібекті бекер ерте жіберді ме? Сөйлесе тұру керек не еді әлде. Хайдардың көзіне дүкенниң сырты елестеді. И. Мендібек айтпақшы, Хайдар сияқты асығыс ағайлардың екеуі-үшеуі бірігіп келеді де, асығыс қылғыта салып жүре береді. Бұлар қаужаң-дастып жатқанда, анадайдан орагытып бұл жақтан көзін алмай бір бала жүреді. Ол — Мендібек. Бар назары шүмегінен мөлдір дүниғе қылқылдаған шөлмекте. Соның ішіндегі сүйық өңештерге тезірек сінгенін қалайды ол. Міне, арак ішіліп те болды. Мендібек те солай қарай ойысып, жақындай бастайды...

Хайдар не істеуі керек? Үүкен сыртында тұрып, әлгіндей асығыс шаруамен келе калған жұртқа «Қысқартындар мұны! Бұл педагогикага жатпайды!» — деп айғайлауы, керілдесін керек не? Онымен не біtedі. Нешеуіне ие боласың ондайдың? Осы сұраптар әзірге Хайдар үшін жауапсыз.

...Кінә көзі күтпеген жерден табылды, Хайдар кештете, үйірме жұмысын өткізіп, мектептен келе жатқан. «Мұғалім қарағым, тоқтай тұршы!», — деген дауысқа кілт бүрүлса, үстіне көпетоз шоліні жамыла салған бір әйел жүгіре басып келе жатыр скен.

— Қарағым, қисынсыздау болса да, бұрыла кетші, әлгі біздікі бүкіл үйді қиратып жатқаны,— деді аптығып сөйлеп.

Келсе, «біздікі!» — деп атальған үй иесі бұл кездे дамылдап қалған екен. Ас үйдің дәл ортасында шалқия жығылған күйі не отырган, не жатқан емес, былғалақ-былғалақ етеді. Ұйықтаған сияқты. Ісінген бет-аузы бол-

бырап кеткен. Айналасы қираган кесеңің сыйнығы, лақтырылған самауыр, тағы басқа ыдыстар. Экесінің касында уш-төрт жасар қыз бала тұр. Колында арагы жартылай ішілген шыны.

— Папа, деймін, папа! Мынаны ішіп қойшы, шынысын дүкенге апарамын,— деп қояды.

— Міне, шырағым,— деді әйел Хайдарға қарап,— Күндегісі осы. Үндемей, іштей тығылып бәрін жасырып келдім. Енді шыдам жестер емес. Күнкөрістен қалдық.

Жылаған әйелге табан аузында басу айтту жас жігіттің қолынан келмеді.

— Жарайды, тацертсің сөйлессейік,— делі де есікке беттеді.

Шығу шиетімен бір аттай бергенде үйге Менілбек кіріп келді. Қолтығында шыны. Хайдар екеуі бір-біріне анырыса қарап сілейді де қалды. Хайдар көзінде: «Ах, бұл сенің әкең екен ғой!» деген сөз тұрса, Менілбектің көзінде: «Япырай, қайдан тап бола қалдыңыз мүнди?» деген қиналыс бар. Менілбек мөлт еткізіп көзін төмен түсіргенде, денесі бір қарыс төмендер жерге сікіп бара жатқандай көрінді. Хайдар көзі әлде бір ауыр, шешімін тапқан ойлармен баяу барып төмен түсті.

Ол енді істі кімнен бастарын түсінген болатын.

ӘРКІМНІҢ БІР ОЙЫ БАР

Бұл ауылда не көп қонаққа шақырыс көп. Бұл қонақасылардың негізгі астары сыйластық, көңілдестік болғанмен, ішінара күнкөрістік есеп те араласпай қоймайды. Сол ішкі есеппен бұл бас қосулардың бірінен де «үйрек тің бастығы» Дағбай қалдырылып көрген емсс.

Ол осында үйрек балапандарын жұмыртқадан тірілтіп шығаратын инкубатордың менгерушісі. Кейбіреулер бұл орынды «жұмыртқаның маңайы» деп атайды береді.

Сол дәреженің лебімен Далбайдың әжептәуір беделі бар.

Құлқын тамақ қайда сүйремеген. Таңертең шиқылдап шығып, басы қалтаңдаған балапандардан отыз-қырықтан алып келу үшін, әр төрт күн сайын таң алакөбеден ұбақ-шұбақ жүрт топырлайды. Далбайдың жұлдызы сонда жайнайды. Өзін қажетті біреулерді құжынаған кезектің арасынан ілгері қарай жылжытып алып, жүрттан бөле-жара жекелеп атқарып жатады. «Андагылар былай шыға тырбаң-тырбаң етіп, шалқасынан түседі де жатқанынан тұрмайды. Міне, мына біреулеріне жармас»,—деп жөндем пысық қимылмен қылқындаған балапандарға жөн сілтеп жіберетіні де бар. «Ісім мықтап түсіп қалар-ау» дегендеріне: «уақытыңызды қызметке бөлесіз бе, үйрек бағуга жырымдайсыз ба, гсыеғыс не, бізде көп шуылдақтың арасында жүре тұрсын. Біздікі қайсы, сіздікі қайсы кім таңбалап қойды дейсіз, қар бір жауғанда есейтіп алмайсыз ба» дейтін де кеңшілігі бар.

Далбай өзін өткерілген, өтімді адам санайды. Соғым сойылған қысқы айлардың әр сенбісі, жексенбісі қонақтарғы дуылдақпен өтіп жататынын, өзінің одан қалмайтыны соған балайды.

Далбай «Жигули» алғанда бір құрдасы:

— Мынаның сигналишін барқ-барқ етіп базарға кетіп бара жатқан үйрек даусы шыға ма десем, кәдімгі машина даусымен сарнау түр ғой,— депті.

Ондай қылжақтарға ол жауап іздел, әуре болып жатпаса керек, тек күлкісін мұртының астына жасырған күйі шырт-шырт түкіріне беретін көрінеді.

Далбайдың тағы бір қасиеті өзі портфель үстап, мемлекет машинасын қиратуға жааралық бастық болмаса да бастық атаулыға құмар.

● Бүгін де бастары кешкі қопақасыда түйісіп қалғанда, бөлімше бастығы Тәпениң қасына қарай жылжып барып отырып алды. «Кол жуайық» деген бүйрүқ берілгенше, жүрт анатың басын бір шалып, мынаның басын бір шалып, әңгімелескенсіп отыр.

- Биыл қыс қатты болайын деп түр·ау,— дейді бірі.
- Ә, иә,— дейді екіншісі.
- Боран соғама немене,— дейді бірі.
- Ә, иә,— деседі тағы.

«Сен ішсөн, мен ішпеймін» дейтін текетіress әлі алда. Қазір бәрі моп-момакан, сап-сабырлы. Қоз жанаарлары солғын. Жел үрлесе жылтырап, жел тоқтаса орана бастаған шала сиякты елеусіреген бір отырыс.

Мұндайда Далбайдың жинайтын мәлімттері тек бастықтар туралы. Бұл да біршама бастық болған соң, жоғары жақтағылардан мол хабары бар гой дең ойлай ма, Тәпенге қарай өңкіе бұрылып, өзеуруп отыр:

— Анау әлгі аудандагы бұрылбастың балдызы бұрын көргенімде жаяу жүруші еді, биыл үйрекке «Уазик» мініп келді. Сол бір берекелі жерге қонжиған гой шамасы?

— Солай деп естігем.

— Ал анау облыстагы тымпидаң інісі, әлгі тақыр бас, машина айдал жүруші еді ғой, кеше телевизордан сөйлемп отыр. Таза киген, галстугі шодырайып түр. Отырысы мығым, жобасы бастыққа келеді.

— Е, ол автоколоннаға бастық.

— Қаррай ғөр, ә! Ал енді Алматыдағы жынышың апа бір туысы қазір қай жағында жүр скен?

— Далада қалдырмаған-ақ шығар. Бір жагында жүрдагы.

— Ана жолы күрең «Волгамен» осы көшеден жүріп өткен министр: біздің үйден қой жеп еді гой. Что-то соның аты газетте көрінбейді.

— Сол қызметінде жүр. Байқамағансыз гой.

— Қаррай ғөр, ә!

— Ал құлагынды бері әкелші. Сені басқа жаққа жоғарырақ жылжытады деп естідім гой?

— Жоға, біз осы тезек терген қалпымызда жүре береміз де. Жәй сөз шығар.

Далбайдың анықтама сұрақтары осымен тәмәм бол-

ды. «Кол жуайық» делінгеше, дабыр-дұбыр жұртпен бірге бексе көтерген әңгімешіл стол басына қайта жайғасқанда араға екі кісі салып, орын ауыстыра жайғасты. Төпен жоғарылаپ кете қоймайтын болған соң, менсінің-кіремей қалса керек...

ЕРТЕГІ

1947 жыл болатын. Ел іші соғыс атты үрейден енді ғана айғып, арқалары кеңи, күрысқан бой жазылып, серпіле бастаған шақ.

Әкем сол жылдары қолхозда басқарма. Жаздың та-мұлжыған тамаша бір күнінде:

— Кін. Көрші ауылга барып келейік,— деді маған.

Мен бұнысына таң қалып, шешеме келдім. Өйткені әкем «басқарманың баласымын деп шолжаңдап кетеді» дей ме, мені қатаң тәртіпте ұстайтын. Қасына ертіп, ел қыдырту, қонақ-жорага бірге ала жүру деген эсте әде-тінде жоқ-ты.

Шешемнің айтуыша, бүгінгі сапардың өзінше мәнісі бар. Көрші ауылда он жылдық мектепті бітірушілерге арналған той басталмағыны. Әр слідік «жырық етектері» ондай салтараптқа шақырылмай қалмайды. Сөз жоқ, әкем сондай сыйлы қонақтардың бірі. Сонымен бірге менің биыл өзіміздегі бастауышты бітіргендігімді, сол күзде көрші он жылдықтың табандырығын аттайтынымды еске-ріп, сол мектеп үйіне көз үйресте берсін деген есебі бар көрінеді.

Шынында, күні бүгінге дейін осы қол созса тиіл түр-ған көрші Бостау ауылшына жолым бір түспепті-ау. Бұл елді мекен маған әлдебір гажайып шаһар сияқты көріне-тін де тұратын. Оnda «он жылдық мектебі бар» деген сөз «алтыннан соққан күмбезі бар» дегенмен пара-пар еді.

Енді, міне, ойламаған жерден бұл сапардың сәті ту-
сіп түр.

Әкем шенім басқарма скен деп даурықпайтын адам.
Биіктігі үй тірегендей көк атты да сондай байыптылыққа
үйретіп тастағандай. Қысы-жазы ақ сұлы мен көк шөпке
кенсліп тұратын қарулы адуын жылқы бірсарынды жү-
ріске әбден төселіп алған. Сонысымен салдыртады да
отырады. Колына ұстағаны болмаса, әкем божыны қақ-
пайды.

Бостау әжептәуір көлемді ауыл екін. Құжынаған
жұрт орта мектеп маңындағы көгалға жиналған. Мен
сол мектептен көз алмаймын. Қарағайдан қынлғаш си-
селі үлкен үй. Қемінде оншақты бөлмесі бар болу керек.
Бүгінгі той атына лайық өзі де әлем-жәлсем бол берсе-
дірілген.

Әкем үлкендермен араласып кететін болғандықтан,
мені осындағы жамағайынның баласы Әшірбектің қо-
лына тапсырды.

Әшірбек те кеше ғана онынши класты бітірген. Жұ-
катай ақсары балаң жігіт. Бойы шағын. Әкем бізді
калдырып, жөнеле бергенде, ол маған:

— Бұл ауылды Бостау дейді,— деді.

— Білем,— дедім мен жұлып алғандай.

— Мынау — сен оқитын мектеп.

— Білем.

— Өзі кілен қарағай бөренелерінен бір шеге жұм-
самай қилюастырылған.

— Өзі бір мың да тоғыз жұз отыз төртінші жылы
Көкшетау ормандарының қарағайына тұргызылған.
Алғаш екі-ақ класс болған. Қазір Бостаудан бар, төң-
ректегі ауылдардан бар жеті жүзге жуық бала оқиды,—
деп тақылдаپ қоя бердім.

Маған таңқалып, состоя қараған Әшірбек:

— Мұның бәрін қайдан білесің?— деді.

— Папам айтқан.

Әршірбек сығырайа бір сүзіп өтті де:

— Қазір той басталады,— деді.

Оның дәл осы сөздерік тосып тұрғандай, той қыза жөнелді. Шешем аттанарда тапсырып жіберген «көр-ген-білгешінді жіпке тізгендей қып айтып бересің, бәрін үғып кел» деп. Осы еркіншілік өмірге жеткендеріне шын қуаныштарын білдіргендей, жұрт емін-еркін көсліген, шат-шадыман шалқыган думанды қыздырып жа-тыр. Мен үйге келген соң шешеме мына көріністерді бірінен соң бірін төгілдіріп айта берер едім...

Кұмырскадай құжынаған топтың ішінен ақ қалпақ, ақ костюм, ақ бәтепкес киген бір адам ерекше тұлғалана берсіді. Тіпті таяғы да ақ, оттең беті қоңыр әрі бұжыр. Жұрт «ақын гой, іә ғалым гой» десіп отырды. Сол ақын арнау өлсөн оқыды.

Ауылдың сыртында жаяу жарыс болды. Ақ дамбалдың балағын тізеден жогары түріп әкеліп білемдеп тас-таған сыптай жігіттер әйгілі Құлагердей құлшынды.

Әйтсе де бұл жүгірістен гөрі балуан курес жүрттың делесесін мейлінше қоздырып жіберді. Осы мектептің жас түлегі жас балуан Жылкелді өз оқытушысы Күзембаймен күресті. Екеуі де қызу қанды екен. Бір уақытта «жықты, жықты» деп жұрт шу ете түсті. Қарасак, Жылкелді Күзембайдың тізесін бүктірген екен. Сол қалпынан бұлжытпасқа қарсыласын жерге қарай шегелей түсседі. «Тізесі бүгілмесен — жығылғаны» деп төрешілер екеуін ажыратып жіберді.

Мосқал балуандар Таутикал мен Қалау біріне-бірі беріспеді. Екеуі де согыста нықтарынаи жарапланған. Бірі сол қолын, бірі он қолын молырақ жұмсайды. Ақыры сол теңшілікпен бітісті.

Күміс сыпируға келгендеге, бұл сайысқа орашолақ жастандарап гөрі қартаң Тәтей асып кетті. Бозбалашылық дәурені қайта келгендей қутың-қутың етеді. Жатаған ғана ақ боз атын ұшыртып келе жатады да аударылып түскендей бол бар салмағымен жерге басы тигенше салбырайды. Шынтаққа дейін түрілген білек топырақ-

пен бүркемеленіп жатқан күмістерді тінткілеп, бойлай жөнелді. «Сыпырды, сыпырды» деп жұрт гу сте түседі.

Міне, осының бәрін шешеме айта бару үшін миға тоқып жатырмын. Кісілердің аттарын, ойын тәртіптерін маған түсіндіріп тұрған Әшірбек.

Байқаймын, түрлі-түрлі жарыстарға бүгін мектеп бітірушілер атапған кешегі ғана окушылар жаңын салып қатысып жүр. Өздерінің тойларында асыр сала бір ойнап, күмардан шыға серпіліп қалайыңы деп уәделескендей. Тек осының бәрінен шетін қалған менің қасымда селтип тұрған Әшірбек қана сиякты. Иығына пенжегін желбегей жамылған күйі менен аспайды.

— Сен ештеңеге қатыспаушы ма едің? Әлде маған алаңдап, кете алмай тұрсың ба? — дедім оғаш.

— Жоқ, менің ондай алыс-жұлысқа ыңғайым жоқ, — деді ол.

Жұқа өңіне, сүйексіз денесіне қарап түрлым да, «ыңғайың болмаса болмас» деп ойладым. Сол сotte еркін сөйлеп, еркелеп өскен басқарма баласындық бір мінез мені мендеп қоя берді:

— Е, сштеңеге қабілетім жоқ десеңші ошаш да! — дедім қасақана.

Намасқа тиетін сөз ғой, Әшірбектің теке көзі шегірейіп кетті.

— Жұр былай, қабілетті көрсетейін сагаш!

«Немене, тәбелесесің бе?» дегенше болған жоқ, ол мені мектепті қоршай өскен ағаштардың арасында қарай дырылдатып сүйрей жөнелді. Бұл ара көлеңкелі саяекен. Тәмпешіктерді тиянақ етіп, үстіне тақтай шегеленген орындықтары да бар. Соның біріне Әшірбек сылк сте түсті. Арқасын болмашы теңслеп тұрған қайышға тірер отырды.

— Тойдың бар қызығы осы. Қазір жұрт конакасыға отырады, — деді.

— Біз не істейміз сонда?

— Мен сені ертегімен тойдырамын.

Ертегіге құмар емес бала болған ба:

— Қөп білесің бе? — деп сленг еттім.

— Сан жетпейді!

Солай арқасын ағашқа тіреій, иегін күшге қарай шошита отырған күйі Әшірбек ертегінің тиесін ағытты. Алғаш осы теке көзден не шыгар дейсін деп қорсының-қырап отыр едім, артынша бұл райдан қайта бастаған нымды сездім. «Кер құла атты Қендебай» деп басталған ғажайып оқиғалар. «Құи астындағы Құнікей қызы» бол жалғасып жүре берді. Тіпті жана ғана көгалда жүріп өткен нешетурлі ойын, басеке жарыстар сол ертегіден көшіп келіп, осы Бостау ауылның көшесіне орай қалғандай көрінді. Тіпті осы Әшірбектең өзі небір сұлу жігіт, батыр жүркөті алыштарға үқсан кетеді. Оның мені әйтереүір бір ғаламат норсемен тамсандырамын деген мақсатына жетіп отырганы маган айқын еді. «Тағы да, тағы да...» дей берілпін.

...Жаз өтіл, мезгіл кезегі күзге тиді. Жапырақ куалаған жел ауылдан бізді де түріп шығарғандай, бір топ бала сөмкемізді арқалап, Бостау ауылна жеттік. Орта мектептің бесінші класының есігін де аштық.

Бұған дейінгі төрт жылда екі мұғалімге ғана бауыр басып қалғандықтан, әр пәнді әртүрлі адам жүргізген сабактарға әлі икемделс алмай отырмыз. Қозайлірікті, қозайліріксіз, бүйра бас, тақыр бас мұғалімдердің ушеу-төртеуін тыңдалап та үлгердік. Енді география сабагын күтіп отырғанда, журналды қеудесіне жапсыра үстап Әшірбек кіріп келді. Өнөугіден бергі бар өзгерісі — жұмыр галстук тағынған. Ол әлбеттен:

— Маман мұғалімдер жетісе бермейді, сондыктан сендерге жағрафияны мен жүргіземін,— деді.

«Жағрапияны» кім жүргізетінінде біздің жұмысымыз қанша, қозғалақтап қойып отырмыз.

Әшірбектің екі нығы сіресіп тұр. Тақтаның алдында екі-үш аттап, олай-булай жүріп өтті де жудырығына жеткірініп алыш:

— Балалар, мен сендерге бүгін ертегі айтып бередін,— деді.

Сол бетте «Кер құла атты Қендебай» мес «Күн астындағы Қүшікей қыздың» хикаялары басталып-ақ кетті.

Ертегі қызық болғанмен, дәл бұл сәтке дейіш бала-лар да ол оқигаларға қанық болатын. Бірі әжесінен, бірі жолдасынан дегендеге естіп үлгерген. Мәселең, біздің ауылдың осында отырган «оқымыстыларыша» Әшірбектен ана жолы естігендерімді мен жаз бойы талай рет құйқылжытып айтып бергенмін.

Балалар қожырайын деді. Қейбірі география окулығын актарып қарап, біріне-бірі сыйырлап, «Ей мына кітапта ертегі жоқ қой», — дейді. «Мен бұдан басқа да ертегі білемін» дегендеге де табылып жатыр. Сыйыр-күбір бірте-бірте ұласып, класс жамырап барады. Бірліжарымды қозғалыстан басталған бұзылу сатыр-күтір шуға айналды. Ертегіге елтіп алған Әшірбек мұны бірден ацғара қоймады. Балалардың кейбірі өз ара кітап лақтырыса бастағандағанда андады.

— Ей, сендерге ертегі қызық емес пе? — деп зекінген болды.

Балалар бір сәт дамылдағандай. Ертегішіл Әшірбектен қатқыл дауыс шыққанына таңданысқандай одырайып оған қарайды. Осындай бір сәт саябыр болғанға «бұлар мұлде тынышталдыға» жорыған Әшірбек тағы да маңғазсыз ерсен-қарсан жүріп өтті де үзілген ертегіні қайта жалғастыра жөнелді. Дәл соның сөйлей бастаудың тосып отыргандай, дуыл-шуыл қайта қызды. Қөзі ежірейіп кеткен Әшірбек:

— А, сендер мені баласынып тыңдағыларың келмейді екен рой. Ендеше директорды шақырып келейін, — деп ытып шықты.

Директорды әзірдейілдей күтініп, тым-тырыс бола қалдық. Бірақ класқа зіркілдеп ешкім келе қоймады.

Коңырау соғылды. Әшірбек әлі жок. Оның кітабы мен класс журналы ашылмаган күйі столда жатыр.

Әнсекүпі Әшіrbектен естігін ертегілерімді тойдан қайтқапда жолшыбай айтып бергенімде, әкем; Ие, ба-
лам, ертегіпің жөні бір де, өмірдің жөні бір басқа»—
деген дс қойғап.

Дәл қазір сол сөздер есіме түсө кетті...

ЖҰТ ЖЕТІ АҒАЙЫНДЫ

Көктем әлі опырын-жашырып, күрілдеп-сарылдал, құлашын жая қоймаган сымбыраңы жазғытырим кез. Түнде қатқақ, күндің шамалы жіпсиді. Қалың қар білінбей астынан еріп, құр қауқиғапы болмаса, шөгіп, жуқарып бара жатқашы да көзге ұрынбай қоймайды. Кейбір тұтасқан жерлерін жеп тістеніп, кеміріп, ала-
буға қабығының кейпіне салып қойған.

Ботқалашып жібігемен, жердің бір қабат лайсаны адамдардың табан іздерін де көбсіткен. Айналып өтіп, бүйірлей тартып бүратылған жалғыз аяқ соқпақтар бағдарлап шыққан жеріне тұра дік еткізе қоймайды.

Әбдігали таңертесіңі қатқақпен күтірлекеге қарды омыра басып келе жатыр. Бағыты-аудан орталығы салынатын қаланың шет жагына орналасқан совхоз кеңесі. Максаты — ертең баскетболдан облыстық жа-
рысқа баратын балалардың мініс көлігіне совхоз автобусын сұрап әперу. Түнде өзінің ұлы «мен де барам, папа, бізге ақшаны көп бергіз» дес мардамсып отырған. Әйтсеүір бос селтеңдемей, бірдеңсемен шүғылданғапын жақсы ырымға балагап.

Бұл совхозда күнделікті қабылдал жататын қажет шаруалардың ірісі, ұсағы сөз емес, директормен директорғана сөйлесу керек деген еш жерде жазылмай-ак

бекіп қалған қағида бар. Соның ауқымымен оңжылдық мектептің директоры Әbdіғали «Бұлақ» совхозының директоры Көбеннің алдына жүгініске келе жатқан беті.

Бұрықыраған шаң болмаса да, шалшықпен-ақ беті қара қожырланып қалған қар үстіндегі сок-пактар Әbdіғали өмірінің де кейбір іірімдерін ессе салып келеді:

...Алматының университетін бітіріп келген адуды да білгір жігіт көпшілік алдында елеусіз қалған жок. Өзі тіл және әдебиет бөлімін бітірген, «тілі мен жағына сүйенген» деуге болмаганмен, тілінің ебі, аузының желі бар болатын. Педагогикалық оқу, конференция, түрлі тақырыптағы семинарларда Әbdіғали сөйлем беруден жалақпайтын. «Тағы бір гәпіріп тастандық» деп тұратын өзі де Насихатшы, үгітші, саяси хабаршы деп кейін жер-көкке аяғын тигізбейтін болды. Ферма маны, егістік басы, радиогазетада мұның даусы сүңқылдады да тұрды. Желпініп, жұтынып тұрған жігітті далада калдыра ма, үзамай аудандық партия комитетіне иұсқаушылықка алынды. Онаң соң үгіт-насихат бөлімінің менгерушісі, онаң соң идеология мәселелері бойынша секретарь бол шыға келді. Біздің заманда әр түрлі шаруашылық жоспарлар қалай шапшаң орындалып жатса, Әbdіғали сияқты үміт құттірген жас кадрлар да шапшаң өсіп жататыны бар гой.

Бірнеше жыл тапжылмай, ол осы тұғырда қонақталды. Бұл сөйлейтін сөзді иұсқаушылар жазады: біршін, екінші хатшылар сөйлейтін сөздерді Әbdіғали жазады. Кезек ауысқан дүние. Осылай жыл артынан жылдар жылжи берді. Алып-ұшқан жас жігіт байсалды, биназ, жігіт ағасының кемелді шағына жетті.

Бедслі өсіп, қызметі қаулап тұрған адамға жүрт та үйірсек. Етке жабысқан бес сияқты осы бір қосалқы мінез қашама қаулыларда аталып жатса да, қалмай келе жатыр-ау. Без жара болып ісінгеше, өзінің баржоғын білдіртпейді. Бұл қолпаштау атты мерез де көзге

шел боп жабысатын ауру. Соның көлеңкесінде Әбдіғали да біраз жүрді. Қошеметшілер кекіртіп қонақ қылып, лепіртіп небір жақсы тілектер арнап жатады. «Әбекеден» жақтары бір жаңылып көрген емес.

Жоғары жүрген адамды «қөшіріп-қондырып, өздерінше орналастырып жататын» сәусегей саққұлактар тағы бар. Солардың дуадақша дүрліккен кейбір лепірмелері аракідік ел арасында дүңк-дүңк етіп, көтеріліп-басылып жүрді. «Әбекенді облысқа әкестеді дейді», «Әбекенді министрғе жобалапты дейді». «Әбекенді Алматыға ЦК-ға шақырыпты дейді» дегендер гу-гу ететін. Сөйтіп жүртты дәмелендіріп, тамсаңдырып жүрген Әбдіғали дүйім қауымды таңқалдырып, биыл орнынан сыпырылды да қалды.

Жоғары қызметте жүріп қалған адам қашан өзі ти-тықтап төмен түскенше қолдай тұратын, біржола төмендетіп кетірмей, жағадаи тартып, сөзбактай тұратын да тәртіп бар. Сол ретпен Әбдіғали өзі бұрын қызмет жолын бастаған мектебінде директорлыққа сұранды.

Бұл сұрануда көбіне пәндершілдік есеп басым болатын. Алдымен «қызмет қолдың кірі, бүгін бар, ертең жоқ», дейді ол. Қолда тұрганда ортаңқол үй иемденген қай секретарь бар, жеті-сегіз болмай, орам-жайы мол қамтылған, жақсы-жайлы тұрмысқа не қажеттің бәрі дерлік жасалған үйі бар. Дәл орталықта. Жергілікті жерге қыр көрсетіп, басқа аудан не басқа облысқа кетіп бақ сынайтып жаста асып барады. Оның үстіне ол жақтарда «е, Әбеке» дейтін кіслері де жоқ. «Бұрынғы өз колективі опак-сопак демес» деп осы кәнігі жұмысына қайтадан оралып, соган бірыңғай ден қойған.

Дәл осы тұста ойда жоқта әкесі қайтыс болды. Жетпістен асса да нығыз шал еді. Ауырмай-сырқамай, шәй үстінде басын ұстап қисая берді де тіл тартпастан жан кешті. «Баласының қызметтеп түскен қайғысына шыдамаған гой»,— деп жүрт ду ете тұсті. Бұл жарты сөз Әбдіғалиға да жетті. Орныға бастаған көңілі шайқа-

лыш-шайқалып бір кетті сонда. Араға уақыт түсे қеле, бұл да ұмыт болып барады.

Осы елестер қуалаған Әбдіғали совхоз кеңесіне таяп келді. Бұрынғы әдетпен ол ең әуелі транспорант, плакаттарға көз салды. Ет, сүт, жұмыртқа... түрлі-түрлі цифrlар. Мінде, әдеттегідей көрсеткіштер тактасы толтырылмай бос тұр. Әбдіғали соған таяп кеп шұқшия берді де, оқыс бойын түзеп алды. Өзінің секретарь смес, мектеп директоры екендігі, енді бұл көрсеткіш такта жылдан бос тұрса да шаруасы шамалы екендігі есіне жана түскендей. Секретарь болсан, кабинетінің терезесінен қарап отырған директор Қебен мана аңқалауда, «Әбекелеп», алдынан шығып, басқыштың бер жагында күтіп алмай ма...

Қебен демекші... Оның кабинетіне сұрапашылап Әбдіғалидың алға келе жатуы. «Әбеке, қымызга қам жемесіз, түнде күмпілдетіп пісіп-пісіп, күнде таңертсің біздің жігіттер үйінізге жеткізіп тұрады» деп жүрстің Қебен. Мұның «қонақ келуші еді, бір құлақ керек болатын түрі бар» дегенше «Е, Әбеке-ау, сол да сөз бол па, жігіттер сойып, мүшелеп, басын үйтіп апарып тастайды да» деп тұратын Қебен...

Сол Қебен қашанғы дағдысымен сағат таңғы жетіде бастайтын планеркасын өткізіп отыр екен. Есіктен сұраусыз кіріп келе жатқан Әбдіғалиды көріп, бұрынғы салтымен орынан көтеріле берді. Бірақ бұл әдет дәл қазір жөнге асып, жол-жорага жүрмейтін есіне түсे кетіп, бөксесін орындыққа жapsыра койды. Сәлемдессуі «Сә...метсіз...» дегендегі ғана жыбырланқы естілді. Еріннің үші ғана қыбырлайды. Біршама уақыттаған соң «Сен солай ет, сен бұлай ет» деген нұсқаулар айтылып болып, кабинетте екі директор онаша отыр.

— Иә, бұйымтайнызы, — айта отырыңыз,— деді Қебен.

Совхоздың бас мамандары әлгінде лебінен нәр алғылары келгендей ентелеп, директор столын қаумалай

отыргандықтан, Әбдіғали шетірек жайғасқан болатын. Бұрынғы екпілмен директордың қақ алдынан орналасып алура бір бекініп тұрды да, педагог адамның сыйпайылығы үстап тартышактап қалды. Бөтен кабинет әрі Қебен ықылас білдіріп, слілдей қоймады. Өткенді өгейситін сәт бұл емес.

Автобус жөніндегі тілекке Қебен:

— Бір жапырак қағазда бір-екі ауыз өтініш сүйкей салсанызы, ойластырайық, — деді де орнынан тұрды.

Мұнысыпа шытынып-тіксініп қалса да, Әбдіғали ол сезімін ішке бұктыра:

— Хабарын қалай білеміз? — деп сді:

— Арамыз жақып емес не, тағы бір соғып кетпей-сіз бе? — деді анау мізбақпастай.

«Телефон бар емес не, звондай салыңыз» деп те айтпады.

Жоғарыдан төменидегендегі мұндаи хал болады-ау деп Әбдіғали мүлде хабарына алмайтын. «Бір қызметтеп кетсөн, бір қызметке келдім, иссі бар» деп ойлайтын. Олай емес екен. Осы кабинетке кіргеннен бергі жарты сағатқа салым уақыттың ішіндегі ұсақ-түйек шымбайына батты. Бір сүйем төменидеп жерге кіре түскендей. Бұл шығар есікке беттей бергенде, «Әбекесі-ау, құнжимай сүңғақ жүрсеңіші», деп қалжындаған боп, Қебен мұны алақанымен ияқтаған қағып қалды. Қедімгі бір төсекте жатып, бір аяқтаған ас ішіп жүрген құрбыжайы болар ма. «Ияқтаған басам, аяқтан шалам, қайтсем де енді қолымдасын» деген белгісі сияқты.

Әбдіғали осы бір сэттердің денесін кірпіше жиырылтқан әсері мен бүйіғы көнілде мектепке келгенде, физрук Мұстакым көлбендеп алдынан шыкты. Бүйра басы додалаңған, мұрны бетіне жабысыңы сары жігіт.

— Эбеке, автобус мәссесі... — деп ескертті.

— Жолықтым, болып қалар.

— Сонда балаларға хабарлай беремін ғой?

— Хабарлай берсеңізші. Болып қалар...

Мұнан соң екеуі кабинетке келді. Жарыска қатысатын балалардың тізімін дайындал қойған екен. Мұстакым енді бұған бүйрық ретінде мөр басып, қол қою керектігін айтты. Әр фамилияға бір жол беріп шұбалта жазылған тізімнен Әбдіғали өз баласын таппады. Қайта оқыды. Ақтарылған кейіппен Мұстакымга қарай бергенше:

— Сіздің қу запаста ойнайды,— деп ашау жауабын беріп те салды.

— Ім, негізгі командаға леге алмай жүр де,— деп барынша жайбарақат сөйлемеді Әбдіғали.

Директордың ынғайын сезіп отырған Мұстакым би-паздай жөнелді:

— Келешек, мүмкін, негізгіге де кіргізіп жіберерміз. Эзірге... жасқаншақтау...— деді созалац үимен.

Бүйрыққа мөр басып, қол қойған екі ортада «жасқаншақтау... одан да корқақ, ылжық десейші. Доп ойнауға да жүрек керек десейші» деген ойлар миын шымырлатып-шымырлатып бір өтті. Баласы өмірбақи запаста жүретіндей көрініп кетті оған.

Дәл бұл сэтте оның қолынан келгені телефонға жармасып, үйіне звондады.

— Эй, сенің не білгенің бар,— деді әйеліне,— Біздің үл запастағана ойнайды екен.

— Оны не қыл дейсін,— дейді әйелі.— Баяғыда келісеміз жоқ па: қызды мен тәрбиелеймін, үл сенің мойнында.

Әбдіғали директорлыққа (совхоз директоры болса да бір сәрі) мектепке... соңқиғаннан бері жамагат тақырын сөйлейтін бол алған.

Қызметтен құлаған ештеңе емес-ау, бала назардан шығып кетіп, жүрген-құрықсыз кетсе не болғаны? Доп құғанына мәз бол жүре беріпті өзі. Атақ-дәреже деп жүргенде тапқан ең ауыр жазасы осы болмаса иғі еді!

«Әкем менің күйігімнен өлді» деген қауесет рас бол жүрмесін» деген ой тосыннан киліге кетті Әбдіғалиға.

Дайын бұйрықты саусагына қыстырып, Мұстакым мана шығып кеткенін жаңа аңдады. Екі шекесі солқылданап, денесін бір әлсіздік жайлап бара жатқанын сезінді...

АЛТЫН САҒАТ

— Жолken, тұрағой, табын шығып барады,— деген сөздеріне ілесе Бәдишашың алақаны баласының маңдайын еппен сипап өтті.

Күнде керіліп-созылып, кештете тұратын Жоламан сығырайған көзін қабыргада салбырап тұрган қалта сағатқа қадап еді, таңғы алтышың шамасы екен. Қорпені ишқтан асыра қымтап, бүккән қалпы жайлыш төсекті қимай жатыр. Еріксіз үзілген тәтті үйқы қайта жалғасып, Жоламанның танауы пысылдай бастағанда, шешесі тағы ояты.

— Тұр, Жолken, Бекенай тосып қалады.

Шынында, «а-а, алөкис, а-а, қарөкпе»,— деп мал қайырған Бекенайдың даусы терезедең еміс-еміс жетіп тұр. Сол дауыстың зорайғаны — ұбақ-шұбақ табын осылай қарай жақындағанының белгісі.

Сілекей шұбыртқан таңғы үйқыны қанша қимағанмен, қайтсе де тұру керек деген шешім мендей бастады.

Жоламан бұл шаңыракта балалардың кішісі, тұбінде үяда қалатын осы болғандықтан ба, бұлардың ортасында Жоламанның жөпі бөлск.

Осы кіші ұл биылғы жаз әке-шеше, туысқан-туғанды үлкен уайымға бөлеп тұр. Оқу жылының аяғында мектеп балаларын тексерген дәрігерлер Жоламанның денсаулығында қылау бар деп топшылаған. «Небәрі жетінші класта оқып жүрген баланың жүргегі ауырады деген не сүмдүқ!»— дескендер де табылды.

— Өмірі аяғына рәзеңке киім іліп көрген емес, бұған ревматизм қайдан тап болды? — деп таңданды шешесі.

Кейде Жоламанның «басым айналып, көзім қарауытады» дегеніне «тымау-сымай жабықсан гой» деп қара бұрыштатқан салмаға бекіретін де қалың қымтап жатқызып тастайтын. Қасқыр ішіктің астында бусанып, терлеп, денесі женілденген Жоламан біршама сергігендей болып, балалықтың қызыумен ойнақтап кете баратын.

Ауруханаға жатқызар еді, сондай құлазып түрған науқас емес. Сырт қарағанға — көнілі тетік. Оның үстіне дәрігерлер:

— Жазғы каникул да таяп қалды ғой. Үйдің күтімінде болып көрсін, өзіміз де байқай жүрерміз, — деп қорытынды айтқан.

Әйтсе де Жоламан өзін аурумын деп сезінген емес. Бұған тіпті сенбейді. Қол-аяғы балғадай, бүйрек беті бұлтиған аппак, әдемі баланы дімкөс деп кім айтар. Кім қияр оны науқасқа. Тіпті өзі де кейде:

— Менің ауруым кай жерде осы? Жүрек қай жакта болады? — деп шешесіне құлетін.

Соңғы тоқсан тәмамдалып, сабактан мойны босасымен, Жоламанның тіршілігі әр сағаты, әр минуті есептеулі қатаң тәртіпке бағынған. Соның ең негізгісі — мол үйқы. Ерте жатып, кеш тұрады. Түскі тамақтан соң тағы үйқы. Эке мен шешенің бар білетін режімі осы. Тіпті бұл ережеден бұлжытпас үшін, әкесі өзінің жіңішке үзілмелі күміс баулы алтын сағатын ұлына беріп қойды. Онысы үнсемі Жоламанның кереустінің түсініда ілулі тұрады. Бұл жанға жайлы, әлдилегендей бірса-рынды тіршілік бүгін бұзылайын деп тұр.

— Оу, үйқыдан басың ісіп кетіпті ғой, — деді Бекенай есік алдында өзін күтіп түрған Жоламанға.

Бекенай десе дегендей. Тықыр бас, тайқы маңдай, қонқы мұрын, қалың қабак, жасы отыздар шамасында-

ғы алқам-салқам бір адам. Қалың ерінді үлкен ауыздың жабылып тұратын мезгілі сирек. Бірдене айтсам ба деп, бірақ сонысын өмірбақи айта алмай жүрген адам сияқты. Бөкенайдың үстінде ашиқ бояулы бір киім болса-шы. Өмірі өтек көрмеген қара пенжек, қапқа ұқсап делдиген қара шалбар. Жұдырықтай кенірдекті әйгілегендей тор көзді түймесіз кейлек. Оның өзі де коныр түсті. Сол аяқтағысы сол жаққа қарай жантиған сірі етік. «Маңдайың жамаи той тайқиған әке-сненді ерте жұтып», — деседі кейде жүрт.

Қалай десе де, жеке басты Бөкенай бір туысының босағасында жүріп жатады. Тәрбиссіз өмір оны берекесіз бір тіршілікке икемдеген. Тапқаны қапқанынан емес, жұтқанынан қалмай жүрген жан. Байлық, жарлық дегенде жұмыс жок, өмір кешкеніне селсок. Айналадағы жүрттың бірді алып, бірді беріп, алдыrmай-жұлдырмай тұрмыс құруға тырмысқап арпалыстарынан мұлде бейхабар адамдай, тоқтықты, жоқтықты елең қылмайды да. Кейде ішін алғанда, «байлық, жарлық, прощай» дейтіні де бар.

Тұмыста мұның аты Бөкен болатын. Шешесінің бірер рет «Бөкенжан, Бөкентай» дегені де есінде. Бірақ осы сүрқай мәнсіз тіршілігі оның атына да өзгеріс енгізген. «Әй» деп әшейін айтыла салатын қосалқы мұның есіміне тұрақтап қалғаны қашан.

Бұл күнде Бөкенай жеке меншіктің малын бағады. Өзі және арзап бақташи. Біреулар әр басқа төрт сомнан бағу құнын шыгарып сыйданса, Бөкенай «Осы ауылда мал тұяғы баршишық, скі тенгеден жинағаның өзінде де айна екі жұз сом ақша қалтама түседі екеп, білдің бе...» — деген шолақ есеппен алты ай жаздың бақташылығына көне салған. Мәтелі бол кеткен «білдің бесін» келекелеп, жұрт кейде «білдің бе, бақташы» деп те атайды береді.

Кеше кешкүрым Бөкенай сиыр сауып отырған күйі көзінен жас сорғалаған Бәдишага кездескен:

— Оу, апасы, бұл неменеге жасып отырганыңыз?— деген аңқаландап.

— Қайбір жетісіп жылайды дейсің, Бекен-ау; Жолкен ауруғып түр ғой. Менің мұнымды көрсө, бала көнілі үгіліп кістер де сиыр бауырында өзіме-өзім ерік беріп отырганым да.

— Ойбой, апа-ау, соны сөз деп,— деген Бекенай,— Жетімшілікпен өскен мына менде қырық түрлі ауру бар, білдің бе. Бірақ соның бәрін ойлай берсем, шақшадай басым шарадай болмай ма. Аракты кеңірдектен келтіріп, аурудың құрттың соғақ тұншықтырып қоям да жүре берем...

— Е, әбден араққа пісіп алған сенің жөнің бір басқа. Жолкен балағай әлі.

— Міне, сол балалығы Жолкеннің пайдасы емес пе,— деп жатыр Бекенай,— Алаканға салып әлпештеген күтімді бала ертең-ақ тәуір бол кетеді. Оның қаны әлі бұзылмаған, кіршіксіз қалпында емес пе, білдің бе...

Бекенай екеш Бекенайдың бұл жөн сөзіне Бәдиша әжептәуір жұбанып қалды:

Аузында арамдағы жоқ аңқай бозым-ай! Лайқаның келсін! Тіпті көнілімдегіні тауып айттың-ау,— деп ризалығып білдіргендей, көбіргі үлпілдеп, буы бұрқыраған құнарлы сүттен бір кесс жұтқызды.

Аузын сүртіне әрі кетс берген Бекенай ссінен бірдене түскендей кідірді де:

— Апа, сіз Жолкенді үйде қамауда үстай берменіз. Анда-мында серуендетіп дегендей қыдыртып қойыныз,— деді.

— Пәлі, шырағым-ай, шопыр әкесі үнемі жол үстінде, мен от басылық шаруадан шырғалактан шыга алмаймын. Кім оны қыдыртады?

Маңдайын күс қолымен сүйкеп өткен Бекенай:

— Ара-тұра маған сртіп жібсріңіз,— деді.

— Бекен-ау, сен арак ішіп жатып қалсаң не болады?

— Е, жатып қалсам, аяғы бар емес пе, жүре берсін, білдің бе.

— Қайдам...

— Оны өзіңіз білініз. Менікі әйтеуір өзімше жаны ашығандық та, пендеміз гой...

Таза ауа, көк майса тогай іісі дегенді құп көрген Бәдиша аз кем толғаныстан соң, таңертең ертемен Жоламанды Бекенайға ертіп жібермек бол келісті. Сол уәдемен келіп тұрған бакташымыз осы.

— Ал, Жолкен, дайынбысың? — деді.

Үйдегі бар жылы-жұмсақ бір сөмкө бол сықайып, Бекенай «агаш ат» дейтін, мініске совхоз берген мәстегіне өңгерілді. Есінеп-пысынағап Жоламан салт мінді. Ауылдан шықпай-ақ жерге қадалған сиырларды қамышы ысқырығымен қайырып, жөнкілте тартқан Бекенай жаяу.

— Жолкен, сағатыңа қарап отыр. Тамақтанатын уақытынды асырып алыш, — деп Бәдиша сондарынан айқайлап ескертті.

Өріске жете Бекенай:

— Ал, бала, мына кең даланың ауасын қапшықтап па, шелектеп пе әйтсеуір кеудеце құя бер, — деді.

Сонаң соң тілдескен жоқ.

Тұні бойы құйіс қайырумен өзін-өзі алдарқатып шыққан аш малдар отын қандырып, көлшіктегі салқын суға қойып кететін сәске түс көзі де келді. Су ішкені су ішіп, сусындал болғандары көл бетін «камшыларымен» сабалап, шылпылдатып тұр. Мал тойынғанша дамыл таппаган Бекенай әлі де үнсіз еді. Тек анда-санда төс қалтасына салып әкелген арактаң сусындағандай рахаттана жұтып-жұтып қояды.

Көлшік жиегіне табын жайғасқан соң ғана Жоламанды не үшін осында ертіп келгені есіне түскендей, үлкендік міндеттіне кірісті:

— Ал, бала сағатыңа қарап жібер, тамақ ішетін уақыт болды ма? Қалжыраған шығарсың? Басыңа күн

өткен жоқ па?— деген сұрақтармен бала серігінің хал-
ахуалын андал-біліп алды.

Тамақтанып болған сон, Жоламан:

— Таза аудан басқа ештеңе қызық көрсептедің ғой.
Күн де шыжып кетті,— деп кінәлай сөйледі.

Сол сөз қамшы болса керек, Бекенай:

— Э, саған қызық керсік пе?!— деп ширықты,— Он-
да қызыққа кенелтейін, білдің бе...

Үлкен аузы көстен-көстен етіп, ол Жоламанға шұғыл
бұрылды:

— Алдымен сені емтихандап көрейін, айтшы кәне,
ішінде таң атқаннан еп жайлап жүрген тоғайдың атын
білесің бе?

Жоламан ақ-тан. Тіпті ойланбаған сұрак.

— Э, білмесен, бұл «Мыңшұқыр».

— Мыңшұқыры несі?

— Осы тоғайдың іші шұңқыр-шұңқыр ойдым-оидым
көлшікке толы. Мүмкін мың болатын да шыгар. Кім
санадан... Жұрт солай дейді, білдің бе...

— Э-э?!— деп таңданды Жоламан.

— Э болса мә! Солай шыгар,— деп Бекенай оның
танауынан шертіп қалды,— Саған сол мыңшың бірін
көрсетейін. Жұр...

Бекенай қолынан сүйрей жөнелгенде Жоламан:

— Малдарың бытырап кетпей ме?— деп тартышашақ-
тап еді.

— Мал сырын баққан біледі деген, шырагым. Бұлар
казір күн еңкейіп каруы қайтқанша су маңынан кусаң
кетпейді.

Айтылмыш көлшікке келгенде, Бекенай тоқтай қал-
ды. Түріне қарасан, Жоламанды тағы бір құпиямен таң-
дантпақ ойы бірден ақтарылғандай. Өзі де сол құпияға
слігіп алған сияқты.

— Сен тірі шорагайды қолыңа ұстап көріп пе едің?—
деді кабағын соситып.

— Жок.

— Ендеше саған сол қызықты көрсстейін. Шешін.

Алдарында үй орнындағы бол дөңгеленіп жатқан қоңыры сулы шалшықта жалаңаштаған екеуі шалпылда-тып жүгіре жөнелді. Бар теренідігі Жоламанның кіндігі-нен ғана екен. Алғаш жүрексінсеппен басқан бала енді тізесін көтере-көтере шапқылайды. Тайыз су шымыр-шымыр лайланып, тұбі бетіне шықкан кездे Бекенай:

— Ұста алдындағы шорагайды,— деді.

Жан-жағына алактап қалған Жоламан қарсы алды-на тіктеп қараса су бетінде қоңырайып балық тұмсыры шығып тұр. Эрине, қарақошқыл батпактанған судан тыңыс таппай, жаң сактаган түрі гой. Құмарлық женген Жоламан су астына қолын көлбесте, иыққа дейін сұнгі-тіп жіберді де, салаң еткізіп шорагайды көтеріп алды. Балық бұқынғанда ұстап қала алмасына көзі жетті де, жағаға қарай лактырып жіберді. Сөйткенше:

— Лактырма, жағаға! — деген Бекенайдын ашы дау-сы шаңқ етті.

— Е, неге, пісіріп жемейміз бе?

— Жоқ, жемейміз.

Аңырып тұрган Жоламанды жиекко жетелеп шығар-ды да Бекенай шоршып, мәңкіп, қолараша дөңксіе қай-қаңдаған шорагайды сулы меконінс қайыра жіберді. Сонан соң:

— Колыңа ұстап тамашалаганың да қанағат. Мен болмасам мұны да көрмес ем. Бұл көктемде тасыған есіл сұннаған қалып қойған шорагайлар, білдің бе. Эйт-песе мынау шалшықта несі бар олын? Ұстаяу оцай, сон-дықтан да оны жәбірлеу обал, шырағым, білдің бе?! Ағын суда еркін жүрсе, ол саған бұлай оңай олжа болмас сді,— деп Жоламаның ауытқыған көңілін басты.

Онысымен де қоймай:

— Ал, шындаған балық сорпасына құмартсаң, қар-мақпен аулайық. Бұл, міне, адад еңбек,— деп бала жол-дасының иығынан қақты.

Осы үәдемен Бөкенайдың тал арасында тығулы қармақтарымен балық аулаған екеуі дала отына қайнаған жас сорпаға тойып, кек шөптө шалқалап біраз жатты.

— Үақыт қанша боп қалды? — деді бір кездे Бөкенай.

Үйреншікті қимылмен қалтасына қол салған Жоламан сағатын орынан таппады. Басын жерден тік көтеріп алды:

— Жоғалттық!

Бөкенай да жылан шаққандай атып тұрды.

— Не дейді, масқара? Қекең енді үрсады-ау!

— Үрсуын үрыспайды. Олардың бар мұңы — мені ренжітеді. «Сағат деген пемене, өзің аман бол» дей салады да...

— Сонда да бұл өзі ыңғайсыз болды, білдің бе? Іздейік...

Бірақ жоқ табылмады. Су жиегін, шалғын арасын көзгөнмен, еш нәтиже шықпады. Салы суга кеткен екеуі күн үялай үйге жетіп, бұз хабарды айтқанда:

— Қалай ол ғайып боп кетті? Бүрге боп үшты дейсің бе?! — деген сұрағымен қоса Бәдиша Бөкенайға тіксіне қарады.

Тістенген ауыз нақтап айтпағанмен, бұл көзқараста сенімсіздік нышаны жылт ете түскең еді. Соны анық ацғарған Бөкенай нығын бір қиқаң сткізді де мәстегін жетектеп жүре берді. Тек астыңғы ернін қатты жымқырып алған. Оның актала қояр дәлелі жоқ еді. Дәл бұл халге оған ешкім сенбесі де анық. Иығы салбырайып, аяғын сүйрете басады. Бар әлемнің кемшілік, наласы осы келбетіне сиып кеткендей.

— Апа, ол кінәлі емес қой! — деп Жоламан шыр ете түсті.

— Кімді кім біліп болған... — дей салды Бәдиша, — Жәрар, өзің аман бол...

Аймалаган шешесінің құшағында тұрган Жоламан ның сол жақ кеудесі сыздал қоя берді де, бір-екі рет

шашып қалды. «Е, жүрек осы жақта болады дейтіндері рас екен ғой», — деп ойлады бала. Ол өзінің дімкәс екеніне осы жолы алғаш рет дең койды...

БІР ТЕНГЕ

Далбай таңертең кеңседегі дағдылы қызметіне жөнелуге қамданып жатқан. Есікке ұмтыла бере, қашанғы әдетімен отырарлық жағы жылт-жылт еткен шалбарының қалтасына майдан ісіңкі тартқан быртық қолын сұқты. Ол күнде осылай: «Шітеңе ұмтықан жоқпын ба?» деп маңдайын ұстайды да ізінше «орнында бар ма екен?» деп жаңын сипалайды. Әйттеуір, құдайы пана болғандай, әлі бір рет те өзін асырап жүрген осы бір тұтам темірді жоғалтып көрген емес. Одан қапелімде айрылып қалса, не істер еді — ол жөнінде ойлауға да қорқады.

Бұл жолы шүберек баулы кілтке қосақтала тағы бірдене ілікті. Бір тенгелік акша екен. Қағаз болғанда еленбей де қалар ма сі, мынауысы мөрдін дөңгелегіндей монтиған сап-салмақты күміс құйма. Кеше кәсіп одак жарнасын төлегендес артық қалған. «Тым құрығанда пенжек қалтасының бір түкпірінде жатпай, шалбарға қайдан леккен? Түсіп қалса қайтеді...» деп ойлады Далбай.

Оған осы тенгелікпен қабат бір қобалжу пайда болды. «Енді мұны қайтсем екен?» деген ой мазалайды. Сол сәтінде өзіне көзілдірік жаңартып алуды қажетсініп жүргендігі есіне түссе кетті. Іс қағаздарын қарауға деп алған көзәйнегіне де опшакты жылдан аскан. Оны созылмалы рәзенкемен иоқталагалы да бірнеше жылдар өткен. Осы бір тенгеге келетін болса, сатып алмақ ойға бекініп, мыртың-мыртың жүріспен аптекаға беттеді.

Бірақ жолшыбай ми қабатында оқыс көтерілген басқа бір ой оның көнілін бұзды. Әйнегінде тарам-тарам тырнақ дақтары бар көзілдірікті жаңартқан теріс те болмас еді, бірақ осынысының тап бүгіндері қажеті бола қояр ма екен? Қенсірігіне үнемі қоңдырып жүрсе бір сәрі. Анда-санда танауға ілінетін екі дөңгелек шыныға бола ақша шығындаған кисынға келе берсө ме екен? Қез келген стол үстінде қалдырып жүре берсе ешкім қызықпайтын сол көзілдірігі де өзін тагы бір кыр асырып тастамай ма... Аптекаға жете бере, кілт тоқтады да бүйір жолга бұрылып кетті.

Азық-тұлік дүкенінің маңында бір қолымен жүрегін басып, екінші қолымен шекесін үстаган екі-үш адам торуылдап жүр екен... Олар Далбайға сүзіле қарады, бірақ ештеңе деп тіл қатқан жоқ. Алда-жолда олар «қосарға бір теңге жоқ па?» десе де, Далбай қосылмайды. Өйткені ол күмәжінегисен ақша шыгарып арак ішпейді. Бұл кассир болғандықтан, өзіне тиісті жеке бөлмесі бар. Терезесі темір торлы, сырғымалы шолтиған шымылдықпен көленкелей қоюға да болады. Сопхоздың орталық кенсесі еңселі үй болғанымен, оның ішінде де өңкей етегіне намаз оқитын сұпылар отырмайды. Жұмыс арасының қаға берістерінде жұз грамм жұтып жіберуге күйс іздегендер Далбайға соқпай кетпейді. Мұның жалдамаға стаканы дайын. Соның ақысы, күйстың бөксе басар жалы дегепдейін Далбайдың да кенірдегі қылқ еткізуге кет әрі емсс. Сондықтан ол кейбіреулердей үй айналғанда беріп абы су бөліспейді, дүкеннен жан қалтасына жасырып бөтелке тасымайды. Яғни сырт көзге түспейді. Бәрінен де асканы — теңге сактаулы.

Кенсемен капиталдас киім-кешек дүкеніне көзі түскеңде, қырындауық аттай тағы да ойқастап қалды. «Галстук ала салсам ба екен?» деген бір ой жстелеп түр.

Үйде шифоньерде ілуі түрған сыңар кара галстук Далбайдікі. Қайде мейрам күндері болмаса онысын

такпайды. «Қарғыбау байлап, соңша мен кіммін?»— бұл жөніндегі оның пәлсәпасы осы. «Қой,— деп қайта қо-балжыды,— қалындыққа барад шақ баяғыда өткен. Елуге келгендегі галстук жақартып жатпасам да жаар».

Осылай құбылып-толқумен қызмет орнына бас сұ-ғып, «мен бармын» дегендегі бір көрініп шыққан Далбай өз-өзінен тықырышып, баянсыз бір халде. Бухгалтерия-дағыларға «көп кешікпей ораламын, бір тығыз шаруа бол қалды» деді де селопың орталық тұсындағы жинақ кассаса беттеді. Мұнда келісімсен, тілдей қағазға аты-жөнін жазып, бір тәңгесін сақтық қорға өткізу ииеті бар екенін білдірді.

Бұл кассада, әрине, теңге түгілі тиын әкелсе де қабылдау қажеттігі туралы төртін бар. Эйнек терезенің ар жағында отырған әйел бұған зер сала бір қарап алды да тиісті есебін жүргізді. Далбайдың жұқатай көк кінежкесіне он мың бір сом деген жаңа сан жазылды. Қөңілі жаңа тынғандай, кең тыныстап, кеңсе жакқа бет түзеді. Сақтық кінежкесі салынған төс қалтасын қайта-қайта қолымен сипалап қояды.

«Осы бір теңге бір жылда неше процент үстеме қосады екен?» Далбай мүндай сұрақ бұған дейін санасына келіп көрмегеніше гажантанды. Ол жұмыс соңына дейін соны есептеп шыгармак. Осындай ми қозғайтын ой өзін іздел тапқаныша куашын, құлшынулы...

СОҚТЫҒЫС

Облыс орталығынан көнітете шыққан автобус уақыттан ұтып қалайын дегендегі, лепірме екпінмен аршындаш келеді. Түйіншек, бушишақтарын аяқ тұстарына жайғастырған жолаушылар барі бір ырғақпен теңселіп, маужыранқы қалыпты. Қазақ арбаша секендетпей, жүйелі бір діріл денені қытықтайтыды.

Терезе жақта орналасқан Эскер көз алдарқатар еш-

тесе ілікпегенмен, асфальтпен қапталдас дала бойын тінтілей шолып келеді. Таңертең жапалактап жауған қардың дені кешке дейіп еріп кеткен. Оның қалдықтары салақ артылған арбадан қара жерге шашылып қалған мақта ұлпалары екен дегізгендей. Құз тартышақтап, қыс еріншектеп тұрган әрі-сәрі шақ. Даңада мал да, жан да көрінбейді. Бар тіршілік осы тасма жол үстіне, оны бойлай жосылған машиналардың ішінсө көшкен сияқты.

Насихатшылардың үш күнге созылған семинары бүгін аяқталғанды. Жолақыға берген тыныш-тебені қалтага қымқыра сала, автовокзалға жедел жеткен Әскер қосымша бөліпген осы автобусқа әрең іліккен. Төрт сағаттық жолда бітіре қояр шаруа не басқа ермек жоқ, ол қазір көзін тас жұмып, әлдебір елестерге елгізіп отыр. Қенет:

— Тұк тәртіп жоқ,— дегеп күнкіл оның манаураган қалпын бұзып жіберді.

Он қолда отырған көршісі екен.

— Бірдене дедіңіз бе?— деді Әскер.

— Біздің осы жүрісімізден тұк тәртіп көре алмай келе жатырмын,— деді анау тағы.

— Э-э,— деп жайбарақат қалды Әскер.

Мұның жол серігі осы автобус ішінде отырғандардың біріне үқсамайды. Қірпігінен қар жауған, қырыс қабак кірпияз адам. Өмір азабын көп көрген бе дерліктей бетіне әжім не сакал-шашына қылау түспеген. Жымырыңқы еріп, тікеек көз, сұп-сұр келгегін. Үстінде бұл күндері музейдеғана табылатын қара кітель, аяқта сықырлауық былғары етік.

Әскердің бейтаныс адамға өзіншес мінездеме беріп, тіпті ат қоятын да машины бар болатын. Көрісін бірден «болам деп бола алмай қалған бір дөкейсің-ау»— деп нобайлады. Сірә, елulerден асқан бұл кісінің атын әке-шешесі Бақдәulet деп қоймады ма екен деп те жорамалдайды. Әйттеуір Шұлғаубай, Жаңбырбай, Қарғабай

емес. Әлде «мандайдан бақ жарылмай», дәulet дарымаған, әлде дәuletі бар, бірақ бақта жарымаған адам. Әйтеуір ортакөңіл біреу екендігі көрініп тұр.

Міне, осы «Бағдәulet» сөйлеп отыр. Терезе жакқа қарап сөйлейді:

— Осындай да автобус бола ма еken. Алым-жұлым. Не жарығы, не радиосы жок. Пеші де жанбайтын шығар, сірә.

— Эрине, «Икарус» иен «Туристің» бірі болған да жөн еді. Бір-ақ бұл қосқалқы көлік еkenін білмейсіз бе?— деп Әскер өзінше тойтарыс берген болды.

— Косалқы еken деп осындай салдамаға отырғызу керек пе сонда?

— Бүгін күн жұма. Қала халқы десмалыс күндері жайлауга көшкендей сл жакқа жол тартады. Біз сияқты комондировкаға барып қалғандар қаншама. Сондықтан ескі машиналар... —дей берген Әскерді «Бағдәulet» киіп кетті.

— Ақтама, шырагым, актама... Тұк тәртіп жок.

Тәртіп, тазалық деген, шынында, бұл автобус ішінде жоққа жақын еді. Жылжымалы терезе шынылары мықты бекімегендіктен, сұлдыр-сұлдыр етеді. Отырғыш кресслолардың былғарысы тілім-тілім, жақтаулары айқұш-үйқыш жазу-сызулаr, суреттер. «Болат, Мәстура — махабbat» дегеннің жөні басқа-ау. Кейбіреулер жұртты таң қалдырайын дегендей өзінсө жан беріп, жарық дүниеге шыгарған ата-анасының мүшелерін айғақтап, бадырайтып-ақ жазыпты.

— Бәріне кінәлі біз, жолаушылар емеспіз бе? Әйтпесе автопарк басшылары осының ішіне кіріп алып, өздері салды деп отырсыз ба?— деді Әскер әлгі әңгімелеге қайта оралып.

«Бағдәuletті» сөйлесте түскісі келді.

— Мәселе бастықтарда емес,— деп ол тыржың етті,— Әне, анау шофердің міндеті. Сол бәріне бас-көз болу керек. Ол осы күystың ішінде қожа.

— Дегенмен, оның көзі төртеу емес қой. Және көзі шіркін желкеге де бітпеген.

— Жоқ, кінәлі тек шофер. Бар жауапкершілік соның мойнында. Мәселен, әнебірсү темекі шегін отыр. Неге тәртіпке шақырмайды оны?

Әскер «Бакдаulet» нұсқаған жаққа қарағ еді, жеңінің үшінша жасырып папирос сорып отырган шалды көрді. Саясағы, тісі түгілі сақалына дейін тұтінмен сарғыштанған шылымшы кейіп бірін сөндіре салып, екіншісін тұтата бастайтын құмарпаз екенін танытып-ақ тұр. «Шылым шекпеніздер» деген жазуы бар қаңылтырды танаудына тақап қойсан да бола қояр шалдың түрі көрінбейді. Бір-бірімен тістескен жарма есіктің саңлауына үрлеп, тұтінді далада жібергенсіді. «Ішің білсін, үндеме» дегені болу керек, өзіне аңтарыла қараған Әскерге көзін қысып қойды.

— Қөрдін бе?

— Қөрдім,— деді Әскер,— Олай болса, қазір автобусты тоқтатып жұртқа біршама тәлім үйретсек те болады екен.

— Жоқ,— деп «Бакдаulet» қатқыл үймен кесіп айтты,— Ол біздің міндеткес жатпайды.

Әңгіме осы түсқа жеткенде, ызғып келе жатқан автобус бірденеден шошынғандай селк ете түсті де, сырғып барып тоқтады. Бейғам отырган жұрт шофер бергі жаққа шығып, өздеріне бұрылғанда гана шу ете түсті. Жас жігіттің беті әр жерінен тілімделіп, каш шынышып етеді. Иықтарынан түйір-түйір әйнек сыйықтары үп-ұсақ тамшидай су-су етіп сәкіге түсіп жатыр.

— Ойбай-ау, мынау авария ғой!— деп «Бакдаulet» ышқына айқайлап жіберді.

Жолаушылар енді ғана бірдеце үққашдай:

— Өй, не соқты, кім соқты?— десіп жамырай же-нелді.

Танғажайып оқиға іздегіш болса керек, біреуі тіпті:

— Үау, енді неге құламай тұрмыз?— деп құлді.

— Жағына жылан жұмыртқаласын! — деп бір әйел оны түйгіштеп жатыр.

Бұл күтпеген дағдарыс жағдайында басқалардан гөрі «Бақдәулет» жігітілік танытты:

— Эне, эне кестіп барады лағенет! — деп кейін қарай қолын сілтеді.

— Кәңс, кәне? — деп бәрі сол жаққа жапырылды.

Уақыт кешкүрм болса да, қарандылық әлі қоюла-нып үлгерген. Ұзғытып бара жатқан машинаны бәрі көріп тұр. Бір табан жақынласа қолмен ұстап ала коятында бол дуылдаған қалыптарымен бәрі далага шықты.

— Номерін байқап қалғандардың бар ма? — деді бірі.

— Оны қайдан көрсесің? Така осы согар-ау деп шүкшиып отырды дейсің бе?!

Жұрт гу-гу. Соңынан куа жөнелуге әшейінде ағылып жататын машиналардың да бірі кездесе кестпеді.

— Истерін істеп алып, енді безіп барады. Бұзық исеме!

— Ей, бұл жол ережесі деген болушы ма еді...

— Ешқандай жаза тартынай, кете бермек пе, бұл, ә!

— Қырылып жатсаң қарайтын түрі жок. Лағып барады еңе.

Бұл кезде жұрттың даурыгуында жұмысы жок, «Бақдәулет» автобус шоферін «бір қуысқа тығып» жатыр.

— Өзің жол ортасына ауытқып кеткен шығарсын? — деп қытымырлана түйіліп алга.

Шофер де оған ерекіспе жауап беріп тұр.

— Із жатқан жоқ па, бар да көр.

Сіра, өзінің кінәсіз екендігіне сенімді болу керек, қорқып-үркіп тұрған жоқ. Тек бар уайымы!

— Енді сіздерді қалай жеткізермін?...

Қолдан келер дәрмен жоқ, кіжінумен «қазан қайнатып» тұрған жолаушылар тағы да шу ете түсті:

— Бұрылды, бері бұрылды!

— Эй, анаң қара, рас, әй!

— Е, өзінің салақтаған тіркемесі бар екен ғой...

— Бәсе мынау таспадай тар асфалтта кері бұрылу үшін де мәніс керек емес пе?

Әлгінде ғана балағаттап, боктықтың иеше түрлісін жаудырысып тұрган жүрт ашу-ызадан қайтқан көңілмен боссанып тұр. Оның үстіне әуелі бүйір жолға шығып, онан соң кері айналған көк лайнер бұлар тұрган тұска жақындал те келеді.

— Е, бәсе. Ұяты бар иеме болды бұл! — десіп тұр жүрт.

Әлгі кездे қолға түссе, жеп жіберердей бол тұргандар кабинадан секіріп түсіп, өздерінс қарай апақтарап жүгірген бала шоферге сотқарлық көрсестіледі. Оның қорғалақтап:

— Өздерін... былай... амансындар ма? — деген сұрағына:

— Аман болғанда қандай! Өзінің шалбарың дым смес пе?! — деп қалжындал жатқан да бар.

— Өй, айтпанаң, зәре-күтүм қалғаш жоқ.

Бәрі жабылып, автобусқа соқтығыстаң тұскен зақымды қарап шықты. Қарсы маңдайдагы әйнек күлпарша болған, мотор тұстағы қаңылтыр үшіп кеткен, дәл белдеуден тұскен терек сзық бар.

— Мынадай тіркемемен рейске алғаш шыгуым еді, сіздерге қарай лықып кеткенін анғармай қалдым, — деп балаң шофер жерге қарайды.

— Қалай де, олай де, сен кінәлісің. Бұлтактама! Мына қағазға қол қой.

— ГАИ-ге апарамыз, — деп осы тұста «Байдәулет» киліге кетті. Өні бұрынғыдан да сұрлана тұскен.

Тетрады қалтасында жүретін бол шықты. Бір парақ қағазға автобус шоферінің фамилиясын жазыпты да, сөл тәмем «куә Байдәулетов Бағдәулет» дес, қол қойып-

ты. Қағазга бір қырындаі қарап тұрған Әскер өз көзіне өзі сенбеді.

Бас аманшылық болған соң, көңілге де кеңшілік орнаған. Автобус шофері:

— Сізге акт жаса деп сұраған біреу бар ма?— деді де кінәлі әріптесіне:

— Атың кім?— деді.

— Бекжан.

— Ақшаң көп пе?

— Енді... табу керек қой,— деп анау күмілжіді.

— Ендеше таңертен автовокзалда кездесейік. Мына есқі кебісті сенің есебіңсін жамап-жасқаймыз да...

— Келістік. Таңертеп сағат тоғызда сонда боламын.

Осы үәдемең Бекжан кейіп бұрыла бергенде:

— Алдаң кетеді, алдарқатып тұр,— деп Бақдәulet баж ете түсті,— Қатырмасын... қатырмасын алып қал!

Оның шақырайып кеткен тіксек көзіне қарап тұрған автобус шофері:

— Алдамайды,— деді де сак-сак етіп күліп жіберді.

Сол екі арада қайта жүгіріп Бекжан бері жеткен. Шыт жаңа шолак қара тои мен боялғап суыр терісінен құралған малақайды құшақтаган қалпы автобус шоферіне ұстадты.

— Киіп ал, тонасаш!— дей сала, ізінше кері қайтты.

Сәл аялдаса, біреу тоқтатып тастайтындаі.

— Міне, көрдіңіз бе қандай қатырма!— деп автобус шофері Бақдәuletке қарап тағы күлді.

Осының бәріне манадан үн-тұнсіз куә болған Әскер орнына жайғасып жатқашда, креслоға елден бұрын қонжиган Бақдәulet:

— Түк түсінсем бүйірмасын. Тәртіп деген болса-шы бүл. Осының бәрі қайда апарып соғар екен десеңші,— деп бүркүрап отыр екен.

Әскер үндеген жок. Сынық әйнектен салқын жел соққанмен, ол әйтеүір бүгін түнделете үйіне жететініне сенімді болатын.

Кесімді сағаттан Таңболат бірер минут кешігіңкіреп келді. Комсомол комитетінің мүшесі Бәзила өзі тындыруға тиіс жұмысты «жүргізіл» те жіберінті. Эрқайсының алдында бір-бір жапырақ қағаз жиырма шақты ересек оқушы бір кабинетті жайлап алған.

Сабактан тыс уақытта әйтсе-ақ түрлепе калуға құмар қыздар жағы бүгін де құлпырып кеткен. Біразында денемен дene бол жабысқан мейлінше тар джинси, шаштары иықтарды жасыра қобыраған, сырғапың неше түрлісі мөлт-мөлт етеді. Көзін сұрнелеп, тырнақтарын қаи қызыл бояп тастағандар да жоқ емес. Ойық кеуде көйлектер де әр жерден көзге үрады. Еркінсіген керек болса дегендей, үл балалар жағы көйлектің жогарғы екі түймесін ағытып жіберіп, төсті жалақаштан тастаган. Осының бәрі таңтеренгі сабактардан соңғы бір сағат үйге барып-келудің арасындағы бола қалған құбылыс. Бұл өнірге жаңа жеткен көтөм лебі бұларды әлден-ақ елтітіп тастаған ба дерліктей.

Бәзила ұсынған бір парап қалың қағазды алыш, Таңболат та жайғасты.

Өздерінше үлде мен бұлде болып, шала бұлініп отырған бұл топ жастары он алтыға әне-міне толуга жақындалап қалған балалар. Бұларға бір жұмадан соң паспорт тапсырылмақ. Ауылдық советке қажеті документ-қагазды бір жерде бас қоса отырып толтырайық деп мана өздері үйгарысқан. Бұл торысудың мәнісі осы. Күшілгері ауылдық советте болғанда үғынған кейбір түсіндірмелерін Бәзила Тоқболатқа арнағы қайта пысықтады:

— Алғашқы жолға фамилияны, аты-жөнінді баспа әріптерімен жаз.

Типографиядан шыққан бұл қалыңша қағазды толтырудың шарты — әркімнің тууы туралы куәлігі бұған негіз болмақ. Соған қарап паспорт беріледі. «Көне Рим-

де «фамилия» семья деген үгымды береді» деген тарихи бір анықтама есіне түсірген Тоқболат жан қалтасынан куәлігін сұрып алды. Паспорт үшін қажет қылмаганды, бұрын қолына да алмайтын. Әжесі Жәміш ескі комодтың бір сұрмасынан тауып берді. Ескі облигациялармен бірге шуберекке түюлі екен.

Тоқболат қағазға алдымен атасының атымен қойылған фамилиясын түсірді. Жалғастыра өз атын жазды. «Аштық жылы туған болармын ба...» деп бір мырс етті. Сейте отырып, ізінше әжесінің «сенің атынды өзім қойғам» деген сөзін есіне алды. Ендігі кезектегі «әкесінің аты» дегенге келгенде, қаламы тас бөгетке тірелгендей жүрмей қалды. Бұл тұсқа шолтаң еткізіп сыйық тартылышты. Бағанадан бері лепірген көңіл тынысы шорт кесілгендей болды.

Тоқболат меніреу қалышмас мелшиіп, бар бітіргені Бәзилаға қарай берді. Бұл бүйрек бет, тәмпіш мұрын, бүрік ерін қыз. Мұның шұртигын аузындағы ауыз бүкіл мектеп қыздарының бірінен табылмайды. Устінде оюлы, өрнекті қымбат күрте, аяқта қымбат етік. Жоғары класқа көшкенинек бері кілсің үшпен сырғанап келеді. Ара-тұра ерінбеген күні төрт алып та қалатыны бар. Ондайда «папам бұл үшін бүгін той жасайды» деп те отырар еді.

«Иә, бұл қыздың әкесі бар»,— деді Тоқболат өзінен-өзі. Биыл машина алғашқан бері Бәзиланы мектепке «Москвичпен» алып келіп, алып кетіп тұратын болған. Өзінің әкесін осы еркестотай ақ сары қыз жұтып қойғандай. Тоқболат соған ежірейіп әлі қадалып қалған. Мұның ештеңе жазбай жай отырғанын сезсе керек:

— Ал, куәліктеріңмен коса андағы қағаздарынды, фотосуреттерінді маған тапсырындар. Сельсоветке беретін екі сомды да ұмытпандар!— деді Бәзила.

Бәрі дүрлігіп, ұша түрсегеліп, Бәзила тұрған столды қоршап алды.

— Әй, сендерге қайтаратын ақша жоқ менде. Өзімде

де жыныма бес тенгелік. Ұсақтатып, ертең бірінші сабактаң қалдырымай тапсырарсындар,— деді тағы Бәзила.

Тоқболат байқап отыр: әрқайсысының қолында бес сомдық көкшулан мей он сомдық қызылқүрүқтар. Байлық салыстырғандай, бәрі де ірілете келіпті. Тоқболат әжесі қалтасының түбінен қағып берген күмістерді мыналардың көзінше көрсстегенін жөн деп білді. Жапырлап есікке беттеген басқалармен бірге бұл да жылысып кетіп бара жатқанда, Бәзила дауыстады:

— Тоқболат, сен неге қағазыңды тапсырмадың?

Кайрыла берген Тоқболат:

— Қаламымның сиясы таусылып қалды, ертең ала келермін,— дей салды.

— Жарайды, ол солай-ақ болсын. Ал ексуіміздің даійндығымыз қайда? Қалмайсың ба? Ұакыт тығыз екенин өзің де білесін.

Жоспар бойынша, паспорт берілер салтанатты кеште бұлардың өз күштерімен концерт қойылмақ. Сол концерттің жетекшілері болып екеуі үйғарылған. Сахнаға көптен бері бірге шығып үйреніп қалған бұлардың біркелкі үйлесімі де бар болатын. Жарықшақ түснеген, таза дауыстары санқ-санқ етіп, тыңдаушы құлактың айызын қандырып-ақ тұратын.

Мұндай «той-томалаққа» Бәзилапың жапы құмар. Репетиция сайын бір көйлек киіп келеді. Онысы саҳнаға үнемі дерлік жарасып жатпағанмен, жүртқа көрсстер сәнді көйлектері әлі түгел киіліп болған жок. Бүгін де шешесінен сұрап таққан алтын сырғаны мұғалімдер көріп қалмасын деп, қалың шашпен екі құлакты жасыра төгілтіп, қос бұрымдатып жіберген. Ал осы бөлмеге орнағаннан бері шашты құлактың сыртында қайрып тастаумен әлек.

Тоқболат болса, осы бүйрек бет қызға айтсам ба екен, айтпасам ба екен,— деп бата алмай жүрген сыры бар. Оның ілтипатынан дәмелі бірталай жеткіншіктерден тоғытылып хаттар түсіп жататынын да біледі. Тіпті

армияда жүрген бірді-екілісі де мейрам сайын үздігіп-әзеуруген құттықтаулар жетіш жатады. Бірақ әркім өз сөзіне өзі ис емес пе. Тақболат әйтеуір бір күн аузыдан шығар сырны шыдамдылықпен ішіне сактаумен келеді. Сахна сол сәтке жетелеп жеткізер жолдағы дәнекер сияқты көрінетіп отаң.

Алдағы концерттің ең корытындысында «Мен Совет Одағының азаматы» деген өлеңді екеуелеп оқымақты. Бәзила соның нақыш-әрнектерін пысыта түсуді мензеп түр. Бірақ бұған зауқы сокнай тұрған Тоқболат қитығынды жауап берді:

— Мен бүгін өзім бір өлең жазсам ба деймін. Соны таңертең көрсетем гой. Соңда бірыңғай айналысармыз.

Бәзила аузын ашқанша, бұл шығып журе берді.
Тоқболат үйге келгенде әжесі:

— Құлымым, пәшпіртінді әкелдің бе? — деді.

— Жоқ, әже, кейіндеу болатын көрінеді.

Сұрланған түрін көрсетпес үшін, Тоқболат тезірек төргі белмеге өтіп кетті. Сабакқа дайындық сұлтауымен стол басына кеудесін тірсей отырды. Ойы басқада.

Осы екі бөлмелі жатаган ағаш үйде әжесі Жәміш екеуі күн кешкелі бірнеше жыл. Шешесі осыдан үш жыл бұрын әйелі өлген біреуге тұрмысқа шыққан. Соңда әжесі «Тоқболат екеуімізді бетен босағаға тентіретпей-ак қой, қызым. Біз осы үйде қалайық. Бірер түяқ мал бар, пенсия бар, күнелтерміз», — деп қызылып отырып алған. Сол шешімгі тоқтасқан.

Шешесі аракідік почтамен шай-қанттық ақша жіберіп тұрады, соғым етінен де әкеліп тастайды, киімнен де қарасып жатады. Былтыр бір келгенінде баласының есейіп келе жатқанын аңгара ма, мұның ішін жегідей жеген ойды түспалдай ма. Тоқболатты оңаша шақырып алып, оқыс сөз бастады. «Сен, күнім, әкем кім деп мені қинама! Білмей-ак қой! Ол саған татымайды», — деді. Мұның басын кеудесіне басып көп жылады. Мұн-зары,

баласының алдында ақталуы — бәрі осы көз жастарымен айтылып жатқандай. Қішкене күнінде «әжесінің аузынан түсіп қалған» дег отырысатын. Сол сөздің астары осы екен ғой. Содан бері Тоқболат мұндай сұрақты көлденең тартып, ешкімді мазалаған емес. Ішіне мұз қатқандай болып қала берген. Жоққа жүйрік жете ме... Тек куәлікте де «әкесі» деген жол бір сыйықпен тартылып, олқы тұратынын ескермепті.

Көшеде жұмыстан қайткан жүрт ағыла бастады. Тоқболат солардың ішінен үй иелерін таңдал қарап отыр. Эне, иығын қомпityп, қарнын томпityп, аузын бұлтитып совхоздың бас бухгалтері кетіп барады. Эр адымы ақша шығарып бара жатқандай тоқмасіл жүріс... Шаршаңқы кейіппен баяу басып Шәрбәниң әкесі кетіп барады. Өзін жүрт жазушы дейді. Екі жұқа кітап шығарған көрінеді. Тоқболат сонда да машинасы жоқ жазушы болатынына таң... Шанасының түбіне бір айыр шөп бастырып, Қарғабай малдан келеді. Ол өмірі ауласына шошитып шөп үйген жан емес, бірақ малы өлмей-жітпей, қайта өрбіп көбейіп жатады. «Тогызбай, Тоқтыбай» дег егіз туган козыларға ат койып жүрген де осы Қарғабай... Көшениң арғы жүйесінде совхоз директорының еңселі, аумакты үйі орналасқан. Сыны да, сырды да басқалардан бөлек. Директордың «уазигі» зияп етіп келіп тоқтай қалды да, пысық қимыл, қуакы құлкі езуінде үйірлген өзі сыртқа шықты... Директор үйінің шатырында әлі еріп бітпеген қар жатқан. Соны қар күрекпен бір жұмысшы жерге қарай лактырып жатыр. Бастық үйінің төбесіне шыққанына масаттанғандай кекжиіп-кеңжиіп аспанға қарап кояды...

Эр түрлі көрініс... Осының бәрі қайшаган өмір. Осы кейістерімен мұның көзіне шалынып өткендердің бәрі әлдекімдерге әке. Ал Тоқболат неге әкесіз? Жүрт бірімен-бірі «ович, невич» дег жатады. Бұл өскенде, қызмет істегендеге «Тоқболат... е-е» дег ар жагын айта алмай арындаң тұрмай ма жүрт? Тағдырдан мүшіша соққы кө-

ретін мұның жазығы не? От басылық шаруашылықтан кейде бір қыншылықта туып қалғанда, алғаш кейіп-кейіп алады да, әжесі «құлышым жеткенде, бәрі де орына келеді» деп шүкіршілікпен сабасына түседі. Ол Тоқболатты үміт, тірек көреді. Ал Тоқболат кімді тірек етпек, кімді сүйеу етпек?

Міне, қызыл «Москвичімен» Бәзиланың әкесі мектепке қарай кетіп барады. Қазір скі-үш минутта қасына қызыны отырғызып қайта оралады.

Әлгінде Бәзила бұртынып қалған болар. Тоқболаттан күтпеген, бұған дейін көрмеген мінезі. Кейісі басылса, тілдесіп қалмақ оймен Тоқболат көшеге шықты. Жол жиегіне таман барып тұрды.

Сөйткенше көрші үйден Қарғабайдың кішкентай Куанышбайы бері жүгіріп келді:

— Ой, Тоқболат, папам жұмыстап мас боп келді. Сенің занында тұла тұлайши,— дейді.

— Е, немене ұра ма сені?

— Зоқ, алақ іскенде ауды ылбырып мылзың, сөйлей береді.

Әрине, шешесінің біреуге айтканын сөзбе-сөз қайталаپ тұр ғой. Тоқболатты ес көріп, жеңінен умаждап ұстап алған.

Қызыл «Москвич» те көрінді. Куанышбаймен сөйлескен боп Тоқболат қырышдай бергенше, машина тоқтай қалды.

— Тоқболат, жүр, қыдырып қайтайық!

Бәзиланың даусы. Өзі бері қарай жүгіріп келеді. Тоқболат оның өкпе сақтамаганына куанышты көнілмен қарсы жүрді.

— Қыздар маған айтты.. Мен бәрін де білем, Тоқболат,— деді Бәзила сыйырлап,— Сен ренжіме маған... байқамай қалдым. Жүр, қыдырып қайтайық, мен папамды көндіріп те койдым.

«Мен бәрін де білем...» демесе, машинамен серуендеуге кетіп те калар ма еді. Бәзиланың бұл аңғалдықпен

аңқылдап айтып салған сөздері Тоқболатқа шашу-
дай тиðі.

— Раҳмет, Бәзила,— деді ол жарықшақ дауыспен,—
әжей жалғыз...

Бәзила үнсіз кете барды.

— Өй, қыз сақылып тұрғанда балсайс,— деп Куа-
нышбай тақылдап қоя берді.

— Иә, саған жөн болсын.

Оған Куанышбай өлеңмен жауап берлі:

— Қатал-қатал тәлелке,

Санап тұрсам он еki.

Осы ауылда біл қыз бал

Күдай бүйылса менікі.

— Өй, сен өзің,— дегенше болған жок:

— Мен кеттім. Папам мамамның мазасын алып зат-
қан сығал,— деп Куанышбай үлкен адамша балпаңдай
басып жөнеле берді.

Үйге қайта оралған Тоқболат тұра әжесінс келді:

— Эже, сен маған «әжесінің аузынан түсін қалған»
деп отыруши едің ғой,— деді.— Рас па сол?

— Е, рас, құлыным, рас,— деді Жәміш қалбалактап.

— Сонда мен атамнан тұғанмын ғой? Солай емес пе?

— Иә, иә, солай,— деді Жәміш қыпылықтап.

— Ендеше, эже, ертең ауылдық советке барып, мына
куәлігіме мені атамның баласы деп жаздырайықшы!

— Жаздыруын жаздырамыз ғой. Сонда бұл заңға
томпак келмес пе екен?

— Мүлде қайшылығы жок, әже. Сонда менің куәлі-
гімнің «әкесінің аты» деген тұсында сыйық тұрмайды!

— Е, үқтym, құлыным, үқтym,— деп Жәміш кемсек-
деді.— Мана мектептен өңін ақ шүберектей боп келіп
едің. Себебін жана үқтym ғой. Барайық, ертең советке,
барайық. Жоғалтайық ол сыйықты!

Өциңе жаңа қан жүгірген Токболат әжесінің тізесіне басын коя еркелеп сұлай кетті.

— Өй, құлыным, өй, қарагышым,— деп Жәміш айналып-толғанып үйді басына көтерді.

ҚЫЗДАР ӨСІП КЕЛЕДІ

Қажытайдың Май мейрамын үйдегілермен бірге мекелеуге қаладан келген студент қызы Мәркеш бүтін түскі автобуспен жүрмекші. Соның қамымен үй іші абыр-сабыр десе болғандай. Сөмкеде тамак, сырмалы кішірек чемоданга киім салынуда. Зибаш «сананы ұмытқан жоқсың ба, мынаны ұмытқан жоқсың ба?»— деп қызының есіне әр нәрсөн бір түсіріп, ыждағаттауда.

Окуға түскен бұл бірінші жылдың өзінде Мәркеш осы үйдің каражат жағына едауір өзгеріс енгізді. Зибаш та қызының сөзін сөйлейді. Қыз қаладан, шешесі үйден әкенің алдына мәселе қояды да тұрады. Ен әуелі «баланы бірсыдырыры қалаша киіндіріп алу керек, әке-шешесі жоқ адамша жұтатпай. Міннауың кімнің қызы демесін жүрт»,— деген қайраумен әуелгіде уыс ақша жұмсалып қалып еді. Қөп ұзамай, «Капір бұрынғыдан шолтиғанмен шолтандамайды екен, мол пішіліп, төгіліп тұрған, алпын-шақ-салпыншактары бар киім сән дейдімен» алдыңғы бірсыдырылар қайтадан жаңартылып үлгерілді. Эйтеуір совхозда темір мініп, жұмысынан кол үзбеген адам қаражатсыз емес. Қөп жылдар жиган-тергені бар, «кінекікке қалың» болған соң, бұл шығын Қажытайды сондайлық селк еткізе қойған жоқ. «Мүшің не, жетер» деп Зибашқа басу да айтпайды, ашу да Білдірген емес. Бұл күнде күртені Румыниядан, көйлекті Болгариядан, бәтенкені Чехословакиядан алдырыш киіп жатқан шалымы мол кеңшілік бір заман ғой. Мәркеш үйге келген кешеден

бері де дүкеншің біраз шәрсесі осы үйдін кірісіне тізіліп қалды.

«Біздің бөлменің қыздары шұжыкты қатты ұнатады» деп, қыскы согымның білектей-білектей бес-алты шұжығы да сөмкенің түбіне түсті. Тұтінге ысталған, әлі сірі бол қатпаған мейіз ет өзіне бөлек...

Хош, әйтсеір «алсан ал, жесен же, оқысаң болды»— ата-ананың айтар уағызы осы.

Аттанар уақыт та таянды. «Мына түрран аялдама емес не, жаяу да бара саламыз ғой» деген Қажытайдың ішкі есебі бар-ды. Сол оймен шіректе сықалған сөмкенің бауына жармаса бергенде:

— Папка-а, «Жигули»?— деді қызы.

— Өй, сен өзің бізді жаяулатпақшымысың?— деп Зибаш та шыға келді.

— Жөн, жөп, осындайда мінбегенді,— деп Қажытай көне кетті.

Екі аттам жерге машинамен келді.

Мереке күндері жан-жақтан келген жолаушылар, коңақтар үйді-үйге бытырап кеткен соң, алғаш көзге молайып түсе қоймайды. «Куырдақтың үлкені» бөрі кері оралмақ ниетпен аялдамада тоғысқанда көрінеді.

Бүгін де құжынаған халық. Қайсысы жолға аттаныны, қайсысы шығарып салушы екенін айырын болар емес.

— Мынау жалғыз автобусқа лекпей қалмасаң жарап еді,— деп алдымен Зибаш қауіпке көшті.

— «Жигулидің» доцалағы жол тіленип түрмаса иғі,— деп Қажытай да қалаға дейін сапар шегуге сайланған бастаған.

Жылдамдыққа караса, сол екі жұз шакырымдық қалаға түнделетіп барып-келуге болады-ак. Дегенмен Мәркеш жайбаракат:

— Мен лекпегенде кім легеді!— деп нығыздап қояды.

Сөйткенінше автобус ішінен «Мәркеш!» деген дауыс

бері жетті. «Әне айттым ғой»,— деді Мәркеш әке-шешесіне.

Автобустың терезе әйнегін төмен ысырып жіберіп бір мұртты жігіт қол бұлғайды. Сөмке, чемодан сол саңлаумен ішке қарай жылжып кетті. Мәркеш есікке үмтұлды. Зибаш оған «мынауың кім?» деп қана үлгерді. Есікті деңелерімен бітеп тастаған жүрттың арасымен «маған күнібұрын орын алғынып қойылған, жіберіңіздер» деп кимелеген Мәркеш келесі бір сөтте сол мұртты жігіттің қасынан қылт етіп орналасып жатты. Терезеден басын бері шығарып, сырттағыларга: «бұл кім ғой, кім...» дей бергенше автобус та ыңырана жылжи кетті.

Үйге келгенше, Қажытайдың бірден байқағаны — се-гізінші класта оқитын Саркеш дөңгеленіп трюмоның алдында тұр. Бет-аузы тыржың-тыржың етіп, жыларман кейіпі бар.

— Мына қызың ауырып қалған жоқ па?— деп Қажытай Зибашқа қарады.

— Жоға,— деп Зибаш ас үйге асып кетті.

Нактылап көз салса, Саркеш қулактың үлбірек ұшына өткізілген бір тұтам жіпті ерсек-қарсан жүгіртіп тұр екен.

— Құлағымды тестіртіп едім, папа,— деді қорғаштаған дауыспен.

— Пә?— деп Қажытай диванға отыра кетті.

— Енді... қыздардың бәрі осылай құлақтарын тестіріп жүр. Сырга саламыз дейді. Мен де сонсын...

— Сонда окушы балага сырға салдырмайды деген мектептің ішкі ережесі қайда қалады?

— Мектепке тақпаймын ғой. Мейрам күндері каникулда... Майра женгейге құдалары жүз тоқсан сомның алтын сырғасын әпергендік екен. Құлағын о бастан тестірмегесін таға алмай жүр, күр бекерге сандыққа тығып қойыпты деп мамам айтты ғой. Мен де сөйтіп жүрмейін деп...

— Сонда құлағынды тескен кім?

— Сары әжем.

— Сары әжен? Ол дәуде болса тебенмен тескен шығар, тым құрыса дәрігер неге бармағансың? Заражение бірдене бол қалса қайтер едің? — деуден басқа амалы қалмады Қажытайдың.

— Тебенмен емес, инемен,— деп Саркеш те сары әжесін қорғап жатыр,— Ауыртқан да жок, укалап-уқалап түрді да тесіп кеп қалды.

Бұл әңгіме осымен тәмам болды. Зибаштың асүйдең бері беттемей қойғанын Қажытай енді түсініп отыр. Бұл сөз қақпақылға ол келіп қиліксе, қактығыс болмай қалмайтыны анық еді. Әшейінде бүйығы Қажытайдың жылында бір мөңкіп, өрекпіл алатын да мінезі бар. Сонысы бүгін, осы тұста ұстап қалуы ғажап та емес екен. Зибаш бері шығып, жузін көрсетсе, бұл әкелік, үй несіндік сөзін айтады емес пе?! «Мына қызыңды әлден еркінсітпей айнаның алдында айналышқатпай, сабагын оқыт. Үлгереді әлі...» Соңан соң сөзге сөз жалғасын, әшейін наз сияқты басталған айтыс дамып та кетуі мүмкін. Зибаштың ыдыс-аякты салдырлатып, сол жақта жүріп алғаны да бір есептен дұрыс болды Және «алдыңғынан зэрзап болған жерің жоқ кой, пемсне соншама жікжапар бола қалдың, бұл да өз жөнін өзі табады» десе не дер еді...

Диванда сол қалпында қалшиып отырган Қажытай енді Саркешті ойлап отыр. Мәркештен гөрі еркслеу. Әкесіне танауының ұшынан сүйгізіп жүргені. Тіпті кейде үйықтар алдында томпан-томпаң етіп жетіп кследі де Зибаш ексуінің ортасына жатып та алады. Солай үйықтап қалатыны да бар...

Осыларын көз алдына келтіріп отырган Қажытай бұл өзі баяғыда өтіп кеткен елестер екенін жаңа сезгендей. Саркеш танауының дәл ұшынан сүйдірмсегілі, жүгіріп кеп араларына қойып кетіп, бір көрпенің астында жатпағалы да біраз жыл болып қалыпты-ау. Мұны қалай байқамаған?

Бұл үйде әзірге үл жоқ. Табиғаттың бір бергенге мол

беретіні де бар ғой, Қажытайдың көршісінде он бала бар. Бесеуі ұл, бесеуі қыз. Соңғы ұлы туғанда, атын Максат қоямын деп жүрген кісі сельсоветке тіркетер кезде сонысын ұмытып қалып, баланы Серік деп атайды. «Оның не?» деп құлгендеге «Е, амандық болса ол да бола жатар. Он бала сыйған үйге әлі де бес бала сияды»,— деп айтыпты деседі.

Қажытайға бұл жағы өлшемнен аспай түр. Зибашқа «картайып тұрган жоқпыз, бір жас иіс...» деп қыңыратқып та қояды. Зибаш алғаш «немене, танауың қасқып жүр ме, қыздарың бар соларды иіске»,— деп жүрді. Кейін «әйелдің ұл табатын жылдары болады дейді. Сонысын дөп басып, біреу болса да бірегей болатын бір ұл тауып беремінге» көшті. Бұл заманда бала туудың өзі де ғылыми жобаға бағынған ба» деп Қажытай күнкілдейді дс қояды. Сол ұл туатын жылдың дәмесі әлі күнгі өмір көшімен ілгері қарай сүйреп келеді.

Осы бір ой елестері санасынан жүріп өткенше, ас үйден Зибаш шыкты:

— Саркештер бүгін класымен бас қосуға барамыз дейді. Ер балалар шақырган көрінеді. Өздерінде сондай дәстүр бар ма, немене. Бір мерекеде қыздар, бір мерекеде ұлдар шәйға шақырысатып бол келіссе керек,— деп жұмсарта сөйлеп Қажытайдың қасына отырды.

— Иә, сонда?

— Сондасы сол, шай ішеді, музыкалатып би билейді... Немене, жібереміз бе?

— Е, «мұның осы» десейші,— деп жылмиды.

«Әйтсуір ииабат сақтап, шешесін салып, рұқсат сұрап тұрғаны да шүкіршілік» дегісі келіп бір тұрды. Онысын ішіне бүгіп қалды...

I

Қырық бірінші жылдың жадыранкы жексенбісі күні тоғышынан басталған соғыстың өз үстемдігін жүргізіп келе жатқапша екінші жыл. Адамның сана-сезімі, жүрістүрмес, мінез-құлқы сол бір зәрлі сөздің салмағымен жашинылып, соның ынғайына көшкендей.

О дегенде-ақ Қызыл астана Москвада күзғындық сыйраның құрғысы келген зұлым жаудың қомағай пигылы іске аспай, қылтамақтап жеткен жерінен кейін лықсыған соң, Еділ бойын төңіркеп, Ленинградты шенгелдеп, өлім құрсауымен қысып тұрған кез еді бұл.

Біршама майырылса да шарт сынбасқа бекінген халық қайраты басқа-көзге тепелеп келген сұрапылдың ең ауыр бірінші жылын иғынан бір жұлқып түсірді де, ширірығып бекіне түсті. Белді қымтай ораған қайыс белбесу тағы бір тесікке кейін шегеріліп, оның қысып тұрар шеңбер ауқымы тарылып, жінішкере түскен болатын.

«Соғыс басталғалы да жыл болып қалыпты-ау»,— десті бір-біріне тіктеп қарасқан жүрт. Корадан шыға беріп малшы, сокаларды тізімдеп жүрген егінші, жыл санауга қабілеті жетіп қалған жеткіншек — бәрі осы сөзді айтысты да, әрқайсысы өз жүйесімен ойға шомды.

Сондай бір қысылтаяң шакта қырық-елу үйі бар «Қөкбелес» ауылның тұрғындарын бір серпілтіп тастагандай жаңағылқ хабар келді. Бұл — осы ауылдың азаматы Жолболдының соғыстан оралуы еді.

Көктемгі егісті өйтіп-бүйтіп атқарып, мойындары босаңсыған жүрт енді шөп науқанына кірісе бастаған мезгіл болатын. Жолболдының оралуы да осы кезге сәйкес келді.

— Жаз айының жақсы мезгілінде келді ғой. Бір жақсылық хабары болса иғі еді! — десті ырымшыл біреулер.

— Өз еркімен келді дейсің бе, жарақаттағасын босатылыпты деседі ғой,— деген жауап болды оған.

Алғаш осылай жорамалдастып қалған жұрт бірінебірі ілесе шұбап Жолболдының үйіне келгенде, әр түрлі хабар мен алып қашты сөздердің анық-қанығына көзбекөз қаныскаи.

— Жолболдының соғыста жолы болмаған екен,— деді шыдамсызыдау бірі.

— Иә-ә,— деп қостады оны екіншісі,— он қолдан айрылған.

Майданнан оралған алғашқы жауынгер болған соң ба, әлде майдан жаққа құлағы түрік елдің күткені басқа ма — әйтеуір елге таңертес җеткен жарапалы Жолболдының жағдайы күнүзаққа сез болды. Соның ішінде «Жолболды айтты» деген сөздер де құлактан-құлакқа сініп, көше аралап жүрді.

— Соғыс деген қандай болады екеп өзі? — деп сұрағандарға:.

— Өзің барып көрсейші, — десе керек Жолболды.

— Бұрын түтін исін шыгарса «үйдің ішін ыстап қойғандай болады деп темекішілерді қақпақылдап отыратын Жолболды, енді сорайтын трубкасын соратын болты ғой,— десе бірі:

— Онысын госпитальда жатқанда командирі беріпті дейді ғой, махорка түтішін көбірек сорсан, нервің басылады,— дегенді келесісі қосып айтады.

Қалай десе, олай дессін, осылай әжептәуір гүілдескен жұрт кешкі сауынды атқарып болып, сол Жолболды үйіне құрмалдық асын жеуге қайтадан тоғысты.

II

Шабындық басынаи кеіш оралған Дарқан ауылдағы жақалықты әйелі Зейкенесі естіді. Әлде күні бойғы жүрістен шаршағандық па, не көзіліне бір нәрсе жақпай келді ме, келіншегінің әңгімесін селсок тыңдал, мініп

келген бүкір қүрәнің жүгенін сыптырып жібергенше күй-бенде, соның қасында жүріп алды.

— Сау адамды соғыстан босатпайды гой, жараланған шығар да, тыңайып келуге демалысқа жіберген шығар?— деді соңсын бір кезде.

Жолболды жәйлі күні бойғы сөздерге бойы үйреніп қалғандық па бұл сұрактың жауабын Зәйкен жүрдім-бардым айта салды:

— Дені сау болса, бір бойға бір кол қайтер дейсің.

Дарқанның қолындағы жүген әнтек ытыш кеткенін, не ертоказым үстіне қоя салмақты ниисті дәл осы түспен сәйкескенін ешкім аңғарған жок. Ауыздықтың шытыр еткен дыбысы сатыр еткендегей естіліп, Зәйкен тек күйеүінің шатынаған көзіне шошынып қарай берді.

— Қолы несі... қолы... қалайша?!— деді былдырақтап қалды Дарқан.

— Оң қолын снаряд жұлып әкеткен деседі. Иықтан жок.

— Япрай, ә?— деді Дарқан әлсіреп кеткендегей баяу жүріспен келіп төмпешікке отырып жатыш,— аяғын берсе де қолын сақтап қалу керек еді гой...

— Оған неміс қарап тұрады дейсің бе?..

— Иә-ә, Жолболды... Шындал сорлаган скенсің гой,— деді Дарқан.

III

Үйге сыймайтынын білсе де, әйтеуір дүрмекке желік-кен балалар есік-терезеден сұғаласып, Жолболды үйінің манында опыр-топыр. Үлкендер жағы буы буркыраған жас етті жеп болып, шайдың кезегін күтіп отырган үзіліс шағы болатын.

Дарқан мен Зәйкен осы тұста келіп енген. Бүкіл жүрт аузыша қарап отырған Жолболды әнгімесін доғара салды да:

— Екі көзім төрт болды гой, Дарқан аға! — деп өксіп қоя берді.

Елжіреп кеткен Дарқан:

— Тогайда жүріп қалдым гой, бауырым. Әйтпесе маңа-ақ ұшып жетпеймін бе! — деп сол қолымен мойнына оралған Жолболдыны айқара құшақтап кеудесіне басты.

Сөзінің аяқ жағында даусы босаңқырай шыққанын сезіп, өзін-өзі жігерлей жөткіршіп алды. Мұнан соң жалпылама айтылатын «аман-сау келгенің қайырлы болсынды» айтып, төр жаққа өтті. «Бас аманшылығы болса ештеңе етпес, әлі-ақ тенеліп кетеді гой. Согыстың аты соғыс кой», — деп бір шал да қосарлана жуып-шайып жатты.

— Сөзің аузында, Жолболды, — деген дауыс шыққанда, Дарқан майдангер ауылдастына тіктең қарады.

Жолболды бұл үйдің жалғызы болатын. Алдында аға, апа, соңында іні, қарындасы жок, әке-шешесінің еркесі еді. Табиғат өзіне артық кемі жоқ, көз тартарға тұрарлық көрік берген. Бұл ретте ата-анасына өкпесіз, қаламмен тартылған жіңішке сызыктай селдір бірақ әсем қасты. Аузы-мұрны өлшеммен қондырылған сақал бітпеген жып-жылтыр, дөп-дөңгелек ак сары жігіт болатын. Бүйрек беттің екі үшінде ойнақшып тұратын қызыл реңі жүэзін құлпыртып тұруышы еді.

Мына отырыста соның бірі де қалмаған. Жуан шегемен мандайдан сыр еткізс тартып өткендей көлденен әжім түскен. Ұрты суалып, бет-келбеті бір-ақ уыс бол қалған «Кан көп кеткен гой» деп сыйырлайды біреулер.

«Ажарың қандай еді атқан таңдай» деп тіліне кеп қалған өлең сөзін іштей бір қайталады да, Дарқан Жолболды жалғап әкеткен әңгімеге құлақ тосты:

— Сонымен солдатский етікті киіп алдық. Солбандаган шинель. Аяқ қажалып келеді. Оған қарайтын мұрша жоқ. Зілдей винтовка ишкта. Командирлер алда келеді. Қайда апаратынын ешкім білмейді. Бір уақытта передовиға келдік деген сыйыс жүгірді. Қазір соғысамыз дей-

тін көрінеді. Содан не керек, алла енді көрсетпесін, тасыр-тұсыр басталды да кетті дерсін...

Мұнан соғыс алапатын Жолболдының суреттеуі солай болды ма, Дарқаниң көз алдына сұрапыл жалын көлбендең, сапаны шарпі алаулап тұрып алды. Тау-тау боп астан-кестен қопарылған жер, темір мен дәрі шайнасқан балшық, шақыр-шүкүр қактығысқан болат шынылы, көл-көсір тулас акқан адам қаны, жер мен көкті тұтас көлегейлеп, күн көзінің өзін де күйдірген от, ешкімді ешкім іздел таба алmas аласаныраң, тілдесерге адам жоқ. Осынша өрттің ішіндегі жалғыз жүрген Жолболдығана сияқты.

— Фаламат-ау, сонда мұнша сүргінен тірі шыгатындар да болар ма екен? — деп қалды бір дауыс.

— Шыққан түріміз мынау емес пе? — деді Жолболды ызалы үнмен.

— Жәй сұрағаным да, сөз реті солай кеп қалды, — деп әлгі дауыс жасанси басылды.

Колайсыз тыныштық орнай қалды да, үйдің төбесі еңсені басып, жүрт сәкіге жашылының түскендей, бүгжиіспі, делсал ез бір хал мендеп кетті үй ішін.

Осы кезде «Алла-хақ» деген абын дауыс есік жақтан саңқ етіп, үйге Бағила кемпір кіріп келді.

— Алла-хақ, пәле-жаладан қак! — деп сарнай кірді.

Кезінде келбетті, келісті адам болғаны картайған жүзінен әлі де жасырыңа қоймаған Багиланың қайғысы мүлде басқа еді. Қызды үрпаққа есептемейтін өр мінезді кемпір ер баладаң жалғыз болған Тенбайны ғана қадір тұтатын. «Құлым, жалғызың» дес үзіліп, үздігіп отыратын. Сол Тенбай үйленгеніне төрт-ақ күн өткен кезде соғыс хабары жетті. Қатарларымен бірге майданға аттанған сол Тенбай соғысқа кірген алғашқы ұрыста қаза тапқан. Осындаи бір сәйкестік пе, әлде осы ауылға келген алғашқы «қара қағаздың» әсері ме — Бағила күрт жығылды. Ақылы кіресілі-шығасының бол, диуана халға түсіп кетті. Қазір де:

— Шіркін, қарашиғым Тәңбайым-ау, отыр ғой әне!— деп Жолболдыны нұскайды да, өзінше сөйлейді,— жарайды, жарайды, үйге барып шай қоя берейін. Жиыннан сусап келесің ғой...

Осыны айтып Бағила кемпір кете берді. «Дүние талақ болып кетсе де, айнымай қалатын қалтқысыз ана жүрек-ай!» деп тебіреніп кеткен Дарқан диуана кемпірді мейірімді көзбен шығарып салды.

Бағиланың бір сәт келіп-кстуі бұл отырыстың шырқына пәлендей өзгеріс енгізе койған жоқ. Оның халін жетік білетін бұл жүрт көкірегі сыздағанмен, қолдан келер дәрмені болмаған соң, кемпірдің сарнауын да, зарлауын да әшейінгі көрініс ретінде қабылдай салуға үйреніспін кеткен.

— Үй, үй қапырақ боп кетті ғой!— деді бір дауыс.

— Иә-ә,— деп созды екіншісі.

Сол тұста:

— Карагым Жолболды,— деді бір мосқал кісі.— «Уайым түбі тұнғиық, батасын да кетесің» деген еken халқымыз. Соғысты көзімізбен көрмегенмен, қиямст дүние еkenін сөземіз. Эйтсе де шерлі көңлімізді бір көтерші, даусынды сағындык.

Осы сөзді бастаған шалдың көзі Жолболдының отырған тұсында ілулі тұрган үкілі домбыраға тұсті де, қаймырыңқы қалыппен тәмен қарай сырғып кетті. «Домбыраға қол жалғап жібер» деген сөз айтылмады.

— Сүйтші, Жолболды. Кашанғы тұнжырай береміз,— деген дауыс әр жерден шығып қалды.

«Бекер басталды-ау бұл тілек»— деп ішінен қылпылдаپ қалған Дарқан қимастық бір назармен Жолболдыға қарады. Ол болса, тіктеп ешкімге қарамай, келте танауы біресе құсырылып, біресе делбендеп, өзімен-өзі арпалысқан бір күйде отыр еken. Дарқан алғаш Жолболды неде болса бір әнгес бескініп, тек соның бастамасына қиналып қалған болар деп ойлап қалды. Қазір ты-

шыштықты жарып өтіп, азы да зарлы бір айғай шыға келстіндей көрінді алған.

Бірақ олай болған жоқ. Манадаи осы тілекті тосып отырғандай тастүйін Жолболды орнынан атып тұрды да, сол қолдан селтең еткен екпінді қимылымен домбыраны қабыргадан жұлдып алды. Қолында домбыра смес, шоқпар тұрғандай, перне жыптылаған мойнышаш қысып алған.

— А, өлең бе?— деді сонсын ашынған дауыспен.— Өлең қайда, мен қайда? Қоштасқақмын әймесен!

Назалы сөзбен ілесе, үкілі домбыра шаңыраққа қарай көтеріліп қалды. Бұл әнтек қимылдың мақсатын сезіп Дарқан Жолболдының сынар қолына шап етіп жабыса қалды.

— Домбыра жазықсыз ғой, бауыршы!— деді көзіне көзін тік қадап.

Домбыра сылқ етіп төмен түсті. Тек шошынған шеғірткеше ытып кеткен тиегі бір түкпірге сіцип кетті. Қос ішектің дың еткен дыбысы болмашығана естілді.

Жасаулы шайға қарамастан, қыбыр-қыбыр түрсегелген жұрт үн-түнсіз үйді-үйіне асығыс тарағы.

Жолболды үйінен қайтарда Дарқан мен Зәйкенге көршілері Перизат қосылды.

— Жалғыз жүруге ыңғайсызданар, ерте кетейік,— деп шыға берісте артына қарайлай Зәйкен құрбы келіншегін әдейі тосып алған.

Жақсы, тату көршілердің әдетінше екеуінші ортасынан сынадай кіріп алған Перизат:

— Жүрегі құрғыр сыздап кетті ғой,— деп қатты бір күрсінді.

— Үнемі қайғымен корғасындал, жанишылта беріп қайтесін, Перизат. Жұдышықтай жүрсектің сүйрелер жүгі алда да аз емес қой. «Болған іске болаттай бол» деген ғой...— деді Дарқан.

Көрші келіншектің аһ үрған, кеуде толы күрсінісін өзінше жорамалдаушы еді. Перизаттың күйеуі Халелден

де қара қағаз келген. «Өксік басылғанмен, өкініш әлі солығып болмаған қез ғой, соны ойлап келе ме...» деп жобалаған Дарқан басу сезін осыған түспалдаған.

— Жолболдыны айтам да,— деді Перизат тағы да күрсіністі жабырқау үнмен,— ашынады ғой, қайтсін. Кемтар болу кімге оңай...

— Кемтарлық етіп қайтеді,— деп оны Зәйкен әрі қарай сабактады.— Менің бір байқағаным, сол жалғыз қолмен-ақ трубкасын темекіге толтырып, сіріңкені де жып еткізіп тұтата салатын болты ғой. Сөйтес-сөйті үйреніп кетпей мег? Күнкөрістен тақа қала қоймас та.

— Ай, шіркін, келіншектер-ай... деп бір сезіді Дарқан бастай жөнелді де кілт тоқташ қалды.

Жүргегін толқытып, көкіргін сыздата сайрап кеткен небір ыстық-ыстық ойларды ауыздан шығарғанша, сол сандықта сактай тұрганды жөп көрді білем.

— Соғыс деген азапты қашкешу бір сынақ қой,— деді де, одан әрі үндеген жоқ.

Жолшыбай бұлардан бертін тұратын Перизатпен үй алдында қоштасып, өз тұрактарына жеткенде, Дарқан далада бола тұрганды қалау етті.

Бекам түн. Қундіз көз алдында көсліген шексіз дүние жиырылып, сиқырлы жамылтқының астына сиып кеткендей. Сонау алыста, әлде бір жерлерде қаһарлы гүрілімен өтіп жатқан майдан сахнасынан бейхабар да, ол гүрілге сұлық қана құлагыш тосып, тыныш бұға қалған сияқты. Момақан түн.

Зәйкен үйге еніп, өзі жалғыз қалған Дарқан кеудесін қысқан ой-сезімдерге ерік беріп көп отырды. Ой жүйесі Жолболдыны қайта-қайта ми қабынан шығармай тұртқілеп, көз алдына қөлбендеңтіп тоса береді.

«Күнкөріс-деседі... «Уайым тамақ болсын» деп жұбатады кейбіреулер. Тамақ табылса, басқа жөннің де реті келе береді дегені ғой, сонда».

Өмірдің бар түйіні күнкөріске тірелссе, Жолболды біреуден кейін, біреуден ілгері демекші өз тиесісіне ис

болары хақ. Бірақ ол тек күнкөрістің құлы емес, әнші, домбырашы еді ғой. Оқтау ұстап та, қамшыны қымтап отырып та өлең айтатындар бар. Алайда Жолболдының орны бөлек қой, бөлек. Домбыра мен әні оның қос қанаты еді ғой. Бірі болмаған соң, екіншісі де біржола құрысып дегені ме?

Мана «аяғын құрбан етсе де, колын сактап қалу керек еді ғой» деп аянышпен туындаған бейгам сөзді айтып қалды Дарқан. Соғыс заны санаасында сайрап тұрса да, сондай сезімге әлі де оралып сога береді. Бұл әрине, дәрменсіздіктен, бол қалған іске шарасызықтан да болар. Онсыз да күйзелісі халі әр күн салыны ауыр тартқан көпшілік құрмалдықтың жас сорпасынан гөрі майдан ер адамды көріп, соның аузынан тұманадай тұнған көңілді селт еткізер бірдене естіміз бе деген үмітпен келген жоқ па еді. Олай болмады. Қайта күйзелген жүйке мен күйініштен езіліп жанышылған жаң сұлдерін көріп кетті емес пе?! Домбырасын қиратамын десін, әнімен қоштассын, бірақ еңсесі түскен халық күйін шеге ойла-майды Жолболды?! Өресі бұған жетпей, бас қайғысынан морт сынғаны ғой. Осылай жобалайды Дарқан.

Бұгжінде, бүкенде тоғысқан жұрт сол қалпы кібіртікеп, күнкілдесіп бытырады. Жолболдының бітіргені осы ма. Қайысқан белді бұлай жазыспас болар, сірә?!

Осы бір түйсік-шешімдер, толғаныстар тұла бойын кернеп-кернеп кеткенде, өз-өзінен шошынқырап та қалады. Ақыр аяғында мұншама салмак, мұншама үміт артатындей осы Жолболды кім еді деген сұралқа кеп тіреледі. Сол ретпен соғыска аттанарға дейінгі оның жігіт қалпын қайта бір саралап етті.

Жолболды қиғаш қастардың талағына көз ойнатқан көркем жігіт еді. Бұла боп өсті. Әнишілігіне ешкім тала-сып, алдына түсе алған жоқ. Ойын-той онсыз өтпейтін. Онсыз өткен мәжіліс олқысынып тұратын.

Ерке мінезге еркін дауыс, жосылта тартып, желпінген домбыра косылғанда, тындаушының есін шығаратын.

Шырқап ала жөпелетін биік аңы дусына қарай ол домбырасын әсте босан бұрап көрген смес. Қос ішекті шымырлата керіп, қатты бураумен ширықкан домбыраны бес саусағымен түгел көсілте тартып, екпіндеп, желдеп, есендіреп отыратын. Бір-екі іліп, бір саусақпен түрткілегенде менсінбейтін. Үнемі құйындастып, дауылдастып отырганды ұнататын. Домбырамен қоса әні бірге самғайтын. Бұлданып көрген смес.

Жолболды көбіне бозбалашылық, жігітшілік әндерді құйқылжытатын. «Қыз емес қыздың аты қызыл асық» деп бір бастап алған соң, «түсінан ауылыңың ән саламын, сол кезде шырт үйқыда жатпагайсың» деп тындаушысын ләззатты бір құпияга сүреп жөпелетін. Қыздар жағына «болғанда сіз бір шабак қылаңдаган, мен шортан сізді аңдыған жылымдагы» деп дәмексітіп, өзеурей мойын салатын.

Мұндайда дәурені өткен кәрілер жағы «уа, қайран жиырма бес» деп өткен қызық құндерін топ-тобымен елеске тізіп жатса, мұрты жаңа тебіндеген жеткіншіктер жағы «торыны талға байлан мінгеннің, қызды ауылға қырындал жүргеннің» мәнісіне бойлағысы келіп ынтыға түсетін. Күш қайраты бойда, көптеген дәмслі сәттері алда деп жүрген құрбыластары «әне біреу, тар төсекте төсінді» дегенді бір басып өтші деген сияқты нұсқауларамен қыздырып жіберіп отыратын. Жолболдыда тоқырау болмайтын.

Осы данкы болса керек, Жаңажол ауылында тұратын домбыра шебері Мәжен шал «Қуатымның сарқышы, өнерімнен үшқан қарлығаштарымның соңы» деп, өлер алдында жасап шығарған соңғы домбырасын осы Жолболдыны шақырып алғып, ұстатып жіберген. Домбырашымын деп тактай бетін сабалағашыңың бәріне бірдей тие бермейтін сыйлық еді бүл. Әлгінде құлпаршасы шыға жаздаған сол көне аспап. Жолболды болса осының бәрінен құлазып, безініп кепті. Дарқанға бататыны осы. Қимасынап айрылғандай қатты қиналып отыр.

Даркан да әнші жігіт. Бірақ Жолболдың төкпесінде арынды емес. Тіпті домбыра қағысы да мұлде басқа.

Даркан қашанғы машиқ дағдысымен домбыраны қоңыр үнге келтіре, босандau бұрайды. «Болбыратпай, ширатыңқырасаңыш» деген кейбір пысықшылардың ес-кертпесінде «өзіме осы колайлы» дейтін де қоятын. Бұ-рауын өзгертіп көрген емес.

«Қара кісінің қаны шыққанша, сары кісінің жаны шығады» болады. Даркан ән бастаганынша да біраз бап керек ететін: Жолболдың өнерінен сусындардың ау деген кезде жұрт мұны еске алатын. «Жолболды аз-дап дамылдасын, Даркан сен лебізінді естіртсеңі» деп бұған қарай ойысатын.

Мұндайда Даркан ең әуелі жалтарташтырып, дом-быраны сырғанақтатып «анау айтсаны, мынау айтсаны» деп екі-үш кісіні алдына салып, онан соң «ко-сылып бір шырқатайыкшы» деп көмекейге тыныш әнді бастап беріп, өзі тым-тырыс тына қалады. Бұл ән біте бергенде, Зәйкенге қолқа салып, «Зәйкен-айды» айтқызады. Оның үстінде «Зәйкен» деген атты «Зәйкен» деп өзгертіп, өз келіншегіне ариаган махаббат жыры ретінде өзі қосыла кетеді. Бұл ән аяқ-тала бергенде, қос ішекті алма-кезек сыйлеттіп, арқайсы-сының өз үнін бөлекше, даралай отырып тартып шыгады да, кең тыныспен жеке әнді бастап кете береді. «Жара-сар қызы-бозбала өз теңімен, аққу-каз айдан шалқар көлдін көркі» деп тебірентіп алып, бұл да бірнеше әннің басын қайырады.

Дарканың бір ерекшелігі — өзінің тынысы молая түскенін емін-еркін сезінген әннің әрбір үніне жекелей мән бере құбылтып, дауыс ырғағымен өрнектен жібереді. Осы тұста «е, бәсе, есті әннің дыбысы жаңа шықты гой» деген қолдау естілуге мүн Даркан да кілт догара қояды. «Тағы да әншілер толып отыр ғой» деп домбыраны сырғытып, бір үміткердің қолына тоса қояды. Ләззат дүниесінде бір ғана ғүнгітіп, бірақ құмары тарқагашынша

жүздірмейтініне кәнік болып қалған жұрт «шалақұмар етіп, үздіктіріп, орта жолда қалдырып жүре береді» деп мұны бас салып үнемі қолқалай бермейтіні де содан.

Осы ойлармен біраз уақыт түнді аударған Дарқан түлкі сұраққа тіреліп, соның шырмауында тағы отыр.

— Сонда... соғыс болды екен деп ән салынбау керек пе? Ән салыпса қандайы, қашаш шырқалу керек?— дейді сұрақ.

Осы сұрақты қөкейінде ұстап, Дарқан үйге кірді.

IV

Төсекте маужырап көп керілгенді көтере қоймайтын жаздың шаруакор да шуакты таңы Дарқанды ерте-ақ түрғызған. Бет-ауызды шайынып, үйқылы жүзін сергітіп келген сон, құндегі әдеттімен ілулі картага шүкшия үңіліп біраз тұрды. Ауданға жиналысқа барған бір сапарында киоскіден ала қойып еді. Содан бері байтак Отан қызыл шырайлы келбеттің беріп, осы үйдің төріне орналасқан.

Қып-қызыл нарттай, алышпа көсліген осынау елді жау қара креспен тақбалап, тілгілемек. «Мұнысы қалай бол шығар екен?» деген өз сұрағына жауапты Дарқан осылай тесіле қараған түрьсисынан іздейді. Отан жерін ойша шарлайды. Колбасшылардай не әскери адамдай соғыс барысының қылыш-қылыш жолдарын дәл белгілей алмаса да, қызыл әскер жаумен шайқасқан тұстарын жүйрік көнілмен бағдарлап, екі жақтың хал-қадарын өзінше топшылап жатады. Қазір көнілге бекемдік берер үлкен тыныс-өрекпіп келген сақадай-сай залымның астана түбінен кейін серпіліп тасталғаны.

Бір сәтте тық-тық етіп есік қағылды. Мұндай әделтілікпен тосырқап қалған үнмен:

— Кірініз,— деді, ар жагында Перизаттың он екі жасар ұлы Бекен тұр екен.

— Кел, кел, жігіт,— деп Дарқан сылти басып келіп,

Бекенді қолынан сүйреледі,— сен осы жағрафияға қалай едін?

Қалың қабакты әдеміш Бекен:

— Бір қағарым бар еді,— деп жауап берді.

— Ал құралақан болмасын, Волга, Ленинград, Севостопольді тапшы кәне.

Лйтканындай Бекен көп күттірген жоқ, картага таяп келе атамыш жерлерді саусақпен нұқыш-нұқыш көрсетті де берді.

— Оу, сен өзің құран аударған қари сняктысын ғой,— деп таңдаған Дақанға Бекен шық жауап қайтарды.

— Е, мен бұл жерлерді окулықтагы картадаң күнде қарап отырмын ғой.

— Сонда сен бұл жерлерден не іздеп едің?

— Мамам күнде «көрсетші» деп, дәл жатар алдында актартып отырады.

— А-а... солай де.

Екеуінің үстіне келген Зәйкен самауырды қойып жатып:

— Бұ уе сендер, бірің мұғалім, бірің шоқірт құсап түрғандарың. Қәне, шайға бағынайық,— деп дастарханға шакырды.

— Мен кетейін... мен ішпеймін,— деп Бекен зыр ете түсті.

Басқа болса үндемей сырт беріп шыға жөнелер ме еді, қайтер еді, бірақ әкесінің құрдасы әрі жолдасы екенін жүргімен сезетін бала Дақанға өтірік айта алмады:

— Жетім адамша біреудің асына мөлиюгс болмайды ғой,— деп салды.

Бір-біріне ақырысып қараған ерлі-зайыптылар есін жинағанша, Бекен өз шаруасын да айтып үлгерді:

— Дақан аға, мені қасынызға алыңызбы. Аз да болса еңбеккүн табайын,— деді.

— Маманмен келістің бе?

— Келіскенде қандай! Балаларды бірдене қып асыру керек қой.

— Болты, қамдана бер, қазір мен де шай ішіп шығамын.

Бекен шықпастан бұрын кипактап Зәйкенге қарады:

— Сіз маған ренжіменіз, мен енді жігітпін ғой,— деді де есікке беттеді.

Ол кеткен соң:

— Ку соғыс қаршадай балаға да зілін салғаны ғой. Элі күнгі ойын баласы емес пс. құдай-ау,— деп Зәйкен көз жасын сығып алды.— Шайга да отырғыза алмадық...

— Қайталап айтсаң, ол қорланып қалар еді. Бәлкім, осынысы дұрыс та шығар,— деді оған Даркан.— Қара қағаз ызғары өмірге көзін аштырған ғой... Шешесі мен қарындастының өміріне жауапты екенін ерте де болса сезген ғой. Бәлкім, осынысы дұрыс та болар.

Ірімшіктің сары сұымен қылартылған шәй деп аталағын қайнаган суды бір-екі үрттап, мандытпаған Даркан Зәйкеннің егіле бүкшип кеткен түрінен ауырсынып орнынан тұрды:

— Өзінді өзің мұжи берсең, маған сүйеніш кім болмақ,— деді де бірге түрсегелгендегі келіншегінің көзінен сүйіп, басын қеудесіне қысып сөл тұрды.

V

Ойда орып жүрген аттарды ұстап, салт мінгеп екеуі алқаға беттегенде, бала көніліп алдарқата түскісі келген Даркан:

— Ал, жігіт қалыңдықты қашан көреміз?— деді калжынды үнмен.

— Бізге махаббат жөнінде әлі ойлауға ерте ғой.

— Е, әлден тайқақсасаң, ертсң қызға қалаң сөз саласын?

— Со кезінде үйренбеймін бе...

— Осы бастан үйрене берсе қайтеді?

Дарқанның ниеті әйтеуір аナンы айтЫп, мынаны айтЫп, көніл бұлтын сейілту екенін сезе мс, Бекен үған шын жауабын беріп келеді.

— Мұғалімдер рұксат етпейді.

— Рұксат етпегені қалай?

— Ол былай. Бір күні мектепте үлкен үзіліс кезінде бізді жағалай кол үстастырып, дөнгелете түргышды да, бәріміз теңселіп жүріп өлең айттық. Соисоң ортага жеке шакырып ән салдырамыз деді де, мұғалима маган жабысты. Бар білетінім «Буралтай» еді, «ізі жатыр — өзі жок қалқатайдың» деп шырқағам. Мұғалім мектеп қаырғасында махаббат туралы ән салуга болмайды деді. Ал керек болса...

Бұл әңгімеге біраз күлісіп алышп, бірталай жерді үнсіз өткен соң:

— Аға, бұл соғыс қашан бітер екен? — деді жұлып алғандай Бекен.

Дарқан қалың қабакты балаға бір қараш алды да, сүйрете салды жауап айтты:

— Ұзакқа созылmas шырағым...

VI

«Жігітпін» деп мықтымынғанмен, балалық узын бойында жүрген Бекенді жұмысқа көндіктірғеншіс әжептәуір уақыт қажет болды. Ат басына мінгел баланың басты міндеті — сыңыр-сыңыр еткен шөп машина дөңгелете ойып шықкан алациан бір таймал, тікейген шөп қалдырмай шабуын қамтамасыз ету. Үған ыждаштылық пен шыдамнан басқа әжептәуір шеберлік қажет. Шыжыған күннің астында күн-ұзақ ат үстінде қалшиып отыру керек. Онымен коса екі аяқ, екі колға дамыл жок. Желдіртіп кетсе шалғы қақалып, тұрып қалуга мәжбүр болады. Ат жүрісін тым сылбыратып жіберуге де болмайды. Онда шалғы сүйрәндегең құмылынан жаңылып, кібіртікеп, қалың шөпті кия алмай қалады. Қыскасы,

ат басына мінген бала өзін дырылдаған шөп машинаның бір тетігіндегі сезіну керек. Соның ыргағын менгеруте тиіс.

Мұнымен қоймай, бір тетігі сына қалса, ауылдағы үста үйіне де атпен шабатын осы бала. Жегін малдарды ағытып, көлшіктен суарып, отка жіберу де соның мінде-тінде.

Түске қарай ауылдан өгіз жеккен айраншы келеді. Ағаш күбіде келген айран ысымай, биршымай, бабында жетуге тиіс. Кәнігіл алған бір бала қостың алдында шынтастай жатып:

— Маган жұғынан берсесің жестеді,— деп токмейілсиді.

Айтылмыш жұғынды саусакпен сыйырып құя келгенде, үлкея ағаш аяқпен біртінді айран қолға тиеді екен. «Бекеннің көзі бұған да түсуге тиіс. Өмірді үйрену осылай басталмай ма...

Түске дейін дамылсыз қамшы үйіріп, дамылсыз тебінуден екі аяғы қалжыраған Бекен қосқа жете бере, айраншының келуін де тоспастаң көк шөпке сұлай кетті де, тәтті үйқыға кетті. Сөйтіп жатып:

— Оңды-солды бір ыргақпен сілтесе,— деді де арқасына аунап түсті.

Бұл сөздің мәнісін аңғарып қалған Дарқан жымып күлді.

Колхоздағы төрт шөп машинаны қабаттаса қарбаласып, бір-бірін бөгет бола бермес үшін, екі жерге кос-костан бөлген болатын-ды. Бекен үйрепгенше әрі көзі жатыққанша деп өзінің серіктесін алға салған. Оның атқамінер баласы былтырдан бері шөпшілермен бірге, айдаушылыққа әккі болып қалған. Қамшы сілтесі басқа. Үнемі ертеден кешке дейін бастаң асыра үйіріп отыруға ийк шыдамайды. Сабалай беру атқа обал. Соңдықтан бұл бала қамшының таспа қайысын шып ете түсетіндей етіп жінішкерте үзартып алған. Сап жағының үшын колына келтіреді де, он жак саныша тіреп қойып, екі атты бірдей қамтып, екі жақты ыргайды да отырады. Бекеннің жіті

көзі соны шалып қалғанын Дарқан іштей дүрыстыққа жорыды. «Қекірегін зерек болса, бұл қынышылық ештеңе етпес, әлі-ак тәселіп кетесін»— деп түйінеді.

Құрдасының үйықтап жатқан балғын үриагына қарал біраз отырды. Дәл әкесі. Коңыр жүзді, мұрынды, дүрдіген қалың ерін. Кою біткен қара қас тік қабағына тәкаппар түр-тұлға беріп тұргаңдай. Сіра бірбеткей, жобалағанынан таймайтын қайсар боп өсер мекенсің?

Дарқанның өзінде бала жоқ. Зойкенмен отасқалы да оншақты жыл боп қалды.

Еріксіз ойына түсіп кеткен осы жайдан өзінің езіліп, үгітіліп бара жатқанын анғарып қалған Дарқан қатты дауыстап қалды:

— Бекеш, тұрайық!

Оянуы сондай шапшаң болған Бекен бір сөт зеңгіп отырып қалды:

— Папамның дауысы сияқты боп кетті гой. Еркелеткенде «Бекеш» деуші еді,— деді көзін уқалап.

Дарқан:

— Құн түстен ауып кетті, аттарды жегейік, -- деді де тұрып жүре берді.

VII

Қос алдында от маздатып, мосыға шай қайнатып ішкен Дарқан жантая жатқалы көп болған. Қос іші, айналасы — бәрі кек шәп. Қекірегіңе толтыра қаша жұтсан да, тойым болмайтын жұпар ніс тоңіректе тұнып тұр.

Мана кешке қарай, жұмыс аяғында:

— Аттар титықтап қалды, бүгінгі түн мен осында бағып шығайын. Тоғай отымен біраз қуаттансын,— деп жүрттандырылып қалып қойған.

Басқа көршілер көлене-шемешілердің көлігімен бірлесіп кеткен ауылға.

Дарқаның шаруашыл есебі бойынша, күні бойы қалжыраған атқа осы жерден ауылға барып келу де әжектәүір жүк. «Арық атқа қамшы ауырдың» көбі. Ал мұнда қамыттан босана сала, көк майсаға еркін тиіссе, таңғы қарбаласқа дейін жегін мал тойынып, серпіліп қалады. Құрт-құрт қырқылып, ауызға түсे оптыға шайналған шөп дыбысы осынысын растай түскендей.

Жеке дара қалуда Дарқаның өз басына аян бір себебі де бар. Қайта-қайта мазалап, лапылдай беретін бір сезім тұла бойын құрсаулай берген соң, салқынқанды бір оңашада ой слегінен өткізіп алмақ.

Дарқан отырган жерден сонау дөң басында мұнартқан «Көкбелес» ауылы төрт-бес шақырымдай. Биіктеме орналасқан ауыл, жазық алқаға түскен адам тоғайға сіңіп кетпессе, қанша ұзаса да дәл алдында тұрғандай. Суы, оты, орман-тоғайы сәтті деп алынған қоныс.

Терістікten жүріп-жүріп кеп, желке тұсына қайың орманды пана тұтып, дәл осы жерден қыстак құрап тұра қалғандай. Бұл ауылдың шығысы сігітіккес жаралғандай кең жазық та, күн батысында қарасуы Есілдің бір тар-мағымен астасқан берекелі алқа. Ойдым-оидым етіп шөбін өсіріп тұратын қойнау-қойнау, талды үйенкілі тоғайы бірнеше қолхоздың малына қыстың азығын бере аларлықтай мол да өнімді сая. Дәңцен түсіп еңкейсе, қара судан мал суарылады да, одан әрі бос жіберілген мал табыны қамысты көлде-мекендерген дала қаздарымен, шұргей, қасқалдақ үйректермен барып үштасады. Қырғы жазықта сақшыдай бол дара өсken жалғыз қайыңың түбінен келіп, көлге қосылып жатқан мөлдірлігі күмістей бұлақ сұы тағы бар. Ирендең кеп тұнған қарасу мен Есілдің екі ортасындағы дөңгелек-дөңгелек көлшіктерді ескермесе, қойған жайылым бол жүрген кең алқапқа бүкіл аудан халқын жинаса, тарлық етер емес. Тек осындай той болатын күн тезірек туса...

Ауыл ауылдың өзінде адамға тән мінез құлық болатын сияқты. Мәселен, бұлармен көршілес «Еңбек» ауы-

лар әнші ауыл десс, Дарканиң ауылын «қырық папке ауылы» дейді екен.

Мұның мәнісі Совет екіметінің алғашқы жылдарымен байланысты болса керсек. Бұрынғы ескі окуды қойып, төте окуға басқалардан бұрынырақ көшкен Қекбелестен жаңаша сауатты азамат молырақ шыққанда, Совет қызметіне солар алдымен жарап кеткен. «Мұртына қарай іскегі, сабасына қарай піспегі» демекші, белсенді, жырық етек болған соң, қолтығына папке қыстырып шыға келген фой.

«Аңғарған адамға осының өзі бір шежіре-ау» деді ішінен Дарқан.

Ендеше арс етіп жағаға үмтүлған жау сол шежіренің күлтталқанын шығармақ қой. Таптап, табанына баспак.

Осы бір ойлар сезім отымен қабаттасып кеп қысып кеткенде Дарқан өз-өзінен алқынып, тынысы тарылып бара жатқандай сезінеді. Сондай сәттерде Жолболды үйінде сынуга тиіс бола жаздаған домбыра көз алдына елестеп, көлбен-көлбен етіп тұрып алады.

Әрине, Жолболды үшін үнсіз, селсоқ ілулі домбыра өмірде аңсаған көп те көгілдір, алаулы үміттерінің күл бол ұшуы. Адуындал, арынды келе жатқан жас жігіт тағдыр тосқан кермеге шыдай алмай, шарт сынды.

Мана, кешке ауылға аттанып бара жатқан қыз-келіншектер қостан үзай беріп, бір ән айтты да токтады. Соғыска аттанған жігіттер қалдырып кеткен қоштасу әні. Өзекті өртегендей зарлы ән. Тұған жермен, асыр салып, тай-құнанша еркін сілтеп айқара шапқан белдермен, ағайын-туған, ел-жүргисп коштасу. Тіпті ренжіткен жерім болса, кешірс ғер деп, бакұлдық сұрағанмен бара-бар сөздер де кездеседі. Алғаш осы әнді Дарқан да жаттаған, бірақ еш жиында айтпаған-ды. «Жасық ән» деп корытқан да, өз пікірін ішіне сақтаған.

Бүгін де осы әнді айтушылар ауылдан жырақ жерде бір шырқады да, елге таяй бере, доғара салды. Ән салғанды ерсі деп үққаны фой...

Соғысқа дейін ше? Беу шіркін!

Колхоздың өрістегі сиырларын сауып, бірішкеге мінген сауыншылар фермаға жеткенше сұнқылдатпаушы ма еді. Сонда сонау алқада косыла салған ән кешкі ауамен жаңғырығып, дөңдегі ауылға жетіп тұратын. Есік алдында шаруамен айналысқан жүрт осы әнді күткендей, күйбендең, үйлеріне кірмей, ана-мынаны тұрткілеп, тұртініп жүріп алатын. Самғай ұшып ән шыққанда, не күрекке, не айырға сүйеніп тұрып, қай қыздың, қай келіншектің даусы үздік шыққанын ағарысып тұратын:

— Эне, Сәркен бастап әкетті.

— Міне, Маржан даусы соңғы буынын созып барып бітірді.

— Мына зор даусы қайсысы...ә, жаңа түскен келін екен ғой... Аты Еркетай десіп, бірі келіншегінін, бірі сүйгендің қызының үнін аңдып, аңсан тұрган жүрт:

— Фермаға жетіп қалды-ну. Әттеген-ай — десіп, бейне концертте отырғандай гуілдесетін.

Әннің аяқталғаны — сауыншылар фермаға жетіп, сүтті ыдыстарды түсіре бастады деген сөз...

Енді ше? Зарлауық ән басталды. Басқа ән қозғаусыз. Әлде бірі жылап, бірі сыңсын, бірін-бірі жұбата түсті ме екен?

Жұбату... Қандай жылы, қандай мейірімді сөз. Қын сәтте жолдасын кеп ишіңца үи-түнсіз-ак қолын салса, жұбатқаны. Ал қолын алыстан бұлғап, асыққансып өте шықса, жүргінде оған деген бар жақсынды жардан құлатқаны.

Мана Бекен бір дамылдаган сәтте Дарқанға қызық бір сөздер айтты:

— Мен соғысты басқаша деп ойлаушы едім,— деді ол.

— Қалай деп?— деді Дарқан шұғыл.

— Соғыс кеаінде, суреттерде салынғандай, қабағы қату, ойын-күлкісіз, тұнергеп бір жандарды елестетуші едім.

— Енді... сеніңшे?

— «Құлғен — мәз, жеген — тоқ» деген бұл кезде де болады екен. Кеше Жолболды агаң ауыл қошесінде мас бол жүріпті ғой,— деді бала.

Дарқанның көзіне тағы домбыра елестеді. Бұл жолы өз домбырасы.

Жаңажол ауылы есілдің ар жағы болғанимен, аралас-куралас. Дарқан жаңын, өнерін жақсы білетін Мәжеппің баласы өз қолымен жасаған домбырасын бір ретте сый-лап жіберген:

— Экенің ісі сөніп қалмасын деп, үлкене жүруші едім, алғашқы домбырам сенікі болсын,— деген.

«Жок, домбыра тұншықпай, күмбірлен, бар үнімен сойлеу керек. Сөйлету керек домбыраны!»

Көп толқудың түйіні осыған тіреліп, Дарқан хош иісті қосқа кірді.

VIII

Таңтертең жұрт келгенде Дарқанның салғаниаш ац-ғарғаны — Бекениң өні сынық. Сүзектен тұрган адамдай қуарып, көзінің алды ісініп кетіпті. Көзқарасы на-залы, тиген жеріне шоқ түскендей, әр кірнігі сүңгідей істиіп, сұғына кетер сылтау іздеп тұрғандай. Көз үшкыны күйдіріп жіберердей жалын оты ойнаиды, тіпті кейде өртеніп бара жатқандай маздал қоя береді. Бірақ сұық, ызғарлы жалын.

Істеген ісінде, қимылында да бір түсінікіз алаң болу, әрі-сәрілік бар. Атқа қамытты теріс кигізіп қойып, қайта алды. Ер тоқымды терлікіз салып, төс айылни тарта беріп, қайта есіне түскенде ғана барып түзеді.

Өрттен шыққандай бұл күйде жұрт көзінше сыр аша қоймасын сезген Дарқан шабындық басына шыгар кезді сабырлықпен тосты.

Міне, сол сәтте келді. Шалры қақалап, «шөп жеп» қалғанында, әшейінде аттан атып түсіп, мойынға кептел-

ген шөпті бірге жұлысатын Бекен екі қолын алдына салып, сұлышқа отырды да қойды. Екі иығы құнжысып, былқышылқ етіп қалған сияқты.

Дарқан шалғыны тазалап болып, бүған жақындай бергендеге:

— Аға, темекі тартайықшы,— деді қарлығыңы дауыспен.

— Оу, бұл кәсібіңе жол болсын. Мектепке барғанды мұғаліміңе не дейсің?— деді Дарқан болмашы дауыспен.

— Мені мектепке барады деп кім айтты?

— Е, жаз өтіп, күз келмей ме?

— Мен оқуға қайтып бармаймын.

— Себеп!

— Жұрт соғыста қырылып жатқанда, мен өлең жаттап отырам ба?!

Балапың шәлкем-шалыс сөздерге бара түссе, айызы капа түсіп тұрғанын аңғарған Дарқан:

— Мен саған темекі бермеймін,— деді.

— Е, мен бәрібір мүк сорын түтіндеп те үйренем гой. Темекі оның жаңында жұпар сепкендей дейді гой балалар.

— Ал темекіге неге құмарта қалдың?

— Нервіні басады дейді гой.

— Е, соншалық сенің нервіңе не болды? Кеше ғана сап-сау емес пе еді?

— Бұзыла салу қын ба. Оның үстіне соғыс жүріп жатсас...

Бала көнілде бір гәп барын түсінген Дарқан бұдан әрі мазалаған жок. Біреудің сыр сандығына дәрекі қиылмен қол салу дағдысында болмаған қасиет еді. Не ой, не сезім-қайсысы болса да әз күсында лісіп, жетілгенін жөн деп бағалайтын фәлсафасына бағып тап қазір Бекені де жайына қалдырыды. Даңғырлаған үніне басылып, шөп машина қозғалып жүре берді.

Бірақ Бекен сырды бала көкірекке сия кетіп, тынып

жата калатын құпия емес болатын. Тым салмакты, корғасындай ауыр еді.

...Кеше Бекен жұмыстан оралғанда, мұның келуіне деп бидай қуырып, ақ ірімшік дайындаған Перизат үлкен адамша қолына су құйып, орамал беріп күтіп алған.

— Тыныш үйкітап, демал, таңтертең тагы ерте тұра-сың фой,— деп төр үйге оңаша төсек салып берген.

Қалжырап кеп, мамық төсектен басқа рахат бар деп ойлап та тұрмаған Бекен жата сала үйкіга кеткенмен, тұннің бірауық кезінде оянып кетті. Оны оятқан ап-апық бір сыйбыр еді.

— Жолболды, аптықтырмашы, тіпті күйдіріп баразың,— дейді сыйбыс.

Шешесінің даусы.

Жолболды мұнда қашан келген? Мана жок еді гой. Оның бұл үйде жұмысы қанша?

— Саған бала күнімнен ғашық едім... Тіпті женге деп те ойнауыма болады фой...

Жолболдының даусы.

Бекен бар тынысын ішіне жинап, тас бол қатты да қалды.

— Сендей жігіттің ғұліне кім шыдамдышық жасар дейсің. Сонда да Перизат мұдіріп қалды.

Ынтыққан Жолболдының даусы:

— Сонда не бөгет?— деді.

— Тым болмаса жыл өтсін де...

— Мынау жүріп жатқан қанды майдан. Ертең кім бар, кім жок. Қызықтан құр қалмайық та.

— Аруактан ұят та... Сабырлылық жасайың.

Үлкендер арасындағы бұл әңгіменің төркіні не пәрсе екенін Бекен түсініп жатыр. Эжелер айтатындағы, арбадан ешкім түсіп қалып жатпағанын, базарда да бала сатылғанын көрмеген жүйрік көңіл бұл сыйбыстың жақсылық нышаны екенін оянғанда-ақ сезген. Темір басты

жалпақ белбеу қолына қалай келіп түскенін білмейді, дөрекі қымылға бет бұrsa, Жолболдыңңың сыбағасын бергелі қамдана бастаған. Бірак Перизаттың сонры сезі ем болса керек, сықыр етіп есік ашылды да шақырусың қонақ шығып жүре берді. Шешесінің өксіл шыққан даусын естігенде, көрпенің бұрышын сағызыша шайнап бұл жатты. «Еркек жыламайды»— деді өзіне-өзі. Жылаған жоқ. Тек булығып қара терге шомыла берді.

Сыр Дарқанға айтылды. Өксіл-өксіл ашынып айтты.

— Ойхой, дүние-ай, ойхой-ай!— деп санын бір соққан Дарқан аузына басқа сөз түспей, тығылып отырып қалды.

— Пай-пай, пай-пай!— деді әлден уақытта.

«Адам өлгеннен соң да бір жыл өмір сүреді,— деген бір ой жүйткіп өтті санаасында.— Ескіше жолмен өлшесек, үші, жетісі, қырқы, жылы. Осылай-осылай жүйелеп, еске алысады. Сонан соң ашыған көңіл суынып, жетімек көңіл көндігіп, өлгеннің рухы сің жақын тартқан адамның жүргегіне ауды. Осы рух таза ғой көңілге, кірлемей есте қалсашы».

Қалтасынан темекі орап, біріш Бекенге ұсынды да:

— Алғашқың да, соңғың да осы болсын,— деді Дарқан.

IX

Кешеден бері көріспеген уақыт жылдай болған ба, Зәйкен Дарқанды мойнына орала құшактап қарсы алды. Сонау бір жас кездегідей еркелік назбен кеудесіне басын сүйеді. Ожаумен су құйып тұрып, күнде ұстап жүрген қара сабынды былай ысырды да, хош иісті ақ сабын ұсынды.

— Бір күн көрмегенге мені сонша қастерлеп кеттің ғой,— деп әзілді үнмен Дарқан жуынып жатыр.

Зәйкен үнсіз. Қүйеуі жуынып болып, сүртінерлік нәрсе іздел жан-жағына қарай бергенде:

— Бұғін мынамен сүртін,— деп сол колыңда тұрған ақ орамалды көлбендете берді.

Сонда ғана ұғынған Дарқан жадыраңқы келбстеп кестелі орамалды екі алақанына салғын, созл үстап түрл қалды:

— Айхай, заман-ай, ұмытпайтыңды да ұмшып кетіп-піз-ay!

Бір шетінде Дарқан, бір шетінде Зәйкен аты кестелеп жазылған. Жылда осылай бір атаулы күнде кестелі жа-зумен қолға тиетін дағдылы орамал. Екі ортада «25» деп басталған жыл санау екеуі қосылған жылш түсті жібек жіппен түскен белгі. Соңғы цифр «25»-ті нұсқап тұр.

— Уа, Уа! Қайран жиырма бес! «Ақылжан деп та-лай қыз тұрушы еді, сүмдүк шықты дейтүған», «Ақыл аға» депті-ay!

— «Өтеді күндер, өтеді тундер, жазым зымыран» де-генді қайда қоясың, жаным? Тұған күнің күттү болсыны— деді Зәйкен ынтық үнмен.

— Рахмет, бауырым! — деп Дарқан толқып біраз тұрды.

«Қазан түбінде шеміршек қалады» демекші, сүр қа-зының бір кесегі мен шүжық асып, Зәйкен өзінше мере-келік тағам дайындал қойған екен.

— Зәйкен,— деді Дарқан мұны көргенде,— ұлы ду-ман жасамасақ та, Перизатты Бекенімсі шакырып келе гой. Бірге отырысайык.

Перизат келді. Дарқанның сұраулы жүйіне қара-да да:

— Бекен басым ауырынқырады деп жатын қалды,— деп сол сұрактың жауабын берді.

— Сенің жұбың Ҳалел үйде болса, баяғыша сайран-датып отыратын күн еді бұл. Амал қанша, согыс ызгары бой жаздырмайды. Сонда да тіршілігіміздің дәстүрін бұзбайык, бірге отырайык — деді Дарқан.

Мұнан соң өз-өзінен күні кеше болса да баяғыдай бол

кеткен сауық-сайрапды күндер, қыз бен жігіт боп жүрген қызығылықты сәттер, «ақ сүйек» ойнаған айлы түндер, есте қалған жиындар сөз болып, үшеуден үшеу кенелді де қалды.

— Халел екеуің қосылғанда, магап қашан бұл дәүрөн орнар екен деп ойлаушы ем. Бес жыл бұрын үйленіп, кісінің көзін қызықтырдындар — деп қалды бірде Дарқан.

— «Әйкен-ай деудің орнына «Зәйкен-ай» деп сұңқылдан жүріп сен де бір сымсызды алып соқтың ғой,— деп қалжындал Перизат та елігіп отырды.

— Самайға түскен акты көріп, басын енді шайқап отыр,— деп Зәйкен де қостап қояды.

— Келмеске кетті ғой ол күндер! — деп қалды Перизат.

Оның сынық жүзіне тіксіне көз салған Дарқан:

— Келмеске... қалайша келмеске? — деп күмілжіп, күбірлеп қалды.

Перизаттың жақ етін қасықпен ойып алғандай суалыңқы, опа жақпаса да сынынан таймайтын ақ жүзі, нұрлы келбеті солыңқы тартып, көмескіленең бастағанын жаңа аңғарғандай. Соғыс салған қасіреттің бір батпанағының мына нәзік нықтар езіле түсіп көтеріп жүргенін жаңа сезгендей.

Қос басында елес беріп кана еткен «жұбату» атты бір сөздің мәні, күш кайратын қайыра, анық сезіне қалғандай.

Жұбату... Тегі, бұл жылағанды қой, өксігінді бас, басында көтер деген үгіт-тілек кана емес, үміт отын елестеттер тірек сөз де болу керек қой. Түнерген көнілге сәуле шашу керек емес пе. «Түнерген қалың қабак жадырасын, ән салып, күй күйлесін домбырама» деген сөз бекер айтылмаған болар, сіра. Өйтпесе қайқайған бел үзіліп, тікейген иықтар ілілп кетпес пе?! Жылай-жылай жас та таусылады, көз де суалады, бірақ өмір көші тоқтар ма! Сопы айттар болар жұбату.

Домбыраға кол тиіп, сұқ саусақпен шертіп калғанда,
екі келіншек селк етіп, Дарқанға қарады.

Өңіпен аңғарған адам болса, Дарқан бүл төңіректен
алыста, кия бір шеттерді шарлап жүрген еді. Қабыргага
жабысқан картаны көз ұшымен бір қаршы өтіп, көңіл-
де сайраган жолдармен Отан ішін аралап жүр еді.

— Пида қып жаныш солдат жүр.

Отанын қорғап, коршалап,— деп бастай жөнелді де,
майданның ауыр-ауыр белестерін елестете өлеңмен шо-
лып отыр.

Бүкіл сұрапылдың ортасына винтовкасын кезеңген
жауынгерді қойыпты. Сал талай айқастың ауыртпалы-
ғын көтере жүріп, талай кияметтен құтылғын кетіп жүр.
Бірде орман панарап партизан бол, бірде жау ортасына
сініп кетіп, не көптен адасып қалып, кешкен от, жауган
окқа қарамай, сапарлас жауынгер жолдастарым іздел
келеді. Тізе қосып, шайқасуға аңсап келеді. Болмаса
жау легінің қоршауында қалып қойып, селдірең қалған
серікестерімен бірге, арыстанша алышып, беріспеккесе
бекінген жауынгер «арыстандай айбатты, жолбарыстай
қайратты» жауынгер.

Өлең тынды. Жұықтан бері «аруақша» — мазалап
жүрген осы өлең еді. Перизат:

— Үмітсіз шайтан деген осы да. Біздің Халел де осы-
лай бір түкпірде жүр ме еken,— деп күрсінді.

— Жүрген шығар, Перизат, жүруге тиіс,— деді
Дарқан.

Ол салған әннің максаты Перизаттың осы бір сөзде-
рін шығарту еді. Жылт еткен сол үмітті маздатып жі-
бергісі келіп соңғы сөзін де Дарқан айтып қалуға асық-
қандай, шапшаң сөйлемеді.

Перизат үйге келгенде «басым ауырды» деген баласы
қалшиып, сыйқсина шамның аясында отыр екен. Колын-
да альбом ішінен алынған әкесінің кәртішкесі. Үлкен ак
қағаз, қарындаштар. Шешесінің келгеніне селт еткен
жоқ:

— Папамның суретін саламын,— деді күңгір дауыспен.

— Сал, сал, күлінім. Сонын адресі келгенде, өзіне жолдап жібересің.

Шешесінен мұндай сөзді күтпеген Бекен күрт бұрылып, одырайып қарап отырды да:

— Сонда... сонда... папам тірі болғаны ма?— деп өксіп қоя берді.

— Е, тірі болмағанда... Қару ұстаганның бәрі қырыла береді дейсің бе? Қара қагаз да кейде қаталасып келеді ғой. Қоршауда қалды ма, партизан болып жүр ме, кім біледі.

Атып тұрып, шешесінің баурына кіріп кеткен Бекен қалышылдаған днесін сәлден соң ғана барып басты.

— Бекеш,— деді Перизат салмақты дауыспен,— суретінді ертең бастарсың, тышық.

Сонын төргі үйге жалғыз салынған баласының тәсегін ауыз үйге өз қасына әкеп жайды да, еш қаресіз үйқыдағы екі кішкене қызың қымтап, өзі де жатты. «Қарашығым» деп еміреніп, Бекенді бауырына басты. «Жігітсініп», өзінше дардай бой жүрген Бекен шешесінің сүт іісті кеудесіне танауын көміп жіберіп, тәтті үйқыға кетті.

X

«Көкбелестің» алқасы жынырлаған көпене, барынша үшкірленген шошак, қырлай соғылған маяларға толғанда, ерекше құлпырып кетеді. Ірілі-ұсакты үй тігіп, жаңадан бір ауыл келіп қонған сияқты әсер етеді.

Шөп үюдін қарбаласы бүгін тіпті қыза түскен. Оның себепшісі-аудандық партия комитетінің секретары Берікболат Ақсұнқаров.

Берікболаттың өзі осы ауылдық. Жасы елуден асып кеткен ел ағасы. Мана таңертең сүлік қаралардың мы-

ғымдарын парлап жеккен солқылдакты пәуескемен жеткен. Келе сала:

— Ағайындар, шөптің құлауы жеткілікті екен. Енді шабуды дөгара тұрып, маялап тастау керек. Жұықта ауа райы бұзылып кете мә деген ескертис бар,— деген.

Өзі арбакешіне аттарын ағыттырып тастап, колына айыр ұстап, мая түбіне түрған. Шөп машиналар дөгари-лып, жұмыс көлігі деп аталатын ат, өгіздер көпепе тар-туға жегілді.

Дарқанды серіктес етіп алған Ақсүнқаров жасының егде тартқанына қарамастан, барын сала пішірлады.

— Ауылдың шөбінің исіве біраз кипиши піліпты,— деп алақанына түкіріне кірісті.

— Бәке-ау, өзіміз де бірдеңе стеміз гой... Білге кара-сыныз да жарайды,— дегендер де болаш еді ондайларға қалжынмен жауап берді:

— Жұырда бір басқарма: «Менікі қарашпайым басшылық, қалғанын қолхозшылардың өзі айтқынабай-әк орын-дап жатады» деп еді. Маган солай бол дебесіндер ме. Өзім де мүлде қалатын түрім жоқ. Осы бір мияны үшта-сып кетемін. Барап жер көп.

Бір қалтарыста:

— Осы Жолболды бала не істеп жүр?— деді Дар-канға.

— Басқарма есепшілік ұсынған екен, пілмілті. Бір қолмен шолтандап, таба болар күйім жоқ, блеска жакқа кетемін десе керек.

— Оны кемсіткен біреу бар ма еді?

— Ондай ойға да келген емес. Өз-өлінен күйікке беріліп, ішкүсаға айналып бара жатқан түрі ме деп ой-лаймын.

— Мұнысы онша жағымды қылых сімес не екен.

— Қүрек ұстауға жарамды қолдың бәрі санаулы уақытта достығы емес.

— Эн дегенин тиылдым дегенін естідім-ау?

— Дегені бар.

— Бекер айтқан ондай сөзді. Соғыс салар жараны таразылай берсек, екі қолды тәбеге койып, лаға беру керек қой. Сонда елді кім сактайды, жараны кім бүтін-демек?

— Қайрат-жігер әркімнен табыла берсе жақсы гой. Бұл кездегі әнді ерсілік деп үққапы да бар шығар...

— Нагыз ән шырқайтын кез енді келді гой.

«Бұ қалай айтқаны»— деп Дарқан сынамышыл көз-бен Ақсұңқаровқа карап еді:

— Иә, иә, Дарқан,— деді ол.— Әнді барынша шырқайтын кез келіп тұр.

Одан әрі Дарқан қазбалаган жок, аудандық басшы сөз төркінін тарқатып, кеңейткен жок. Бастаған сөзін аяқсыз қалдырмайтын адам екенін бүрыншан білетін Дарқан үлкен кісіні қаузай бергенін гөрі әңгіменің жалғасар сәтін байсалдылықпен күтуге үйғарды.

Маянын төбесі де шығарылып, дамылдал отырған жүрт:

— Орталыкта жүр ғой. Әрі көзі ашық азаматымыз. Бекен майдан жағдайынан ештеңе айтпас па екен?— деп қыныратқып еді, Ақсұңқаров шешіліп ештеңе дей алмайды:

— Өздерініз естіп, біліп отырған халден басқа косып айттар жаналығы жок. Жау алғаш бізді алқымдал еді, енді белдеске түстік. Қатты белдесіп тұрмыз. Жоғары қолбасшының «Ісіміз ак. Біз жеңеміз» деген сөзі басты сүйенішіміз,— деп қыска қайырды.

Сіра, суыртпактап сөйлеудің ретін таппаған болу керек.

Аттанарға қамдапа жүріп, Ақсұңқаров Дарқанды қасына ерте, пәуескеге қарай келді.

— Эн салу керек дегенімді әлі ойлап жүрсін бе?— деді сонсын.

— Ойыма ой қосылған сияқты, әрі бұл тарапта сөз-бен тоғысканда секілдімін.

— Онда құба-құп. Ендеше біршама сыр шертісейік.

Алдымен бір сұрагым бар. Осы халықтың пиғылы, көніл-күйі қалай деп ойлайсың?

Дарқан антарылып қалды. Бұлай тереңдеп барып көріп пе еді?— Бірді-екілі адам смес, бүкіл жұрттың ішіне кіріп шығардай үлкен ғылым ғой бұл. Тап басып берер жауап таба ала ма?

— Соғыстың тезірек біткенін күтсі ғой, әрине.

— Ал оның қалай бітерін топшылай ма халық?

— Білетін болар...

Тап басып айттар сөзді қапелімде таба алмаған Дарқан мұнан соң Ақсұнқаровтың сөзін тыңдаумен болды:

— «Болдырган сиыр ауданының қаулысын қайтсін»,—«Кожайын үйде болған соң, соғыстың жүріп жатқанын да, жүрмей жатқанын да білмейміз»,— деген сөздерді естігенін бар ма?»— деп сұрап алды да, басшыға лайық қеңдікпен осы сөздердің мән-жагдайы астарын бүкпелемей, турарап ашып берді:

— «Жаман айтпай жақсы жоқ» демекші, ең алдымен жағдаймызыға ыңғайсыз, көлеңкелі жактаң бастаймыз,— деді Ақсұнқаров.— Бірінші сөз әбден титықтаған, қалжыраған, лажы таусылған адамның сөзі. Оны бір қолхозшы біздің бір уәкілімізге айтқан. Қектемгі егіс кезінде, соқаға жегілген сиыр титықтап, жүріп келе жатқан жолына жығылған. Қанша ұргашмен, таяқ өтпесін білген егінші екі қолды тізеге асып ол да отырған ғой. Сол кезде уәкіл кездеседі. «Егісті тездету жөніндегі ауданының қаулысы орындалмай жатқанда, бұл не отырыс?» деп келеді ғой. Сонда егіншінің берген жауабы әлгі:— Эрине, ол шаласауатты, саяси қаранғы адам болуы да мүмкін партияға тіпті тырнақтай да кіршең ниеті жоқ болар. Бірақ ол дәл сәтінде болдырган сиырды ғана көріп тұр. Ал өзі сияқты бос белбеу, шикікөніл кейбіреулерге бұл сөздің қалай әсер етерін пайымдап тұрған жоқ. Қажетінше сиыр жекпеске біздің де амалымыз жоқ.

— Сонда бүгінгі күн хал баршамызға түскен ортақ жүк екенін сездірте журу керек дейсіз рой.

— Әлбетте. Әйтпесе қазіргі киыншылық, таршылық құбыжық бол көрінуі де мүмкін рой.

— Құбыжыққа тұра қарай білу үшін көз ашық, көңіл сергек болу керек дейсіз.

— Иә, ал екінші сөз ше?! Екінші сөз артық-кемі жок тоғышардың сөзі. Айтушы әйел. Өз тыныштығынан, өз ошағынан басқа қарға адым жер асырып көре білмейтін адамның тоқмейіл көнілі. Сонда өзім жайбаракат, тынышпын, басқаң не болсан, о бол деген рой.

Міне, осының бәрі соғыс атты ерекше халден туып жатқан көріністер. Сөз жоқ, етек алған құбылыс емес, бірен-сарап мысал. Әйтсе де біздің болмысымды осының да бой көрсеткені екінішті.

— Соғыстың қару-жаракқа ғана емес, бүтін адамгершілігімізге сын екені осыдан да. Дәл қазіргі уақыт асылымызды да, жасығымызды да електен өткізіп жатыр рой.

— Дұрыс айттың, Дарқан. Сол електің көзіне шөпшәлеммен легіп кейде әжептәуір жылтырак көрінгендердің де түсіп қалатыны болады екен. Жұырда біз аудандық комитеттің бюросында арнағы мәселе карап колхоз басқармасы Тұлкібаевты орнышан алдық. Бұл фамилия біраз жерге атақты. Кері атак... Бірде тракторы сынып электеніп, өзі де қайтсе қимылдатамын деп жанталасып жүрген тракторшыға ол «неше сағат мұрсат берейін, қашан жұргізесін?» деп шықылықтан қоймайды. «Қайдан білгенді қайдан білесің! Қезіңді ашып қара Тұлкібаевқа» деп дікілдепті. Сонда әлгі тракторшы: «Өй, өзін... Тұлкібаев болмақ түгіл Кантарбаев болсаң да әрман кетші!» деп бір-ақ қағыпты. Сол енбеккерді райком алдында ықтырып алаң деп бізге әкелгенде, өзінің бірталай қоқсығы шығып, басын да арашалай алмады. Ауылндағы сұлу келіншектерді «аяғымды сипап

берсін» деп шақыртатын әдет шыгарған. Тіпті арбаға мінгендеге, астына құс жастық салатын болты. Өзін әшешіндегі жылтырлау адам ғой деп үннатиаушы едім, кеудесі ыс, санасы нас, пасық адам бол шықты. Партия соны көріп, кезінде аластай алмаса, жұрт не айтар еді бізге?...

— Мактамасы түсінікті ғой.

— Осының бәрін тізіп, ұзак-ұзак сөйлемдім. Соңда менің не айтайын дегенімді білесің бе, Даңқан?

— Топшылауымша, соғыс өрті бетке шыгарған кейбір қоқыстың түсіре салар дағынақ сақ болу керек дейсіз ғой.

— Бұл да. Ал негізгі ойымның тұлғашы — «біз жеңеміз» деген ынта бекем болу үшін, сол асыл сезімді әр жүрекке құя білуіміз керек. Әр адам «Біз жеңеміз» дегенді тек үран ғана деп үқпай, соған шұబаланбағ, коміл сене жұмылуы қажет. Сөз жоқ, біз жеңуге тиесінде жеңеміз. Бұл жеңіс онайға, арзанға түспейтінде де шынық. Женіліс тауып түрған аш өзек жердің өзінде жеңіп шыгуға тиесін. Әйтпесе Совет өкіметін орнатып та қажеті жоқ боладын. Міне, халыққа біз осыны жеткізуіміз керек.

— Айтылып та жүрген жоқ па...

— Басқаша бір түрімен айтсақ деімін. Жүректен шығып, жүрекке жететіндей бір сөздің түрін тапсаны...

Осы әнгіме аяғында Ақсұңқаров Даңқанға пудандық комитеттің шешімін айтты. Халық ақындарының аудандық слетін үйімдастырып, сәті түссе, жеңіс атты ұлы мақсаттың насиҳатшысына айналдырылған. Ақсұңқаров бұл ауылдан Даңқанды ұсынған көрінеді. Соны жол жөнекей ескертте кетуге сокқан беті де екен. Даңқанға жуық арада төңіректегі ауылдарды аралап шыту қажеттігін де үғындырды.

— Шөп шабу не болады? — деп қобалжыған Даңқанға:

— Екі-үш күн амалдар. Ал сенің аттынар сапарыңың өмірлік мәні бар, — деді Ақсұңқаров.

Уәде осы болып, олар қолдасып қоштасты.

Қауқары пілте жакқанмен бірдей жетілік шамның жарығында Дарқан мен Зәйкен күнделікті күнкөрісті әнгімeden басқа, өзгеше бір тақырыпта көп сырласты.

— «Кеудесі жаксылардың алтын сандық» деген расқой,— деді Дарқан әсерленген дауыспен,— Берікболат ағай мені ұмытпапты.

— Е, өнерің сенің кімнен кем, тек жанығышы кездеспей жүрген болар,— деді Зәйкен.

Осындай қолдаушысы қасынан табылғаны үшін тағдырға риза адамның келбетімен Дарқап келіншегіне үян көзben елжірей қарады. Аксұңқаровпен күндізгі әнгіме катты толқытқан кейпінен арылмаған.

— Домбыраң сөйлей ме?— деді-ау Аксұңқаров.

— Сөйлейді,— деді Дарқан.

— Ана бір жылы біздің інішектің үйіндегі шілдеканда шырқаған даусын әлі құлагымда. Тынысың кен, әр жағында ашылмай жатқан әусіндердің қазнасы жатыр ма деп қалып едім. Сол байлықты балтап салу керек енді.

— Беке-ау, тамағын қырнап, күнде даусын бағып жүрген машыкты өнерпаз смес, мен әуескәй ғанамын гой,— деп Дарқан жүрексінгендік білдірді.

— Талығып келе жатқан жүйрік атқа камши салғаннан да жапай беріп киқу салған көп артық. Женсмін деп қасарыса ұмтылған халқымыздың айқайшысы бола біл. Осыны жадыңа тұтсаң, даусының селдей куаты ашылуға тиіс. Және де жүйрік қашан да қырымлоз жылтырдан шыға бермейді гой. Құлагер кермеде аупай-саупай сұлық тұрғанда, көзі түскениң бәрі бірдей оны тұлпар деп бағалай бермеген гой.

Осыны еске түсіріп, ерекші бір мейірмен осы әнгімені бұлжытпай Зәйкенге жеткізіп отырған Дарқан:

— Замана тұр батыр бол деп.

Замана тұр ақын бол деп,— деген сөздерді віттып, күбірлеп қалды.

— Ел тынысын тыңдал қайт, көп шарсөң көзің түсер аймағың кеңейіп, сезім пернесі молая түседі,— деген Аксұнқаров нұсқауымен Дарқан сртесінде колхоздарға жүрмек.

Дарқан бүгін өзгерген. Басқаша құбылыш, басқаша әсерлі. Аудандық комисариат аяғың кем, согыска жарамсызың деп көрі қайтарғанда, тірі пруектің боп бір келіп еді.

«Көппен көрген ұлы тоғға» да катындыламаган осы екен-ау» деп қатты налыған. «Қатын-балапшын ирасында сойталдай боп қалай жүрмелі»— деп назарланған. Бүгін мүлде басқа. Назарынан еш қимыл қили кетпейтін каршыға көзді қүйеуінде өзге жүрттап болек, үшемі көзге үрып, тусе бермейтін бір леп барын Зәйкен бүршінан аңғаратын. Іштей сүйсінетін де, соныңнан мойынсұтастын. Толқынды шашының бір кесегі ак майдапшына оратыла түскенде осы бір леп іштен лаулай блетағаны деп үғынатын ол. Қылышпен шауып түскендей тікшіл шыкшыты кесектеніп, көзі алаулап тұр.

— Дарқан,— деді Зәйкен жұмсақ үймен,— үлкен аға нар жүгін артып кеткен екен. Жолда қолмас деп сенген болар. Сол сапарына бір шұлғашы жетектетіп жіберейін.

— Беу, ақын болар жігіттің келіншегі де ақын бол шығып жүрмесін,— деп Дарқан Зәйкениң екі колына шап ете түсті.

— Ақын қүйеуінің отына күйе білер кабелегі болса да жетіп жатыр-ау,— деп майыса құлғен Зәйкен Дарқанның құлағына сыйырлады:—«Женіс» штты бір үрпақ бойынан белгі бергендей!

Сенерін-сенбесін білмегендей, соғынын қалған Дарқан:

— Рас па?— деп қалды.

— Көп болған жоқ. Бұған дейін кешін көрмеген бір

бөлек сезім тұла бойымды баурап барады. Аналық сезім болар, тегі. Кеудемде сүт бұлағы ашылғандай, күн-күн сайын кернеп келеді.

— Япырау,— деді Дарқан атып тұрып,— мұнша бақыт сыйлап тұрған бұл күнді қалай деп атасам екен! Бар сәулесін, бар келбетін суретке түсіріп ала қойса, ә!

— Сурет қанша құдіретті болса да, бір қалт еткенін ғана ұстап қалмай ма. Бұл күннің бар нұрын қеудене құйып алсаңыш!

— Беу, шіркін, беу шіркін!— дегенинен басқа сез таба алмаған Дарқан Зәйкенді аймалай сүйіп, біраз отырды.

Белгі берген Жеңіс атты інарестесінің тамырын басқысы келгендей, келіншегінің қеудесін аялы алақанымен аймалай берді.

Әлден уақытта ілулі домбыраға таяп кеп, қолын соза берді де, қайтадан тартып алды. Тыннан туып, қеудеде сайрай бастаған жаңа әуенді бұзып алам ба дегендей. «Пісе түссін, қайнай түссінші қеудемде. Қайрай түсейін. Ширатылып, ширығып бір-ак самғай ұшып шығар ма екен»,— деді де тоқтады.

Бір соғып кеткен толқынға сліге қоймайтын Дарқан сол әдетіне басып, келесі толқын кезегін күткен қалып-пен сабырлылық сабасына қайта тұсті.

XII

— Мама, сурет папама үқсай ма?

— Үқсайды, құлыным, үқсайды.

— Ал маған әлде де бірденесі жетлейтін сиякты.

— Қайдам, маған дәл өзі сескілді.

— Өзі болса, өзі болар. Бірақ кимылсыз, жансыз ғана түр ғой. Басқаша салсам ба деймін.

— Қимылсыз отыруға өкенің мұршасы келіп жүр дейсін бе? Жаумен арпалыста кім тыныш қана отыр дейсін.

— Ендеше мен папамды ат үстінде, фашистерді қылышпен жайратып жүргенін салуым керек.

— Осының жөнірек болар. Өзі келген соң осылай соғыстың ба деп сұрайсың той. Суреттеріндегі сақтаң кой.

Бұл Перизат пен Бекен арасында болған әңгіме. Шешелі-балалы екесі Халелдің қайтсе де тірі екеніне, аманесен оралатынына сеніп алған сияқты. Үміт отын сөндірмей, бірінсі-бірі дем беріп, сүйеу болған екесі өлинеусіз ардақты адамдарының келбетін сөз етіседі. Перизат Бекенге Халелдің соғыска дейінгі мінез-құлым, іс-әрекеттерін сабактап, санасына құйып отырады. Ориен, көңіл шыңырауынан кілец жақсы қылыштардаң тізбегін шығарып, ол мөлдір қалыпта баласының құлагына сіздіре береді. Мұнысы кейде Халелге үқемшімді жатқанын іштей сезсе де, бұдан балаға келер шияны жоқ екенін дұрыс бағалап, әке атты қасиетті бейнесін көркейте, түрлендіре түседі. Сол таусылмас әңгімелердің тұсында қүйеуінің тірі екеніне өзі де сеніп қалады да, әңгіме таусылғанда, шам сөніп, балалар үйкіяға кеткенде, жастықты суға малып, ағыл-тегіл жылап алады. Одан басқа уақытта көз жасып көрсеткен емес.

XIII

Таң алакөбеден атын ерттеп жатқан Даңқана басқарма Жәкен келді. Жас кезінен жүдеу бастау оскен, денсаулығы шалағай адам. «Қексөу Жәкен» деген тұракты лауазымы да бар. Әйтсе де көн бантануға даярды алмаған, тықыршып, тынымсыз жорта беруге жалиақпайтын мінезі әбден қалыптасқан.

— Үйіміз сұық,— деп өзі бір ретте жеке шаруа жағын сөз еткенде:

— Е, сіздің үй сұық болмағанда, кыс екен дең қарамайсыз, күніне жұз шығып, жұз кіресіз, дегендер де бар.

Сондайына бағып, Дарқан басқарманың ерте жүрісіне таңданған жок.

— Сен жолға кешеуілдете шығасың-ау деймін. Бәлкім бірер күн, бәлкім бір жұма,— деді ол,— Егінге арамшөп қаптап кетіпти. Соган бала-шағаны жұмылдырып кетпесен болmas.

Жолға қамданып койған ниеттен қайта кою жеңіл болмаса да, арамшөптің кесепатын шамалап үйренген дікән жүргегі бұл қажетті шаруага да бұлтарыссыз көніп қалды.

Ал Жәкеннің келесі хабарында бұкіл арамшөптен де зілді, миды ашытар тікенек бар екен. Ол Дарқанды қораның түкпіріне қарай сүйрей жөнелді де, жан-жағына сактана қарап сәл түрдү. Тың тындалап бөгде дыбысқа құлақ тосты. Бөтен дыбысты құлағымен емес, көзімен үстайтындаи томпак біткен үлкен көздері алақ-бұлақ етеді. Төңкеріліп-төңкеріліп кетеді. Әлден сон барып қана, алақанымен қалқаңдап, Дарқанның құлағына сыйырлады. Ол сыйырлаған сайын Дарқан шалқая беріп, ақыры тал қораның жапсарына арқасын сылқ еткізіп сүйей тірелді. Өні сүп-сүр. Көзі шақырайып шығып кетердей.

— «Естімеген елде көп» деген осы екен-ау,— деді Дарқан солғын.

Күшін, қуатын біреу барытталып алған сиякты. Түні бойғы лепірген көнілден үрлем де қалған жок. Осы бір сыйыр уф деп үрттап, жалмап койғандай. Денесі борша-борша, байламсыз, байлансызыз бір былқыл-сылқылға бой беріп қалды.

Үйге кіре Зәйкенге:

— Слет кейінірек өтетін бопты. Бекен хабар өзімнен болсын десе керек,— деді де Дарқан сүйт қимылмен шығып кетті.

Іс мәнін дігерлетіп, такактатып, тәптештеп жатуды әдет етпеген Зәйкен сөз қайтарған жок. Бірақ қуанса да,

налыса да ішіне сыр бүгіп үйрептеген күйеуінің көзінде бұл айтқан сылтаудаң гөрі тереңірек мопіс барны ұғып қалған еді.

XIV

Күтпеген жерге түсे салатын жай оғы сектілді жасытып жіберген бұл хабар Дарқаның үш ұбықтаса түсіне кіретін хал емес-ті. «Бойда бар, бірақ ойда жоқ» кіндікті жаңа көріп тұргандай тантамаша. Бірақ әкесіндей Жәкен сендіре айтып тұрган соң, не қаумет, не шира.

— Біздің Халел қашқын бол шығынты, — деп салды ау Жәкен.

«Бейбақтар,— деп Дарқан күйіншіті қошламен Перизатты, есейе бастаған Бекенді ойлан кетті. Мұнша салмақты қайыспай көтерер күш табылар ма сендерден?!

— Кой, жаңылыс естігсін шыгарсаң? деп Дарқан әлгінде Жәкенге.

Жаманатқа сенгісі келмеген дос шиет емекшеген да-уыспен қалтырап тосты басқармашы җиуабын.

— Мұны естігеше керек болса-шы бұл құлап. Бұдан асқап қара таңба болар ма? Эйтесе де имолың болеа. Қыл енді... Анық хабар. Берікболат жинеңк сөзге өріс бермейтін қадірліміз ғой, телефонмен өзі ҳибәрлады,— деді Жәкен.

Келісім бойынша, бұл жағдай өзірге күннің түрде сакталады, бұл ауылда хабарлар ексуі гана болмак. Сонсынғысын уақыт көрсетер.

Жанындай жақын көрген адамың да қалтариысына мұнша уақыт жасырып жүрген уы болады екен-ау! «Бір үртү май, бір үртү қан», «бір ені Ішінде» деп мұндайларды халық бекер топшыламаған да. Бұл гүміршіда алғашқы рет «Халел осы қандай елі?» деген бір сұрақ Дарқанды кайта-қайта мазалай берді. Сенгіш қоцілмен бұрын бұлай ойланып та көрмепті-ау. Енді осы адамды алақанға салып салмактап тұргандай бір халде.

Бұл сұрақ соғысқа дейінгі өмірдің бір елесін Дарқан-ның көз алдына әкелс қалды. Колхозда жексенбілік жарияланып, айыр, күрек, саймандарын алып, жүрт мал қорага қарай ағылып жатқанда, Дарқан Халелге келген:

— Кетпейміз бе?— деген Дарқанға сонда Халел жа-ца көріп тұрған кісісіндегі күле қараған да:

— Бара берсеңші,— деген.

— Жексенбілік қой...

— Не партияда, не комсомолда жоқ жастың бірі қалып қойса, ештес етпейді гой, —деген сонда Халел тымпындаған пысық-ай бір жүріспен кете беріп.

Тағы бір елес... Жігіттер майданға аттанар күні. Қоштасарлық сөт жақындалап, ажырамастай бол жабыс-кан Перизатты құшақтаған қалпы Халел кілегейленген көзбен Дарқанды бір шолып өтті де, түсініксіз жымыран етті. Сонсын:

— Ал, құрдас, саған қараган әйел енді екеу болады. Ие бол...— деп берекесіз күлкінің ұшығын шығарды.

Ол сәтте «көп ішілген арактың айтқызып тұрған сөзі ғой» деп мән бермеген Дарқан. Қезінде мұндайларға селт ете қоймаса да енді, міне, кей жағдайға көзі ашылғандай, «Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» дегенді есіне алып тұр.

Дарқан:

— Қырсық шалғандай, осы мерез дәл біздің ауылдан табылғанын қайтерсің!— деп олғінде Жәкенге күйзеліс, намыстанғандық білдірді.

Онының басқарма шал басқаша төрелік айтты:

— Эрине, кашқын болар адам басқа ауылдан-ақ шығуы мүмкін еді дейік. Бірақ біз бұл уақиғага басқаша қарауымыз керек.

— Қалайша?

— Өзің туған ауылды бір шекім ғана, елу-алпыс үйлі қыстак, қоныс қана деп кем есептемес. Қотан деген

сөз Отан деген үгымға балама емес ие? Бір ауылдың қотанында Отанымыз ішіндегі санталай, әлденеше қырлы құбылыс, өмір көріністері айнадагыдан жүріп жатқан жоқ па. Соның асылы бойымызға сіңіп, жемісін берсе жасығы бетке қалқып шығып, соғыс үттү сүзгінің торлағына легіп шетке қарай лықсып житыр гой. Халел бір тікенек. Қолеңкелі тасада елеусіз өскен. Қыныннан аласталып өзі шықты.

Не дегенмен тосын хабар есептіртіп тастанған ба, дессі күйіп-жанып, ысынған Дарқан енді бір сөтте өзі әлде бір сезімнің жетегімен Перизат үйінің алдына кеп қалғанын аңғарды. «Мұнның қалаі?» деп сөзкениң үлгергенше:

— Дарқан аға, сіз жолға шықладыңың бол? — деген Бекеннің даусы саңқ етті.

Балаға тесіле қарап қалғанын Бекеннің қызыра жынылықтаған көзінен сезінді де:

— Екеуімізге тағы бір сынақ жұмыс тұр, — деп Дарқан сөзді бұрып әкетті.

Бекенді бұдан былай оңаша қалдыреді, сол жоқ бір сүмдүкқа үшырайтындаидай, мұның болашағының бүл енді ои ессе, жұз ессе жауапты адамдай бір сәлім блурип алған да қалай. Арамшөпке шабуылға шыгарда қасыны алғанды жөн көрді. Ауыл балаларын жашып, лип етіп шығатын басқа күш те шамалы. Осы ойды үсінганауда, әңгімеліңің жобасын түсінген Бекен:

— Балаларды тауып алу оп-опай, — деді бірден.

— Ал сөз сенікі...

— Олар күнде таңертең мұғалима татемен бірге жауынгерлер аллеясын суараңды. Дәл қазір борі сонда.

— Кеттік ендеше.

Бастауыш мектептің көзге таңыс үйін оку жылшының мерзімі болмаса да, үпір-шүпір балалардан прылмаган. Қолдарында бір-бір шелек ауладағы құдымктан су тасып, зырылдан жур.

Соғысқа аттанған азаматтардың құрметінс осы жер-

де ағаш отыргызы салтанаты болғанын Дарқан біледі. Өзі де қатысқан. Қарсы үшрасқан қарт мұғалимаға:

— «Желкілдеп шыққан көк шөптей жана өспірім достарымыз» дәл өздеріндегі көк желекке камкорлық нұрын төгіп жатыр дессеңізші,— деп өлеңдете, ерекше құрметпен сәлемдесті.

— Оскен кездерінде естерінде жүрсе деген қарсқет кой,— деп ана кісі де сөз астарына түсіне жауап қатты.

— Ендеше біз сізге тағы бір колқа сала келдік.

«Көксая Жәкеппің» тапсырмасы тағы да қайталанды. Дарқанның бүйымтайын үқыпты тындаған үстаз:

— Иә, егін арасынан шөп шықса, және оның түбірінде — «арам» деген сөз жатса, дәннің өсіп-өнері жоғы белгілі-ау. Ал соған осы балақандар шыдай ма, құр әуре боп жүрмсій ме?— деп сұрақ тастанды.

— Басқа амал да болмай түр-ау,— деп енді Дарқан қиналыс білдірді.

— Қайтеміз енді,— деп әрі-беріден соң мұғалима да келісім сөзін айтты,— үшінші-төртінші клас балалары сол шабуылға барсын да... Қалған ұсак-түйекпен мына жалектерді мен айналдыра берсейін. Әлі де көп күтім керек ететін түрі бар.

Осы түйінге тоқтасқан соң, Дарқан ересек деп іріктеп алған балаларға жұмыс тәртібін түсіндірді. Шамасынша тамак алу керектігі, көлік ташылығы, соңдықтан бригада басына қонуға да тұра келстіні айттылды. Ауылдағы бұлардан гөрі қалқынқы, жогары класс балаларының қолы бостарын құлақтандыруға Бекен уәде қалды.

Дарқаның ойы балалардың бүгін бастап апарып, егістік басына таныстырып, қонақыға бой үйреттіріп, кіріспе жұмыс жүргізбек. Соган аттанар уақытын, бас қосар жерін белгілеп, бұларды таратып жіберді де Дарқан біршама уақыт мектен жаңында қалды. Үйді-үйге зымырап, бұрылыстарға бойтаса боп, сініп-сіңіп кетіп жатқан жаланаяқтарын мына қылтиған жас талдар арасындағы үйлесім, үқсастық көзілін қозғап кеткендей.

Тұған жерге тамыр жайып,
Жайқала бермек жас орны.
Белгісіндегі от жүректін
Отаны жаудав қорғаған,—

деген сөздерді күбірлеп түр еріндер.

Дарқанның манағы сәттерде торғыштың кеткен қоціліне
оны кезде шуақты жайлау орнай қалған сияқты еді.

* * *

Бір жақсысы бригада басы ауылдан екі шакырымдай
тана жерде еді. Ол жерге жаяу жетіп, қоныс моселесін
бара көруге қарсы болмаған жасөспірім «әскер» бір шо-
ғыр боп ауылдан аттанды. Тұс ауған мәнгіл оларды
ыстығымен мазаламай, жайбаракт бір жылшылықка
бөлеп түр. Бұл шерудің билігін Бекенге берген Даңқан
өзі булардың соңынан баяу ілесіп келеді.

«Бұл бір ғаламат жортуыл-ау,— деген ой балылардың
басы құралған шакта мұны баурап алған,— Осылардың
болашагын қызығыштай қорғаң, қызыл әскер жүр. Қызыл
әскерге наң керек. Бір үзімі қуат берер ини бабалар
қалдырган мына далада есіп-өнбек. Сол егістікке прам-
шеп қаптаса, тамырмен қабаттаса өрбілең сол зұлымниң
аршып тастауға қара-құра кішкентайлар тобы келе жа-
тыр... Біздің әскердің женілмейтіні, түбінде жететініміз
осянда болмасын!...»

Мана қиқандап, қиқарсыған бір балығи Бекен:

— Сен немене өзің бәлденіп,— деп әженттәуір шүбі-
лікті,— Арамшөп те фашист емес пе! Фашист күртисуга
шыққын келмей ме?!

Қызыл әскерге көмектескің келмей-
ді РОЙ, ә!

— Қызыл әскерге көмек басқа болу керек,— деп анау
да берісер емес.

— Ал айта РОЙ ендеше,— деп Бекен де карысті.

Екеуінің маңайына жапырласа қалған балалар дау-
дың мәніне ой жүгіртіп түрғандай. Қелбеттері маңызды,

уақыт тағдырыны шешуді осыларга міндеттегендей, қабактарын түйе-түйе, тастүйін бол алған. Дарқан тіпті ойламаған жерден осы арада үлкен бір жиналыс басталып кеткенін анғарды. Эрине, бұлар арамшөпке шабуылға қарсы емес, оның құртысуға шығады да. Эйтсе де қашан күз болып, оның егінін сокқанша бұлардың шыдамы жетер емес. Сөз түйіп — қызыл эскерге қолма-кол, тап қазір, бүгінгі-ертеңгі жасалатын, табан аузында көзге көрінетін көмек жасау. Президіумсыз, орындық, столсыз тік түрегеліп тұрған жиналыстың арнайы жарияланған күн тәртібі осы. Сөз қызды да кесті. Қаршадай шешендер сөйлес тұр.

— Маған бір ой келіп тұр.— дейді сары шашты бір қыз,— қазір жаздың жадыраңызы эсерімен жүріп, біз қыраулы қысты ұмытпауымыз керек. Қызыләскерге жылы байпак, түбіт биалай, мойныңа мол орауға жететін бекебай дайындал жіберуімізді қарастырайық.

— Кой, шырагым, кой,— десін оған секпіл бет бір бала турадан-тура қарсы шықты. Немене сонда фашисті тайрандатып, біздің жерде қыска дейін қалдырмақсың ба? Жо, болмайды ол. Осы жаздан қалмай құрту керек оның көзін. «Егер жау берілмесе, оны құртар болар» деген сөзді кеше ғана оқығамыз жоқ па. Мен бұл ұсынысқа түбірімен қарсымын.

Жиналыс түйікка тірелді. Эр қарай жетілтіп әкетуге Бекеннің де, оның қарсылашының да өресі жетер түрі көрінбейді. Екі көзі жыпылыктап Дарқанға қарай береді. Делдал халді сезіп, бұл өзінше көмекке келді.

— Сонда кай ұсынысқа токтасамыз,— деген сұрақ-пен сөз үшін жалғастырып жібердік.

«Жиналыс» қайта дүр ете түсті.

— Биалай, бекебайды коя тұрып, сары май, ірімшік, ашы құрт жағын молайту керек. Моншадан кейін ашы құртпен қүрен шай ішсе қандай дерсін...

— Соғыста моншага түсіп, шәй ішіп жайланаңып жүрген шығар-ак. Сен де жоқты айтасын-ау.

— Е, менің ағамшың шәй ішпесе, басшының сақинасы үстап қалатын. Эйтпесе осы күнге дейін қалай соғысып жүр дейсін.

— Эй, балалар,— деді біреу,— сары май дегениң жөні бар. «Бір жаламы дару» деп отырады менің атам. Сонымен қоса көбірек етіп ақ қагаз тауып жіберейік, әскерлер үйге күнде хат жазып тұратын болсын. Эйтпесе қалай,— біз, міне, бір жылда скі-ак хат алдык.

Осылай алма-кезек түйдектескен ұсыныстар бойынша жаудың қыска дейін совет жерінде қалушина еш ки-сын жоқ. Сондықтан жауынгерлерге жиын айларының шипалы да қуатты сары майын молырик жипап жіберу-ге тиісті.

— Шыртылдақ етіп жіберейік,— сонда май көгер-мей,— сазармай дәмді қалпында жетеді, — деген бір ұсыныс туып қалып еді:

— Тортасын өзің жеп пайдага асыргың кең түр ма. Болмайды,— деген тойтару айтылды.

«Ал егер жау әскері қыстап қалса қалтеді» деген дұ-дәмал сұрап бұлардың қарперіне де кірер емес. «Егер, егер» деп шегеріле беру дағдысында болшын кормеген сыцай таптаады.

«Иә,— деп Дарқан тағы бір толғашынен келеді,— Олардың үкімі дұрыс. Совет жерінде жаудың өзі түгіл түяғы да қалуга тиіс емес. Қалмайды олар!»

Дарқаниң бір орыс досы «Екі қазақ қосылса-бес-бармак, үш қазақ қосылса-той» дейтін қалжыны бар. Қазақ топырагында өлеңші көп. Өзін солардың бірі гана деп жүрген Дарқан бұл күндерде өзгеше хал кешіп жүр-генін де сезінеді. Бұған конған «аруак» әништінгі өлең-шіліктен ғорі жоғарырак та қызырырак, иқындық жолға бастап бара жатқандай. Эпші көңілі басқа бір биік бе-лестерге өзеурейді, емексиді.

Корқады да жүрексінеді. Ақындықтың ауыр жүгін көтере алам ба деп сескенеді. Бір ретте көрші ауылға барғанда, танымайтын біреу:

— Мына бейтансыс кім?— деп көршісінен сұрап жатты.

— «Көкбелес» ауылының ақыны,— деген жауапты да естіді Дарқан.

«Ауыл ақыны» деп ішінен мырс еткен Дарқан ол кезде бұл бағаға сондайлық мән берे қоймаған. Әншімін, онда да шалағай әнші шығармын деп жүрген жігіт, ақындық жолға түсер, ширатылар, шымыр тартар күнде туарын ол тұста ескермеген де болар. Алайда іштен тұтанған бір жалын бірте-бірте өзін билеп келе жатқанын, оған мойынсұнбасқа енді күші жетпесін шамалап та жүр. Соған бағынатыны хак. Тек салмағынан тайқақсиды. «Ақын» деген бір сөздің өзінде қаншама жүк жатқанын жүрегімен сезеді.

Жағаға соққап толқындаі көңіл кемесін ерсен-қарсаң шайқаған осы бір ойлар:

— Дарқан аға!— деген дауыстан ғана селт етті.

— Эне бір кісіні қараңыз!— деседі балалар.

Өздері үрпісіп, топтана қалыпты. Енелерінің бауырына тығылған қозыдай бол, Дарқанды қоршай, үйіріле түседі. Сілтеген жакқа қараган Дарқан көз жетім жerde, жол жиегінде шөкип отырган адам сүлдерін байқады.

Жіті қарап, шүқшия қалған Дарқан «Мұндай да үшырасу бола береді екен-ау» деп дудамалдана жылжыған қалпы жалғыз жолаушыга да жетті. Онын сезігі теріс кетпеді, сынар қолды тізеге шынтақтата асыра салбыратып жіберіп отырган Жолболды болатын. Оц қол орнындағы жен белбеуге қыстырылған. Бұрынғы ашынгандық кейіп басылып бет-әлинетін, отырысын шарасызыңдық мендеген. Шешілер-шешілмес бір тығырық осы нүктеге шегелеп тастағандай. Қасына келген жаяу топқа самарқау көз таstadtы да, созылмалы қимылмен сүйретіле орнынан тұрды.

— Сәлеметсіз бе!— деп Дарқанға күбір етті.

Жұзінде бір қипак, бет қайтқап каймыгу бар. Көзі тұрактамай, сырғи береді.

— Бекен сендер аяңдай беріңдер,— деді де Даркан Жолболдымен оңаша қалды.

— Иә, хал қалай, бауыр?— деді соңсын.

— Қоріп тұрыс з ғой.

— Бас аманшылығынды көріп түрмүш, бірақ сенен өзгеше сыр білгім кеп тұрса қайтерсін?...

— Өзгешелейтіндей мен кіммін соңша?

— Оны кейін айтайын. Алдыңың көзіл күйінді ашиш?

— Қоңілдің күйінде не болын. Күйкүлжын-күйкүлжып, елге оралғанды жөн көрдім.

— Осылай боларын ішім сезіп еді.

— Қалайша, Даркан аға?!

Осы сұраққа Даркан іркілместен, ешкімге айтпаган, ішінде бүгіп жүрген оңаша, өзіндік құшынсымен жауап берді:

— Сен елден кеткенде бізден бозіп, не таршылық көріп кеткен жоксың ғой. Сен... әннен қашып кеттің-ау. Бірақ Жолболды сшқашан да әннен қашып күтыла алмасын жүргегім сезіп еді де!

— Япырай, Даркан аға-ай?!

— Ақыл ойдан артық емес дейді ғой білгендер. Сен кеткенде, олқысынып, ойырап, көп дөңбекшілдім. Әйтсе де сен әнші едің ғой. Әнші болғанда, бір вұмладың шілдехапасынан аспайтын қарабайыр емес, тегесүірлің төңірекке тапылып қалған жұлделі жүйрік те едің. Ендеше көз көрмейтін шестке кетсең де, сен оларды білмессен де олар сені біледі.

Кызына сөйлем кеткен Даркан көзінен жас соргалап жылап тұрган Жолболдыны жаңа аңгарды.

— Рас екен, рас екен,— дел дірілдей жауап қатты Жолболды,— қай ауылға барсам, қолклаган эн болады. Мені білмес бір мекен кездесер деп көз бердім, алдынан осы бір тілек шыға берді... Әрі жорта беруге төзімім жетпеді. Әйтеуір жағдайыма қанық, мұндай

қолқа тілекке баса қоймас деп сілге беттеп келе жатқан бағытын осы.

— Сөйтіп, әлде де әзинен қашып келемін десеңші...

— Ел шетіне жетуін жетіп қалсам да, ауыл қарасы көрінгенде, жүргегім лоблып, берекем кетіп отырған түрім еді.

— Жә, ендеше... ауылға да баразмыз. Бірер күн мына балалы базармен бірге болайык. Ертең «Қекбелес» деген тылымыздан көмекке ересектер де шығып қалар.

Деп етіп ауылға жетіп барудан тайқалсып тұрған Жолболды бұл ұсыныска көне кетті.

XV

Бригада басындағы шым төбелі тал үйге жайласқан балалар көпке дейін слегізіп үйшіктамады: Үй төсегінен ажырап, бөтен жерге үйрене алмай, бірін-бірі ес көріп, дауыстасып, дабырласып көп жатты. Жанындағылар үйқыға басса, өзі жалғыз қалатындей үрейлене ме, калғи бастағандарын тұрткілеп оятып, кейде өзара арпаңтарпаң бол қалады. Шыға берісте сабанда жатқан Дарқан мен Жолболды:

— Эй, шіркін, балалық-ай, десіп қояды.

Осы данғұр-дүңғұрдың арасында Дарқан Бекенмен болған манағы әңгімені есіне алып жатыр:

— Анау кісі де бола ма мұнда?— деді Бекен Жолболдыны отты көзімен нұскан.

Аңғал, анқылдақ көңілмен Жолболдыға аяушылық, ағалық жасаймын деп, басқа жараның аузын тырнап алғанын Дарқан сонда гана ұқты. Бұқпантайладамай, ашық сөйлескенді жөн көрді.

— Бекен,— деді ол,— Сен мына жағдайды түсін. «Сүрінбайтін түяқ жоқ» деген гой. Сен Жолболдының жаңылыс бір қылғығын кешіруге тиіссін.

— Болса болсын,— деген бір сөзді айтты да Бекен теріс айналып жүре берді.

Даркан бұл үздемен парапар сөз скенін түсінді.

Енді, міне, сол Бекен бірің-бірі мазалаң, берекесін кітірген балаларды шоқитып-шоқитып отыргызып койды да:

— Ал үйіктамайтын батырлар, кепе өлең айтыңдар! — деп бүйіркүш шығарды.

Есінен-иүсінап отырғандардың бірі:

— Өмбіл, өлең інесі тағы? — деп кіржінеді.

Кәдімгі өлең, — деп Бекен өктемдей бастап еді, түкнірдегі біреу:

— Ожем сөгіс жүріп жатқанда ои салып, зарлап-қоқсама деген, — деп қалды.

— Даркан аға, бұған не дейсіз? — деп қараңғыда Бекен ешкү етті.

Бұл түйіккің әкеп салған сұракты енді шешімсіз қалдыруға болмайтынын Даркан айқын сезді.

— Ожең неге ойдайді? — деп Даркан түкпір жакқа қарсы сұрап берді.

— Қайғылы өлең айтсан, жамаңдық шақырганың, көңілді өлең айтсаң, каралы жанды тырнағаның дейді, — болды жауп.

— Айхай, дүние-ай, — деп қозғалактан қалған Жолболды еңсесін көтеріп, арқасын қабыргага сұйеді.

Сонсын:

— Энді түмшалап, томағалап қоюга болмас та... Эннен қашып кім құтылған, — деп бір күрсіншін алды да, баяғыдан ашық даушын шырқап коя берді.

Қайғылы көңілді тырналайтындаі секек эн де емес, жамаңдық шақырар зарлы әуен де емес, сагышынш пен мұң араласқан қоңырқай біреуін дәл басып тапқандай: Сабасына түскен көнілдің, ән аңсаган жүректің сагышындаі. Ашыған адамың азы запыраны да емес борша үгілген қам көнілдің езілген сыңсуы да емес. Өз бағасын өзі тапыған, ариасын тапқан өнер адамының жансыры сияқты. Жолболды бұл әнмен «Думаңды-шулы

мекеніме қайта оралдым, енді тайман мұнынан» деп серт айтып отыргандай.

Мына әннің әсері ме, әлде қөптен ансан жүрген сәтіне кезікті ме, әйтеуір қику шықса, делебесі қозатын шын жүйріктей енді Дарқан дегбірсіз бір күйге тұсті.

Жолболды әні толқынданып кеп тосачси бергенде. «а-ей» деп айқайлап жіберген Дарқан даусы қалыктап жөнелді. Шумақ-шумак, тармақ-тармақ боп, тіл астында теріліп жатқан бір толғаудың қосылып шырқар әуені бұған дейін үздік-үздік үндермен ыңырысып жүрген халінен ғері енді бір тұтастыққа көшкен сияқты. Рет-ретімен құрылып, бір жүйемен сайрап, ерікке қоймай, жетелеп барды.

Дарқан енді тоқтай алар емс. Әуелетіп, шырқап отыр. Енді бірде түрегелді. Кейде сөз қоспай, әнін толғап бір тұрады. «Бос бурауды қойған жән, домбыра құлағын ширату керек. Бос селбеулік жараспайды бұл әнгे»,— дейді санасы.

Бұл өзгеше ән. Ерекше толғау. «Женіс күнін толғаймын» деп коймақшы жыр атын.

— Мынау бір тосын ән ғой, Дарқан аға!— деп қалды Жолболды.

— Қөптен қинап жүрген толғақ еді, тұсауын сен кескендей болдын-ау!— деп Дарқан ағынан жарылды.

— Соғыс жылдары әнді біз осылай-осылай шырқағанбыз деп айтатын боламыз әлі,— деді Дарқан қызына сөйлелеп.

Мұнан соң үйреншікті әндердің бірнешеуін қосыла шырқаған Дарқан мен Жолболдының әлдиіне бөленген балалар алансыз үйқыға берілген еді.



МАЗМУНЫ

Тылым	3
Домбыра жетелейді	7
Балыксыз көл	10
Тисек	17
Бір айыр шеп	20
Бес	25
Кітап базары	30
Жиналышқа деңін	36
Бірлік-тірлік	39
Қалжынқой карт	43
Луруханада	48
Кайынды орманы	53
Қымбат елес	57
Махаббат	60
Ерлік туралы сөз	65
Сәулек сөябесін	68
Әдемі көрінсек деп едік	71
Бұлак	75
Кісі ақылы	82
Е, бәсе	84
Момын	88

Кінә көзі	93
Эркімнің бір ойы бар	98
Ертегі	100
Жұт жеті ағайынды	106
Алтын сағат	112
Бір теңге	120
Соқтығыс	122
Күзліктегі бір сызық	129
Қыздар есіп келеді	136
Софыс жылғы ән	141

Ермек Конарбаев

ВРЕМЕНА ДУШИ

рассказы

(на казахском языке)

ИБ № 1325

Редактор *К. Токмурзин*. Рецензент *Т. Иманбеков*.

Художник *А. Байсеркесов*. Худ. редактор *Б. Аканасов*.

Техн. редактор *Р. Винокурова*. Корректор *Н. Досболова*.

Сдано в набор 24.10.79. Подписано в печать 16.01.80.
Формат 70×108 $\frac{1}{3}$ з. Бумага тип. № 1. Гарнитура литературы национальных языков. Печать высокая. П. л. 6,0. Усл. п. л. 8,4. Уч.-изд. л. 8,6. УГ16025. Тираж 20 000 экз. Заказ № 1224. Цена 55 к.

Издательство «Жалын» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480003, г. Алма-Ата, ул. Гоголя, 111.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480016, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.